

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІ
Ш. ШАЯХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ «ТІЛ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

**«ШЕТТІЛДІК ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ:
ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҒЫ**

Астана, 2022

ӘОЖ 80/81
ҚБЖ 81.2
Ш50

Редакция алқасы

А. Көкен, Л. Есбосынова, Н. Аитова, Б. Ысқақ

Жауапты редактор

Н. Әбдікәрім

Ш50 «Шеттілдік ғылыми терминдерді аудару: теориясы мен тәжірибесі» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Электрондық жинақ / Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы. – Астана, 2022. – 123 бет.

ISBN 978-601-7504-66-3

Бұл жинаққа 2022 жылғы 11 қарашада өткізілген «Шеттілдік ғылыми терминдерді аудару: теориясы мен тәжірибесі» республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары енгізілді.

Еңбек ғалымдарға, оқытушыларға, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге, сондай-ақ терминология қызықтыратын барлық оқырманға арналған.

**ӘОЖ 80/81
ҚБЖ 81.2**

ISBN 978-601-7504-66-3

© «Ш. Шаяхметов атындағы
«Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-
практикалық орталығы» КеАҚ

АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі кезеңдегі ақпараттар ағыны, халықаралық қатынастардың, IT-технологиялардың дамуының әсерінен жаңа өнімдер мен тауарлардың күнделікті қажеттілігімізді өтеуі қалыпты жағдайға айналды. Заманауи өзгерістер мен үдерістердің әсерінен көптеген шеттілдік жаңа ұғымдар мен түсініктер, ғылыми терминдер тілімізге еніп жатқаны белгілі. Ондай шеттілдік терминдерді игеруде, аударуда, транслитерациялауда немесе транскрипциялауда бірқатар қиындықтар туындайды. Өйткені оларды қазақ тілінде таңбалауға, балама табуға қатысты ұлттық стандарт немесе қандай да бір нормативтік құжат қабылданбаған.

Терминология саласының жетістіктерін мемлекеттік тілдің қолданылым аясының көрсеткіші деуге болады. Кез келген сала мамандарының шеттілден енген терминдерді меңгеруі фундаментальды ұғымдар мен түсініктердің қалыптасуына жағдай жасайды. Соның арқасында «арнайы тілдің» аудиториялық деңгейі жоғарылап, тынысы кеңейеді, бәсекеге қабілеттілігі артады. Демек шеттілдік ғылыми терминдердің игерілуі, біріздендірілуі, ұлттық болмыс пен тілдік нормаға сай келуін талқылау күн тәртібіндегі мәселенің бірі. Осы мақсатта ұйымдастырылған конференция жұмысы қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі әлеуетін арттыруға септігін тигізеді.

Қазіргі қазақ терминологиясы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатыр. Салалық терминдер жүйесін жетілдіру, біріздендіру және кодтау міндеттері іске асырылуда. Қазақ тіліндегі игерілген терминдердің үлес салмағын арттыру жұмысы алға қойылған. Бекітілген терминдердің дерекқорын толықтыру, автоматты жүйеге түсіру мәселесі де жүргізілуде. Бекітілгеніне қарамастан осы уақытқа дейін қолданысқа енбеген, идеологиялық жағынан ескірген, терминжасамға қойылатын талаптарға сай келмейтін терминдерге де мониторинг жасалуда.

Мектеп оқулықтарындағы терминдерді ұлттық сипатта қалыптастырудың тиімді амал-тәсілдері мен термин жасауда пайдаланылатын ішкі көздерді айқындау арқылы қазақ терминологиясының ғылыми негізі мен әдіснамасын жетілдіру және жүйелеу жұмысы жүргізілуде. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша аударма барысында қолданылған терминдерді айқындау, олардың қазақ тіліне аудару практикасын сараланып, қазақ тілінің терминжасам көздері мен мүмкіндіктері жан-жақты жүйеленуде. Мемлекеттік терминология комиссия мүшелері, терминолог-ғалымдар, тәуелсіз сарапшылар, орталық және жергілікті атқарушы органдардағы тіл мәселесімен, оның ішінде терминология саласымен айналысатын

мамандар электронды алаңға жұмылдырылып, терминжасамға қатысты ойларымен бөліседі.

«Шеттілдік ғылыми терминдерді аудару: теориясы мен тәжірибесі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-әдістемелік конференция жоғарыда аталған жұмыстардың жалғасы болып табылады. Конференция жұмысы шет тілдерден енген терминдерді, атауларды игеру тәжірибелерін саралау, шеттілдік терминдерді қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес оңтайлы бейімдеудің ғылыми-әдіснамалық тәсілдерін талқылау және оны жүзеге асыру жолдарына арналды.

Конференция барысында шеттілдік терминдерді игерудегі отандық және туыстас түркі халықтарының тәжірибелері сарапталды. Шеттілдік терминдерді игеру үшін фонеморфологиялық бейімдеу қағидатын әзірлеу мәселесі талқыланды. Шеттілдік терминдерді мемлекеттік тілде игеру үшін орфографиялық нормасын белгілеуді қолға алу керек. Бұл ұлттық терминологияның жүйелілігін сақтауға ықпал етеді. Біртілді немесе көптілді терминологиялық сөздіктер мен анықтамалар құрастыру жолдары сараланды. Бекітілген терминдерді БАҚ, қалың көпшіліктің арасында кеңінен насихаттау, қолданысқа енгізуді қадағалап, реттеп отыру жолдарын жетілдіру мәселесі сөз болды. Қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі функциясын жоғарылатуда терминдер қолданысын арттыру жолдары бойынша ұсыныстар мен пікірлер айтылды. Іс-шара аясында талқыланған мәселелердің негізінде конференция Қарары қабылданды.

Конференция жинағы шеттілдік ұлт тіліне бейімдеу, оны игерудің тың жолдарын іздестіру, салалық терминжасамдағы сауаттылықты арттыру мәселелері бойынша теориялық-әдістемелік көмек ретінде ұсынылады.

Редакция алқасы

Қаба Әділбек Күнесханұлы
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитетінің төрағасы

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР, КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУШЫЛАР!

Біз жаһандық өзгерістердің, ғылым мен техниканың қарқынды даму дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Ғаламтор желісінің, ондағы ақпараттық ағындардың күшеюі, мемлекетаралық және халықаралық қатынастардың кеңеюі, мәдениет пен экономикалық қарым-қатынастардың әлемдік сипат алуы және симпозиум, түрлі конференциялар, жарыстар мен олимпиада сияқты халықаралық деңгейдегі іс-шараларға мектеп оқушысынан бастап, қоғамының барлық саласында еңбек ететін азаттарымыздың қатысуы, көптілділіктің қалыпты жағдайға айналуы – мұның барлығы ғылым мен техника тілінің өзгеруіне, нақтырақ айтқанда, жаңа терминдердің пайда болуына алып келуде.

Сондықтан да республикалық деңгейде өткізіліп отырған бұл конференцияда шеттілдік термин сөздер, атаулар мен неологизмдерді игеру тәжірибелерін талқылау, салалық терминжасамдағы сауаттылықты арттыру, кірме терминдерді қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкес оңтайлы бейімдеудің ғылыми-әдіснамалық тәсілдерін және оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру мақсаты қойылып отыр.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары А.Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялылары жат сөздерді термин ретінде қабылдау үшін төл тіліміздің табиғатына үйлестіріп қалыптастыру керек деген ұстанымда болғандығын білесіздер. Ал бүгінгі конференцияда шеттілдік терминдердің қазақ тіліндегі лексика-грамматикалық игерілуі, салалық және салааралық терминдер және оларды аудару тәсілдері, заманауи технологиялар саласындағы шеттілдік терминдердің семантикалық ерекшеліктері мен қолданысы жайындағы өзекті мәселелер талқыланатын болады.

Конференция барысында айтылған ой-пікірлер, соның негізінде қабылданған қарар жобасы шеттілдік ғылыми терминдерді аудару жолдары мен тәсілдерінің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан бірізденуіне септігін тигізеді. Ғылыми ортада талқыланып отырған бұл мәселелер шеттілдік терминдерді ұлттық сипатта дамытуға, игерілген терминдердің ғылыми айналымға түсіуіне де жол ашады деген сенімдемін.

Құрметті конференцияға қатысушылар, сіздерді мемлекеттік тілдің мерейін өсіріп, ғылым тілінің ұлттық сипатта дамуына және шеттілдік терминдерді игерудің оңтайлы жолдарын талқылауға белсене атсалысуға шақырамын.

Конференция жұмысына сәттілік тілеймін.

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ШЕТ ТІЛДІК АТАУЛАРДЫ БЕЙІМДЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Жұбай Орынай Сағынғалиқызы

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық зерттеу университеті,
Алматы, alm-ornai@mail.ru*

Бүгінгі таңда шет тілдік атау, халықаралық терминдердің қолданысы өте өзекті болып отыр. Себебі тасқындап еніп жатқан шет тілдік атаулардың бәріне бірдей балама табу оңай емес әрі мүмкін де емес. Бұл орайда қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған, терминдерді жүйелеген ғалым – Ақымет Байтұрсынұлы ұстанымдарының маңызы зор. А.Байтұрсынұлы 1913-1918 жылдары Ә.Бөкейхан, М.Дулатовтармен бірге тұңғыш жалпыұлттық газет – «Қазақ» газетін шығарғаны белгілі [1;6]. Газет не себепті «Қазақ» деп аталғанын қайраткер былайша түсіндірді: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың аруақты аты» деп газетіміздің есімін «Қазақ» деп қойдық. Ұлт үшін деген күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесер қызмет ету – қазақ баласына міндет» [1; 168]. Ұлт мүддесін бәрінен жоғары қойған А.Байтұрсынұлы көрнек өнерін беске жіктеп, бәрінен де сөз өнерін жоғары қояды. Себебі ғалым: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады... Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек... Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін, ең алдымен, әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі мен әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз», – деп тұжырымдайды.

Бұл жолдағы күресін ғалым бірнеше бағытта жүргізген: ең алдымен, адресант, адресат факторын негізге ала отырып, сөздің қалың бұқараға түсінікті болуына, қазақ дүниетанымына, діліне лайық болуына ерекше мән берген.

1909 жылы Петербург қаласында басылып шыққан «Қырық мысал» атты жинағында, да, 1911 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Маса» атты өлеңдер жинағында да осы бетінен айнамаған. Ұлтына қызмет ету идеясы Ақымет Байтұрсынұлының «Қара бұлт» деген өлеңінен де анық көрінеді. Бір жігіт ғалымға кітап жазғысы келетінін айтып, ақыл-кеңес сұрайды. Ақымет Байтұрсынұлы риза боп, жөн-жобасын айтып жүреді. Кітапты жазып болып, ғалымның қолына ұстатқан кезде Ақымет Байтұрсынұлының көңілі су сепкендей басылады. Себебі кітап орыс тілінде жазылған екен. Бұл жағдай ақынның «Қара бұлт» деген тәмсілін жазуына түрткі болады. Онда қара бұлттың сусап тұрған шөл далаға нөсер боп жаумай, теңіздің үстіне жауғаны туралы сөз болады. Бұл өлеңде ақын кітап жазған жігітті нөсерлі қара бұлтқа, қазақты шөл далаға, орысты теңізге ұқсатады:

*Жиылып кеңес тындап отырғандар,
Гибрат мұнан да бар алсаңыздар.
Бұлттай жерге жаумай, суға жауған
Қазақта іс ететін көп адамдар.
Жұмсамай тиісті орынға мал, өнерін
Біреулер жүреді, оған не амал бар?!
Мысалы, қазақ – дала, орыс – теңіз,
Даланы, шама келсе, көгертіңіз.
«Мұң» десең, «мұқтаж» десең – қазақта көп,
Емес пе мұны ойламақ міндетіңіз?
Мақал бар: «Жақсылықты басыңа қыл,
Басыңнан асса, – деген, – досқа істеңіз».
Мен мұны арнап жаздым замандасқа,
Шаш қойған өзімменен ғамалдасқа.
Бұл сөзді сендерге айтпай, кімге айтамын,
Болады асыл таста, ақыл жаста.
Қарышта өз жұртыңа, барың болса,
Өзге елдің өзінде көп бізден басқа.*

«Еңбекші қазақ» газеті, «Әйел теңдігі» журналдарының бетінде «Кітап сыны» деген айдармен аударылған еңбектерге қатысты пікірін білдіріп отырған Әлихан Бөкейхан «Орыстың кітабын қазақшалағанда білімін, дәлел-әдісін бөктеріп, қанжығаға байлап, «Қараңғы қазаққа апарып берем», – деп, кітапшаның басына тымақты кигізіп, кісені беліне буындырып, қазақтың қылыш құлан жалына мінгізіп әкеткен оң болады. Қазақшалаған кітаптарды сынға алғанда мен осы жолмен сынамаймын» [2] деген ұстанымда болғаны мәлім. Абдолла Байтасұлының профессор Ю.Вагнерден аударған «Жануарлар туралы әңгімелер», профессор Гейкіден аударған «Пізійкелік жағырапыйа»

атты кітабына, Мұхтар Әуезовтің Ю.Вагнерден «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер», Қ.Ысмағұлұлының профессор Вагнерден «Әуе туралы әңгіме», Ешмағамбетұлының М.Томскийден «Ресейде кесіпшілер қозғалысы», т.с.с. аудармаларының тіліне, терминдердің қолданысына қатысты пікірін білдірген сыншы аудармашыларға: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде Крыловтың басына тымақ кигізген Ақыметті ұмытпау керек» [3], – деп, Ақымет Байтұрсынұлын үлгі етеді.

Ұлтқа қызмет ету идеясы ғалымның өмірлік кредосы болды. Сол себепті ақын, аудармашы, ғалым, қайраткер ретінде де Ақымет Байтұрсынұлы осы ұстанымды көздеді. Қазақ АКСР халық ағарту комиссары (министр), Өлке-лік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың төрағасы, Қазақстанда құрылған жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссияны басқарған кезде де, Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болған кезде де, Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институтында, Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтында, Қазақ педагогикалық институтында сабақ берген кездерінде де асыл мұратынын таймаған. А.Байтұрсынұлының замандасы, пікірлесі болған қайраткер, «Жаңа мектеп» журналының алғашқы редакторы, А.Байтұрсынұлының мақалаларын жариялағаны үшін кудалауға ұшыраған қазақтың біртуар азаматы – Молдағали Жолдыбаев «Еңбекші қазақ» газетінің тілшісіне берген сұхбатында 1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылғанын, ол комиссияны А.Байтұрсынұлы басқаратынын айта келіп, комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда нақты ұстанымдарды басшылыққа алғанын, яғни а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алғанын; ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алғанын; б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, Еуропа сөзін алғанын айтады [4].

1926 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» атты Ә.Үмбетбайұлы құрастырған сөздікке Ақымет Байтұрсынұлы Қазақ білім кемесіесінің ағасы ретінде қол қояды. Ол туралы кітаптың соңында да нақты мәлімет келтірілген: *Бұл атаулар қазақ білім кемесіесінің 1925-інші жылғы октябіден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған мәжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды. Қазақ білім кемесіесінің ағасы: Байтұрсын ұлы Ақымет Кемесіе қатшысы: Нұрым ұлы Фаббас 12-інші үйен 1926-ыншы жыл Қызыл Орда* [5].

«Әскерлік атауларында» «ура» деген орыс ұранының орнына «алаш» деген қазақ ұраны берілуіне байланысты Сәбит Мұқанов «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 15-санында «Алаш – ура» деген сын мақаласын жариялайды [6]. «Ертең соғыс бола қалып, Алаш орда бас көтерсе, біз «ураның» орнына

«Алаш» деп шабамыз ба? Алда, масқара-ай! Ұят-ай!» – дей келіп, «Алаш» қазақ ұраны болғанмен, ол соңғы кезде қазақтың байлары қолданған ұраны болғанын желеу етеді. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» атты мақаласында: «Ертең соғыс бола қалып, орыстың ақтары басын көтерсе, оларға қарсы орыс көменестері, қызыл әскері шапқанда, «ура» орыс байлары, жанаралдары, патсалары, солдаттары тұтынған, қолданған ұран еді деп «ураны» ұйалып айтпай ма екен? Немесе қазақтың байлары «Алаш» ұранын қолданған кезде орыс байлары «ура» ұранын қолданбады ма екен? Ертең басын көтергенде қызылға қарсы «ура!» деп шаппай ма екен? Болмаса ақтар уралап шапқанда қызыл әскер қызылға қосылып кете ме екен? Орыс байлары, патсалары қолданған «ураны» айтыуға орыс көменестері ұйалмағанда, қазақ байлары қолданған «алашты» айтыуға ұйалатын мәнісі немене екен? «Алаш» та, «ура» да – ұлт сөздері. Ұлт сөздері болған соң әр қайсысы өз ұлтындағы бай-жарлыға бірдей ортақ сөз болады. Үйткені ұлт болатын 10% байы ғана емес, 90% жарлы мен орташасы. Бұл – бір. Екінші, сөз – тысқылық нәрсе. Тысқылық нәрсе екендігін «ураны» қызылдар да, ақтар да бірдей қолданатындығы көрсетеді», – дей келіп, сәбет (совет) деген мекемелер патша заманында да болғанын (*Мемлекеттік Сәбет, Министрлер Сәбеті*, қазақта хан ордасында *депінат сәбеті* бар еді), олардың «сәбет», «кемесер» деген аттары ғана бірдей болғанмен, заттары бірдей емес екенін ескертеді [7].

А.Байтұрсынұлы терминдердің уәжділік сипатына ерекше мән бергені байқалады. Мәселен, көмекші етістіктердің үш түрін көрсетіп, оларды өз ішінен: а) құр көмекші; ә) күй көмекші; б) ій көмекші деп жіктейді [8, 92-б.]. Ғалым *е-(емек)* етістігін үнемі көмекшілік қызметте жұмсалыуының нәтижесінде етістік мәнінен айрылып, жұрнаққа (жалғаулыққа) айналып бара жатуына, әбден ій болып кетуіне байланысты «ій көмекші» деп бөлек жіктейді. Сондай-ақ амалдың қалып-күйін білдіруіне байланысты *отыр, тұр, жатыр, жүр* етістіктерін бөлек топтастырып (күй көмекші), *бар, ал, бер, кел, кет, көр, өт, таста, қал, қой* сияқты көмекші етістіктерді бір бөлек береді. Мұнда көмекші етістік тобының әрқайсысын дөп басып анықтауымен қатар оларға атау бергенде де уәжділік ұстанымдарды негізге алған. Бұл ұстаным салт, сабақты атауларын қолдануында да байқалады. *Сабақты* сөзінің мағынасы сөздікте: «Инеге өткізілген жіп, жіп тағылған жіп» [8; 511] түрінде берілген. Яғни, сабақты жіп болуы үшін ол иненің көзінен өткізілуі тиіс. Бос жатқан, инеге өткізілмеген жіп сабақты ине деп аталмайды. Ал сабақты етіс болуы үшін ол табыс септік тұлғалы сөзді (нысанды, объектіні) керек етіп тұруы керек. *Салт* сөзінің мағынасы «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде»: «Жеке, жалғыз, бір өзі» [8; 640] түрінде сипатталған. Сол сияқты салт етіс те табыс септік тұлғасындағы тура толықтауышты керек етпейді. Бұл тұрғыдан алғанда,

ғалымның атауларды пайдалануда қазақ тілінде бұрыннан бар сөздердің мағынасын кеңейте отырып, оған жаңа мән үстегені әрі бұл орайда ұлттық дүниетанымды негізге алғаны байқалады. Осыған байланысты профессор Қ.Рысалды: «Етістіктердің сабақты, салт түрлері атауларының мотивациялық негізделуі өте тереңде жатыр, атаулар осы етістіктердің мән-мағынасын дәл анықтайды. «Сабақтас» атауы «сабақтау» (инені сабақтау) етістігінен туынды түбір тұлғасында жасалған болуы керек, «салт» атауы «салт атты» тіркесіндегі «салт» сын есімінен терминге айналып, етістіктердің жалпы категориялық мағынасын айқын беріп тұр» [10] дейді.

Ғалым *субстантивтену, адвербиалдану, адъективтену* терминдерінің орнына балама ретінде *затсымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену* сияқты атауларды ұсынады. Қазіргі кезде бірқатар әдебиеттерде *субстантивтену* сөзінің орнына *заттану* деген атау беріліп жүр. Алайда субстантивтенген сөз біржола зат есімге айналып кетпейді, осы сөйлемде ғана зат есімнің қызметін атқарады да сөйлемнен (контекстен) тыс бұрынғы қызметіне көшеді. Яғни, осы сөйлемде (контексте) ғана зат есім сияқты көрінеді. Қазақ тілінде мұндай мағына беру үшін **-сымақ** қосымшасы қолданылады (*ақынсымақ, бастықсымақ* т.с.с.). А.Байтұрсынұлы осылайша **-сымақ** қосымшасын пайдалана отырып, сол үлгі негізінде *үстеусімек* атауын да жасаған. Әрине, қазақ тілінде **-сімек** қосымшасы жоқ (бұл – кірме қосымша болса керек). Алайда ғалым сингармонизм заңдылықтарын негізге ала отырып, *үстеу* сөзіне қосымшаның жіңішке нұсқасын жалғаған. Ғалымның бұл атаулары қазіргі кезде ғылыми айналымға енгізілуі тиіс. Терминдердің қазақ түсінігіне жеңіл болуы, уәжділік ұстанымдарына А.Байтұрсынұлының ізбасарлары да ерекше мән берген. Оны Қ.Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: «... Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десен, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десен, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ» [11]. Бұл ұстанымды сол кездегі оқулықтардың авторлары да басшылыққа алған. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә.Бөкейханұлы география, Е.Омаров, Қ.Сәтбаев алгебра, М.Жұмабаев педагогика, Ж.Аймауытов дидактика, Ф.Ғалымжанов физика, Б.Сәрсенов геометрия, И.Тұрғанбаев арифметика, Қ.Кемеңгерұлы жаратылыстану, химия пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударған [12]. Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» атты оқулығынан бүгінде түпнұсқа күйінде беріліп жүрген көптеген терминдердің баламасын табуға болады: формула – *өрнек*, теорема – *түйін*, числитель – *жарнақ*, диаметр – *өре*, рациональная

величина – *өлшемді шама*, иррациональная величина – *өлшемсіз шама*, квадратное уравнение – *шаршылық теңдеу*, биквадратное уравнение – *қос шаршылы теңдеу*, сопряженные числа – *түйіндес сандар*, прогрессия – *дәуірлеу*, коэффициент – *сан өсіргіш*, функция – *берне*, тождество – *бірдейлік*, приближенный корень – *жуықтас түбір*, корень с недостатком – *олқы түбір*, мнимые числа – *күмәнді сандар*, кратное – *бөлінбе*, предыдущие члены – *ілгері мүшелер* т.с.с.

Қазақ тіліндегі жат атаулардың жүйелендіріліп, сөздік ретінде құрастырылуы ХХ ғасырдың басында қолға алынған болатын. «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында тіл комиссиясының хатшысы Әлкей Марғұланның құрастыруымен «Мынау пән атаулары дұрыс па?», «Осы пән атаулары дұрыс па?» деген атаумен терминдер тізімі жарияланып отырған. Сондай-ақ «Жаңа мектеп» журналы мен «Қызыл Қазақстан» газеттерінің бетінде «Қазақстан оқу кемесеретінің білім сексиесі алған пән сөздері», «Ғылым ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңсесінде қабылданып алынған пән сөздер» деген айдармен әр жылдары жарық көрген терминдер бір салаға ғана емес, бірнеше ғылым саласына тән. 1923-1924 жылдары түрлі сала терминдері «Білім ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңсесінде қабылдап алынған пән сөздері» деген айдармен «Қызыл Қазақстан» журналында жарияланып тұрған. Осы кезде бірнеше сөздік жарық көрді, атап айтқанда: 1925 жылы Мәскеуде 10000 дана болып басылып шыққан «Қазақша-орысша тілмаш» атты сөздік (сөздік жұмысын басқарған – Кеменгерұлы Қошке, тізгендер – Кеменгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Бұралқыұлы Мұстафа, Байғаскин Есім, Дәулетбекұлы Ғаббас, Баймақанұлы Шәкір, Темірбекұлы Сұлтан, Сәрсенбайұлы Төлеутай), 1926 жылы Ә.Үмбетбайұлы құрастырған «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» («Русско-казакская военная терминология»), 1927 жылы Н.Қаратышқанұлы құрастырған Қазақстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері, 1931 жылы Халық ағарту Комиссариаты Білім кеңесінің термин комиссиясы құрастырған «Атаулар сөздігі» т.с.с.

Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен жарық көрген «Пән сөздігінде»: *баррикада – шеп; баркас – еспе кеме; бастион – қорған мұнарасы; батальон – қосын; батарея – зеңбірек қосыны; битва (бой) – соғыс; блокада – қамау; блокгауз – ағаш қорған; боевая линия – әскер желісі; боевое столкновение – жау қағысуы; боевой порядок – соғысқа дайындық; боевой участок – соғыс ауданы; боковой – бүйір, жанама; боковой отряд – жанама жасақ; бомба – бомбы; бомбардировка – зеңбірек астына алу; бомбомет – зеңбірек атушы; борьба – тартыс, талас; борьба за существование – тіршілік таласы; брантфахта – күзетші кеме; военнослужащий – әскерлік қызметші; военно-полевой суд – майдан соты* т.с.с.; «Қазақша-орысша тілмашта»: жаугершілік,

жаугерлік – 1) военное время, 2) милитаризм; жауласпақ – 1) враждовать, 2) воевать; жауламақ – итти войной на кого; *нарық* – рыночная цена; *несие* – долг, кредит; *кіріс* – 1) доход, 2) вход; *кері салық* – регрессивный налог; *кесіп капиталы* – промышленный капитал; *әдіс ғылымы* – технология; *ақының сапасы* – реальная плата; *әлем ғылымы* – космография; *әлеумет ғылымы* – социология; *айқасым* – реакция (психологическая); *білдіргіш* – справочник; *бекет* – почтовая станция; *тәжірибеқана* – лаборатория; *тән тіршілігі* – физиология; *тасу құралы (көлік)* – транспорт; *тетік ілімі* – механика; *тетік күш* – механическая сила т.б.; «Атаулар сөздігінде»: *авангард (войска)* – алғы әскер; *аванпост* – аванпост (алдағы күзетші әскер); *авиация* – ұшушылық (ұшқыштармен әуеде қалықтау); *авиомаяк* – әуе мәйегі; *авионосец* – ұшқышты кеме; *авиотранспорт* – әуе транспорты; *аврора* – 1) таң сәулесі, 2) көбелек; *адмирал* – адмирал; *арбалет* – жақ мылтық; *арбитражная комиссия* – аралық кәмесие; *арест* – қамау (тұтқынға алу); *арестанты* – тұтқындар; *арматура* – арматыр (аспан); *армия* – әскер; *вневойсковики* – саптан тысқарғы әскер; *военная конвенция* – соғыс шарты; *военная наука* – соғыс ғылымы; *военнослужащий* – әскерлік қызметші; *войско* – әскер (сап, шеру); *войсковая часть* – әскер бөлімі; *гавань* – гауын (кеме ықтырмасы) т.с.с.

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, сөздіктерде калька жолы да жиі қолданылған. Калька төл сөздеріміздің мүмкіндігін арттырғанымен, кейде ұлттық дүниетанымнан алыстап, жасанды, стандарт тіркестердің көбеюіне әкелді. Осыған байланысты «Еңбекші қазақтың» 1930 жылғы 15 қаңтардағы №12 (1617) санында Әліп деген псевдоним иесі: «Осы күні қазақ газеттерінде «сұу асты кеме» деген бір атау қолданылып жүр. Текнійкеге жақындаған сайын тіл өседі. Бірақ дайын тіл тұрғанда, тыңнан тіл тауып алыу артық. Қазақ «сұу асты» демейді, «сүңгүүір» дейді. «Сүңгүүір» ұғым жағынан да қолайлы. Бұл кеме сұудың түбіндегі жермен жоғарылап жүрмейді. Сұуда сүңгіп жүреді. Олай болса, дайын тілді қолдану керек. «Сұу асты кеме» емес, «сүңгүүір қайық» не «сүңгүүір кеме» деп алыу жақсы» [13] деп жазады.

Қазіргі кезде бұл мәселе өзектілігін жоя қоймады. Бүгінде калька жолымен беріліп жүрген көптеген атауларды ХХ ғасырдың басындағы сәтті баламалармен алмастыруға болар еді. Мәселен, *акционерное общество* тіркесіне балама ретінде *акционерлік қоғам* түрінде қолданылып жүрген атауды *жарналы серіктік* деп қолдануға әбден болатын сияқты. Сонымен қатар «оптом (продавать, покупать)» мәнінде қолданылып жүрген *көтерме сауда* тіркесінің орнына *топтау*, *топтап сату* немесе *топтау алу* түрінде қолдансақ, мағына әлдеқайда дәл берілер еді. Көтерме сөзін Н.Ильминский мен «Қазақша-орысша тілмашта» *комиссионерство* деп берсе, И.Букин сөздігінде *көтерме сауда* – *аукцион* деп түсіндіріледі. Бұл *көтерме сауда* сөзінің қазақ арасында

да бұрыннан қолданылғанымен, ол оптом сөзінің баламасы болмағанын көрсетеді.

Когнитивтік бағыттағы зерттеулерде «языковая картина мира» «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген калька баламалар қолданылып жүр. Бұл орайда А.Байтұрсынұлы «ғаламды сөзбен көрсету» деген түсінікті де ыңғайлы, қазақы атауды қолданған: «Ақын-жазушылар ғалымдар сияқты болған уақиғаны яки нәрсені болған күйінде, тұрған қалпында бұлжытпастан айтып, дұрыс мағлұмат беріп, ақиқаттауға тырыспайды, тұрған нәрсе тұрған күйінде, болған уақиға болған күйінде ақынға өте үйреншікті, жай қалыпты, жабайы көрінеді. Оның бәрін ақындар өз көңілінше түйіп, өз ойынша жорып, өз ұйғаруынша сүгіреттеп көрсетеді. Сол өзі ұйғарған түріндегі **ғаламды сөзбен көрсетуге** (ерекшелеген – біз, О.Ж.) бар өнерін, шеберлігін жұмсайды, сүйтіп шығарған сөзі көркем сөзді шығарма болады. Оны шығаруға жұмсайтын өнердің аты ақындық болады» [8]. Осыған байланысты «дүниенің тілдік бейнесі», «ғаламның тілдік бейнесі», «әлемнің тілдік бейнесі» деген калька баламалардың орнына А.Байтұрсынұлының атауын қолданған жөн.

Ғалымның терминдері – тұнған поэзия: *тірнек өнері, көрнек өнері; бас-тауыш, баяндауыш, толықтауыш, пысықтауыш, анықтауыш; жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау; айырыңқы оңтай, жиылыңқы оңтай; зат-сымақтану, сынсымақтану, үстеусімектену; пәнді әліптеме, сәнді әліптеме; сөйлемдердің тысқы жақындығы; сөйлемдердің ішкі жақындығы; айырыңқы қиысу, жиылыңқы қиысу, қойылыңқы қиысу, сұйылыңқы қиысу, т.с.с. Бір ұғым, категория шеңберіндегі атаулардың тұрпаты өзара ұқсас. Қазіргі кездегі **өздік есімдігі, болымсыздық есімдігі, белгісіздік есімдіктері** деген (-дық/-дік қосымшасына біткен) атаулар жоқ, есімдіктерінің бәрі де **-ау/-еу жұрнағына біткен** (*жіктеу, сілтеу, сұрау, шектеу, танықтау*).*

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Осы съезде жасаған баяндамасында Е.Омаров былай дейді: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» [14].

XX ғасырдың 20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді (жат сөздерді) қабылдап, тұрақтандыруда төмендегі ұстанымдар негізге алынған:

- орыс тілінен енген сөздерді жазуда сол уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алынған.
- сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түріне ауысқан.
- бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір* т.б.

• орыс тіліндегі **ф** орнына **п**; **г** орнына **ж**; **н**, **х** орнына жуан сөздерде **қ**; жіңішке сөздерде **к**, **ц** орнына **с**, **в** орнына **у**; **щ** орнына **ш** қолданылған. Мыс: *физика – пійзійке, география – жағырапа, химия – кійміе, техник – текнійк, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

• сөздің соңындағы **а** дыбысы түсіп қалған: *аптека – аптек, фабрика – пәбірік, награда – награт, гитара – гитар, минута – мійнөт, секунда – секунд, морфема – морфем, фонема – фонем*, т.б. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы**, **і** болып өзгерген: *Европа – Жаурыны, Африка – Әпрікі, Азия – Әзійе* т.б.

• орысшада тр-ға біткен сөздерде т мен р арасына **ы**, **і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

• орыс тіліндегі **-тор-** ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір**, **-тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, кәректір* т.б.

• **ка-**ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка – ыспырабке, музыка – муузійке, техника – текнійке* т.с.с.

• орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке-**ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

• орысшада аяғы **-ция-**мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

XX ғасырдың басында сөздік түзушілер аударуға көнбеген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп алып отырған. Мысалы: *зауыт – завод, капыйтал – капитал, кійміе – химия, кассы – касса, дійдәктііке – дидактика, натарыс – нотариус, газ – газ, азотная кислота – азот қышқылы, бром – бұром, аммоний – әмөн, бром – бұром, бактерия – бактерііе, барий – барый*, т.б.

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I съезінде термин мәселесін арнайы сөз еткен Елдес Омаров қазақ тілінде сөздің соңында **б**, **г**, **ғ**, **д** дыбыстары келмейтінін ескерте келіп, осы заңдылықты шет тілінен ен-

ген сөздер үшін де ұстану керектігін айтады [14]. Ғалым: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» [14], – дейді.

Осы ұстаным сөздіктерде де басшылыққа алынған:

Актив – әктіп

Анод – анот

Биллиард – біліярт

Велосипед – белесепет

Завод – зауыт

Заводоуправление – зауыт басқармасы

Залог – залок, аманат (кепіл)

Залоговой акт – залок әктісі

Залогодатель – залок салушы

Залогодержатель – залок алушы

Изумруд – зүмірет

Йод – йот

Микроб – мекрон

Устав – ұстап

Ухаб – оқап

Штатив – ыштатып (үш аяқ)

Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура Аурыпадан алуды» ұсынады да *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады. М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын

жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатаस्कандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [7].

1924 жылғы сиез қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз деп екі бөліп алып, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен бес бөліп жіктеген: **р, л, у, й** – *жарты дауысты*; **ң, м, н** – *ұяң*; **б, п, т, с, ш, қ, к** – *қатаң*; **ж** мен **з** – *ымыралы*, **д, ғ, г** – *ымырасыз* атанған. Съезд қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктегенде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай топтастырып, жалғау-жұрнақтардың ешқайсысымен үйлеспейтін үш дыбысты (**г, ғ, д**) *ымырасыз* деп атап (**б** дыбысы көпке дейін зерттеушілер арасында талас тудырған) өз алдына бөлек шығарған. Осылайша жіктеу А.Байтұрсынұлының «Тіл – құралдарында» да сақталған [7].

Бүгінде профессор Ә.Жүнісбектің еңбектерінде қазақ тіліндегі төл ұяң дауыссыздар (**б, г, ғ, д, з, ж**) тоғысыңқы және жуысыңқы дыбыстар болып жіктеледі, яғни **б** дыбысы ерін тоғысымы, **д** тіл ұшы тоғысымы, **г** тіл ортасы тоғысымы, **ғ** тілшік тоғысымы арқылы, **з** тіл ұшы жинақы жуысымы, **ж** дыбысы жайылыңқы жуысымы арқылы жасалатыны жан-жақты дәлелденген [15, 35-б.]. Екінші сөзбен айтқанда, ғалым еңбектерінде **б, г, ғ, д** дыбыстарының не себепті ымырасыз болатыны жасалу жолдарына қарай сипатталған. Екі кезеңнің ғалымдары **б, г, ғ, д** дыбыстарын топтастыруда екі түрлі қырынан (XX ғасырдың басындағы ғалымдар қосымша жалғануына қарай, Ә.Жүнісбек жасалу жолына қарай) жіктегенмен, аталған дыбыстардың ерекшелігін нақ басып көрсетіп, жеке топтастырған.

Яғни қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді. Сондықтан **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **eid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **oid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **орд** дыбыс

тіркесіміне біткен сөздердегі **б, г, д** дыбыстарының орнына **п, к, т** дыбыстарын жазу керектігі талас тудырмайды.

Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес бұл сөздердің соңындағы (әсіресе сөз бітеу буынға аяқталғанда) ұяң дауыссыздың орнына қатаң дауыссыз жазылуы тиіс. Араб тілінен енген *кітап* сөзі түпнұсқада **б** дыбысына біткенмен, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес сөз соңы қатаң дыбысқа алмастырылды. XX ғасырдың басында *завод* сөзі *зауыт* түрінде таңбаланған. Бұл дәстүр қазіргі кезде де сақталып келеді.

Қазақ тілінде дыбыс тіркесімінің өзіндік заңдылықтары бар. Соған сәйкес сөздің соңында екі қатаң дауыссыз қатар келе алмайды, қатаң дауыссыздан кейін үнді не ұяң дауыссыз келе алмайды. Ал үнді дауыссыздан соң қатаң келе алады (*қант, жент, кент, серт* т.с.с.). Мұндай тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді. Сондықтан **енд, онд, унд** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де *ент, ант, ұнт* түрінде жазуға болады. XX ғасыр басында тіл тазалығын ту етіп көтеріп, тіл заңын бұзбауға шақырған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омаров, А.Байтасұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. білімпаздар жат тілден жұрнақ қабылдауға қарсы болды. Мәселен, «Қазақша жазу жайы» деген «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында жарық көрген көлемді мақаласында Е.Омаров тіл заңын бұзбау қажеттігін айта келіп: «Орыстың «сатсыйализм», «сатсыйалист» деген сөздері – жалпы жұртқа ортақ сөз. Оны қазақ тіліне кіргізуге де болады. Бірақ оны алғанда, түбірін ғана алыб, «изм», «ист», «ни»; сықылды жұрнақтарын шығарып тастау керек. Олардың орнына қазақ тілінің жұрнақтарын қосыу керек: жұрнаққа қазақ тілінен бай тіл кем-ақ болар. Өзінде үйір-үйір жұрнақ бола тұрып, жат жұрнаққа жармасыудың тіл бұзыудан басқа түк пайдасы болмайды», – дейді [14].

1924 жылғы білімпаздар съезінде Е.Омаров қазақша пән сөздер тақырыпты баяндамасында жұрнақтарды мағынасына қарай *тұрлаулы (-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш)* және *тұрлаусыз (-қ. -н, -ақ)* деп жіктейді де, жаңа сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады. Қ.Кемеңгерұлы да бұған айрықша назар аударған. Ғалым А.Байтұрсынұлы топтастыруын басшылыққа ала отырып, жұрнақтарды мән-мағынасына қарай (қимылдың амалын, құралын, нәтижесін білдіру, адамның бір іске бейімділігін көрсету т.б.) жіктейді. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, бүгінгі сөздік түзушілер мен орыс топтарына қазақ тілі оқулықтарын құрастырушылар осы ерекшелікке баса назар аударғаны жөн. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген «Емле туралы» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын ескерткен

болатын. Сондықтан шеттілдік термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет. Шеттен енген сөзге қазақ тілінен не түркі тілдерінен балама табылмаған жағдайда Ақымет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, тіліміздің дыбыстық заңдылықтарына икемдеуіміз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. - Алматы: Қазақстан, 1993. – 168-б.
2. Бөкейхан Әлихан Шығармалары. - Екінші басылым. – X том. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 119-121 б.
3. Оқу майданында шабандық бар // Бөкейхан Әлихан Шығармалары. – Екінші басылым. – XII том. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 566 б.
4. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
5. Орысша-қазақша әскерлік атаулары. /Құраст. Ә.Үмбетбайұлы. Русско-казакская военная терминология. Перевод А.Умбетбаева. – Қызылорда, 1926.
6. Мұқанов С. Алаш – ура! // Еңбекші қазақ. –1928, 26 қаңтар
7. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
8. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – XII том. – Алматы, 2011. – 511-640 б.
10. Жұмсалымды грамматика. – Алматы, 2016. – 508 б.
11. Әріп мәселесі туралы айтыстағы Кеменгерұлы Қошкенің сөзі // Еңбекші қазақ. 17,19.06.27.
12. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор. – 1-тізім. –285-іс. –18-байлам. – 11-12-б.
13. XX ғасыр басындағы қазақ тіліне қатысты зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 640 б.
14. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925.
15. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.

ШЕТТІЛДІК ТЕРМИНЖАСАМ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ БАЛАМАЛАРЫ

Әшімбаева Нағима Мәсімақыңқызы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,

Алматы, nagima010@mail.ru

Зерттеудің өзектілігі арнайы лексиканы ретке келтіру қажеттілігіне байланысты, бұл ғылымдардың мамандануына, ғылыми, өндірістік және анықтамалық әдебиеттерді шығаруға, халықаралық ғылыми және экономикалық байланыстарды дамытуға, ақпарат алуға және алмасуға байланысты күрделене түсетін мамандардың өзара түсіністігі үшін маңызды болмақ. Зерттеу нысаны – салалық ғылымдарға тән шеттілдік терминжасамдық үлгілер және олардың тіліміздегі баламалары болып табылады. Зерттеу мақаланың мақсаты – салалық халықаралық терминдер бойынша шеттілдік терминжасам үлгілерінің қазақ тіліндегі баламаларын зерделеу, талдау және сипаттау болып табылады. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: 1. зерттелетін тілде шеттілдік терминжасам үлгілерінің қазақ тіліндегі баламаларын жан-жақты қарастыру және талдау; 2. зерттелетін тілде шеттілдік терминдер бойынша терминжасамның ең өнімді үлгілерін анықтау.

Терминологияны дамыту барысында терминология мен тиісті ұғымдар жүйесі арасында көптеген сәйкессіздіктер пайда болады, бұл терминдердің кәсіби қарым-қатынас саласында қолданылуына кедергі келтіреді. Ғылымның дамуы және оның қоғамдағы рөлінің артуы, әртүрлі тілдерден халықаралық терминдердің қолданысқа енуі және олардың тез қарқынмен жинақталуы т.б. бұған айырықша ықпал етеді. Осы проблемалардың салдарынан терминологияны ретке келтіру және жүйелеу қажеттілігі туындайды, ол үшін тілдік ерекшеліктер мен терминологияны дамытудың 7 заңы туралы білімдерді меңгеру қажет. Сондықтан терминтанымның негізгі мақсаты – терминдерді қолдану тиімділігін арттыру үшін терминологияның қалыптасу және даму ерекшеліктерін зерделеу. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін бірқатар міндеттерді (теориялық және практикалық) шешу талап етіледі. Терминтанымның аса өзекті міндеттерінің ішінде мынадай теориялық міндеттерді бөліп көрсетуге болады: 1) арнайы лексикалық бірліктердің негізгі типтерін белгілеу және сипаттау; 2) терминдердің қалыптасу тәсілдерін, үлгілері мен ерекшеліктерін; терминэлементтердің типтерін және терминдер уәжділігінің түрлерін зерделеу; 3) терминдер мен терминологияның жалпы қасиеттерін айқындау; 4) коммуникативтік үдерістердегі терминологияның

рөлін талдау; 5) тіл жүйесіндегі терминологияның орнын анықтау; 6) терминдердің семантикалық өзгешелігін жалпы қолданыстағы сөздермен, еркін және тұрақты сөз тіркестерімен салыстыра зерттеу; 7) терминологиялық сөз тіркестерінің ерекшеліктерін еркін және фразеологиялық сөз тіркестерімен салыстыра зерттеу [1;2]. Генетикалық тұрғыдан жай терминдер жалпықолданыстағы немесе халықаралық сөздер немесе белгілі сөзжасам модельдері бойынша морфемдерден жасалған бірліктер болуы мүмкін. Жай (немесе бір сөзден тұратын) терминдер жалпықолданыстағы сөздерден өзінің семантикалық ұйымдасуымен ерекшеленеді. Терминжасам жалпы сөзжасамдық заңдылықтарға бағынады және тұтастай алғанда сөзжасам үлгілерімен реттеледі. Терминдердің морфологиялық қасиеттері бүкіл тіл үшін бірдей грамматикалық жүйенің ережелеріне бағынады. Терминдерді байланыстыратын семантикалық қатынастар логикалық сипатқа ие (тек-түр, бөлік-бүтін, ассоциация), бірақ қатынастар әрқашан белгілі бір терминологияның нақты терминдерін байланыстырады деген мағынада ғана жеке болып саналады. Терминологияның жоғарыда аталған белгілері жүйелілік туралы айтуға, яғни терминологияны лингвистикалық бірліктер жүйесі (терминологиялық жүйелер) ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [3].

Терминдердің сөзжасам жүйесі арнайы зерттелмегендіктен, оның әр мәселесі жөнінде алуан пікірлер, белгісіз ғылыми ұғымдар өте көп. Терминжасам – жүйелі құбылыс. Профессор Ш.Құрманбайұлының [4] монографиясында көрсетілген терминжасам үлгілерінің негізінде талдауға арқау болған материалдар сарапталды.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының қызметкерлері OR11465483 «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеу аясында «Қазақстан Республикасындағы латынграфикалы әліпби негізінде терминологиялық жұмыстардың қағидасын әзірлеу» тақырыбында жұмыстар жүргізді. Осы жоспарланған тақырыпқа қатысты негізгі бөлімге 3 Қосымша тіркеліп отыр – 1-Қосымша «Кіріме терминдердің латынграфикалы жаңа қазақ әліпби негізінде таңбалану үлгілері»; 2-Қосымша «Қазақ тіліндегі терминжасамдық жұрнақтар»; 3-Қосымша «Шеттілдік терминдердің орыс-қазақ-ағылшын тілдеріндегі терминжасам үлгілері». Мақаланың нысаны шеттілдік терминжасам үлгілерінің қазақ тіліндегі баламалары болғандықтан, аталған топты ерекше сипаттайтын терминжасамдық үлгілер бойынша олардың бірқатарын төменде орысша, қазақша, ағылшынша беріп отырмыз. Біз қарастырған шеттілдік терминдердің орыс-қазақ-ағылшын тілдеріндегі терминжасам үлгілерінің жалпы саны – 34.

Мақалада -ция, -изация үлгілері арқылы жасалған терминдер қазақша нұсқада -дау, -деу, -тау, -теу, -лау, -леу -ндыру, -ндіру жұрнақтарымен берілетін – цифровизация-цифрландыру, сертификация-сертификаттау, коммерциализация-коммерцияландыру, нотация-ноталау, вербализация-вербалдандыру, кодификация-кодтау сияқты; -логия сыңарлы сөздердің кейбір қазақша нұсқалары -нама, -тану, -таным тұрқында аударылатыны сияқты – методология-әдіснама, психология-жантану, социология-әлеуметтану, космология-ғарыштану, генеология-тектану, политология-саясаттану және т.б. ерекшеленетін кейбір үлгілерді ғана ұсынып отырмыз.

Кесте - 1

№	Орысша	Қазақша (кирилл)	Қазақша (латын)	Ағылшынша
1.	-ция	-ция; -дыру/-діру/-тыру/-тіру/-тану/-тену/-лану/-лену/-дану/-дену; -лау/-леу/-тау/-теу; -дырылу/-дірілу, -тырылу/-тірілу	-sia; -dyru/-diru, tyru/tiru/-tanu/-tenu, -lanu/-lenu/danu/-denu; -lau/-leu/-tau/-teu	-tion
	инновация	инновация	inovasia	innovation
	консервация	консервация	konservasia	conservation
	нотация	ноталау	notalau	notation
	сертификация	сертификаттау	sertifikattau	certification
	депигментация	депигменттену	depigmenttenu	depigmentation
	секвестрация	секвестрлену	sekvestrlenu	sequestration
	гидратация	гидраттану	gidrattanu	hydration
	аккредитация	аккредиттеу	akkreditteu	accreditation
	автоматизация	автоматтандырылу	avtomattandyrylu	automation
	компьютери-зация	компьютерлендірілу	kompüterlendırılı	computerization
	коллективизация	ұжымдастырылу	ujymdastyrylu	collectivization
	вентиляция	желдеттірілу	jeldettırılı	ventilation

2.	-изация	-дыру/-dīru/- тыру/-tīru/- тану/-тену; -лану/-лену/- дану/-дену; -лау/- леу/-тау/-теу	-dyru/-dīru, - tyru/-tīru/-tanu/- tenu/-lanu/-lenu/- danu/-denu; -lau/-leu/-tau/-teu	-ization
	стилизация	стилдеу	stildeu	styling
	автоматизация	автоматтандыру	avtomattandyru	automation
	карбонизация	карбондау	karbondau	carbonization
	типизация	типтендіру	tiptendīru	typification
	кристаллизация	кристалдану	kristaldanu	crystallization
	металлизация	металдау	metaldau	metallization
	мумификация	мумиялау	mumialau	mummification
	вербализация	вербалдандыру	verbaldandyru	verbalization
	институцио- нализация	институциялан- дыру	institusialandyru	institutionaliza- tion
3.	-логия	-логия; -таным; -тану; -нама	-logia; -tanym; -tanu; -nama	-logy
	бактериология	бактериология	bakteriologia	bacteriology
	криминология	криминология	kriminologia	criminology
	токсикология	токсикология	toksikologia	toxicology
	этимология	этимология	etimologia	etymology
	фармакология	фармакология	farmakologia	pharmacology
	биология	биология	biologia	biology
	токсикология	токсикология	toksikologia	toxicology
	методология	әдіснама	ädısnama	methodology
	космология	ғарыштану	ğaryştanu	sociology
	социология	әлеуметтану	äleumettanu	sociology
	политология	саясаттану	saiasattanu	political science
4.	-овка	-овка; -дыру/ -dīru/-тыру/- tīru; -лау/-леу/- тау/-теу	-ovka; -dyru/- dīru/-tyru/-tru, -lau/-leu/-tau/-teu	-ovka
	санжировка	санжировка	sanjirovka	sanzharovka
	плакировка	плакировка	plakirovka	plating

	патинировка	патиналау	patinalau	patinnova
	оркестровка	оркестрлендіру	orkestrlendiru	orchestration
	окантовка	жиектеу	jiekteu	okoncovke
5.	-сть	-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/- тік; -лы/-лі/-ты/-ті	-lyq/-lk/-dyq/ dik/-tyq/-tik; -ly/ h/-ty/-ti	-ty, -sion, -tion -y, -ess
	гомогенность	гомогендік	gomogendik	homogeneity
	дисперсность	дисперсиялық	dispersialyq	dispersion
	экспрессив- ность	экспрессивтілік	ekspresivtilik	expressiveness
	гомогенность	гомогенділік	gomogendilik	homogeneity
	гетероген- ность	гетерогенділік	geterogendilik	heterogeneity
	имплицитность	имплициттілік	implisittilik	implication
	валентность	валенттілік	valenttilik	valence
6.	-ство	-лық/-лік, -дық/-дік/-тық/- тік; -лы/-лі/-ты/-ті	-lyq/-lk/-dyq/ dik/-tyq/-tik; -ly/ h/-ty/-ti	-cy, -ing, -ism, -y, -ess
	авторство	авторлық	avtorlyq	authorship
	агенство	агенттік	agenttik	agency
	банкротство	банкроттық	bankrottyq	bankruptcy
	ломброзиан- ство	ломброзиялық	lombrozialyq	ambrosiano
	министерство	министрлік	ministrlik	ministry
	браконьерство	браконьерлік	brakonierlik	poaching
	варварство	варварлық	varvarlyq	barbarism
	консульство	консулдық	konsuldyq	consulate
	дилетантство	дилетанттық	diletanttyq	dilettantism
	маклерство	маклерлік	maklerlik	brokerage
	мародерство	мародерлік	maroderlik	marauding

Сонымен қатар шеттілдік терминдердің орыс-қазақ-ағылшын тілдеріндегі терминжасам үлгілерінде орыс тіліндегі терминжасам үлгісі мен қазақ (кирил және жетілдірілген латынграфикалы жаңа қазақ латын әліпбиімен) және ағылшын тілдеріндегі аудармасы беріліп, қазақ тіліндегі үлгілермен жасалған терминдердің ститистикасы жасалды. Мысалы, орысша (О): *-ция* – қазақша

(Қ): *-ция* (2827); *-дыру/-діру/-тыру/-тіру* (697); *-тану/-тену/-лану/-лену/-дану/-дену* (390); *-лау/-леу/-тау/-теу* (645); *-дырылу/-дірілу/-тырылуу/-тірілу* (180); ағылшынша (А): *-tion*; (О): *-изация* – (Қ): *-изация* (157); *-дыру/-діру/-тыру/-тіру* (368); *-тану/-тену/-лану/-лену/-дану/-дену* (165); *-лау/-леу/-тау/-теу* (510); (А): *-ization*; (О): *-я* – (Қ): *-я* (1905); (А): *-sion, -ia, -y*; (О): *-логия* – (Қ): *-логия* (585); *-таным* (30); *-тану* (38); *-нама* (27); (А): *-logy*; (О): *-лог* – (Қ): *-лог* (1801); (А): *-logist*; (О): *-изм* – (Қ): *-изм* (826); (А): *-ism*; (О): *-ор* – (Қ): *-ор* (1282); (А): *-or*; (О): *-атор* – (Қ): *-атор* (1027); (А): *-ator*; (О): *-инг* – (Қ): *-инг* (502); (А): *-ing*; (О): *-ним* – (Қ): *-ним* (151); (А): *-пут*; (О): *-ант* – (Қ): *-ант* (255); (А): *-ant*; (О): *-овка* – (Қ): *-овка* (46); *-дыру/-діру/-тыру/-тіру* (585); *-лау/-леу/-тау/-теу* (532); (А): *-овка*; (О): *-тика* – (Қ): *-тика* (1860); (А): *-tics*; (О): *-тик* – (Қ): *-тик* (46); (А): *-tic*; (О): *-ский* – (Қ): *-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік* (2888); (А): *-tic*; (О): *-ий* – (Қ): *-ий* (279); (А): *-y*; (О): *-ный* – (Қ): *-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік* (2340); *-лы/-лі/-ты/-ті* (645); *-ған/-ген/-қан/-кен* (3391); (А): *-cal, -ric, -tic, -ve*; (О): *-ый* – (Қ): *-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік* (630); *-лы/-лі/-ты/-ті* (210); (А): *-cal, -ric, -tic, -ve*; (О): *-ик* – (Қ): *-ик* (535) (А): *-ik*; (О): *-цион* – (Қ): *-цион* (52); (А): *-sion*; (О): *-ист* – (Қ): *-ист* (38); *-шы/-ші* (22) (А): *-ist*; (О): *-сть* – (Қ): *-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік* (2940); *-лы, лі, -ты, -ті* (833); (А): *-ty, -sion, -tion*; (О): *-ство* – (Қ): *-лық/-лік/-дық/-дік/-тық/-тік* (225); *-лы/-лі/-ты/-ті* (428); (А): *-су, -ing, -ism*; (О): *-уат* – (Қ): *-уат* (15); (А): *-ate, -ism, at*; (О): *-am* – (Қ): *-am* (930); (А): *-ate, -ism, at*; (О): *-ар, -ер, -ор* – (Қ): *-ар, -ер, -ор* (1350); (А): *-ar, -er, -or*; (О): *-чик, -щик* – (Қ): *-чик/-щик* (8); *-шы/-ші* (142); (А): *-ter, -ign, -ist, -ger, -ter, tor*; (О): *-ценоз* – (Қ): *-ценоз* (45); (А): *-coenosis*; (О): *-скоп* – (Қ): *-скоп* (300); (А): *-scop*; (О): *-генез* – (Қ): *-генез* (83); (А): *-genesis*; (О): *-грамма* – (Қ): *-грамма* (622); (А): *-gram*; (О): *-графия* – (Қ): *-графия* (1545); (А): *-ography*; (О): *-граф* – (Қ): *-граф* (105); (А): *-ograp*; (О): *-метрия* – (Қ): *-метрия* (90); (А): *-metry*.

Қорыта айтқанда, мақалада шеттілдік терминжасам үлгілерінің қазақ тіліндегі баламаларының тілді байытудағы атқаратын орасан қызметі көрсетілді. Заманауи терминтанымда терминдер мынандай көзқарастар тұрғысынан: морфологиялық, сөзжасамдық, семантикалық және т.б. қарастырылуда. Осыған байланысты, терминдердің терминжасамдық талдамасы жүргізілді, мұнда негізінен шеттілдік кірме терминдерге олардың түзілу тәсілдері мен амалдары негізінде талдау жасалды. Жаңа терминдердің терминжүйелерде түзілуінің негізгі үдерістері айқындалды, ол өз кезегінде аталған жүйедегі терминологиялық базаны дамыту процесін жүйелендіруге ықпал етеді. Мынандай терминжасам үлгілері көрсетілді: түбірлік негіз; күрделі интерлингвизмдер; шеттілдік терминдерді берудің негізгі қосымшалы тәсілдері. Шеттілдік терминдерді орыс тілінде фонеморфологиялық бейімдеудің және

оларды кейіннен қазақ тілінде қолданудың неғұрлым жиілік жағдайлары белгіленді.

Шеттілдік терминдерді транскрипциялау мен транслитерациялау кезінде қабылдаушы тілдің ерекшеліктері мен өзгешеліктері ескерілуі тиіс. Шеттілдік терминдерді түпнұсқа тілмен сәйкестікте, яғни соған жақындатып беру назарға алынуы керек. Нәтижесінде мынадай ұсыныстар жасауға болады: тілдегі, оның ішінде терминологиядағы ықшамдылық және үнемділік қағидатын бұзуға сөзсіз алып келетін терминдер санының артуын болдырмауды қамтамасыз ету; өз кезегінде терминологияның жүйелілігін сақтауға ықпал ететін фонеморфологиялық бейімдеу қағидатының қолжетімділігін қамтамасыз ету; қазақ терминологиясындағы және т.б. мағынасыз және артық форманттарды пайдалануды қысқарту мақсатында шеттілдік терминдерді қазақ тілінде таңбалау кезінде ұлттық тілді қолдану мүмкіндігін барынша қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гринев-Гриневиц С.В. Терминоведение – М.: Издательский центр «Академия», 2008. – 304 с.
2. Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Изд-во «Наука», 1977.
3. Головин Б.Н., Кобрин Р.Ю. Лингвистические основы учения о терминах. – М.: Высш. шк., 1987. – 104 с.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы: Сөздік-Словарь. 2005. – 240 б.
5. «Мемлекеттік тілді латынграфикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша зерттеу аясында дайындалған «Қазақстан Республикасындағы латынграфикалы әліпби негізінде терминологиялық жұмыстардың қағидасын әзірлеу» жобасының қолжазбасы.

ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ ТҮРКИЯ ЕЛІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ: ӨТКЕНІ ЖӘНЕ БҮГІНІ

Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz*

Тіл – адамның туа бітті, басқалармен қарым-қатынасына жол ашатын, өзгеріп тұратын, көпқырлы, қоғамдық құбылыс. Әртүрлі себептерге тәуелді түрде бір қауымдастықтың басқа қауымдастық шоғырларымен байланыс құруы қаншалықты табиғи түрде өрбисе, бір тілдің байланысқа түскен қауымдастықтардың тілдерінен әсерленуі де соншалықты табиғи сипатқа ие. Ғасырлар бойы әлемнің бірқатар аймақтарында қолданылған және көптеген халықтардың негізгі тіліне айналған түрік тілінің де тарихи тұрғыдан қарағанда көршілес бірнеше тілмен байланыс орната алғанын көреміз. Қоянқолтық өмір сүру, саясат, соғыстар, сауда-саттық, мәдени қарым-қатынас және бірдей дін ұстану сияқты факторлар негізінде тілдер арасында сөздік қор бойынша лингвистикалық айырбастар жүріп отырған.

Бір тілдің сөздік қоры аясына ол тілге тиесілі сөздіктер, тұрақты сөз тіркестері, таптаурын сөздер, мақал-мәтелдері, әртүрлі баяндау үлгілері мен терминдер кіреді. Шет тілдерден түрік тілінің сөздік қорына енген элементтер бұл тілдердің тарихи кезеңдері бойынша зерделеніп келді. Бұл кезеңдерде қай тілдерден, қандай себеппен, қаншалықты дәрежеде әсерленгені анықталған және шет тілдерден түрік тілінің сөздік қорына енген мысалдар келтірілген. Аталмыш мысалдар арасында терминологияның зерттеу тақырыбын құрайтын терминдер (ғылым және техника терминдері, теңізшілік терминдері, діни терминдер, ауылшаруашылық терминдері, спорт терминдері т.б.) де орын алады. Бұл мақалада халықаралық терминдерді аударудағы Түркия елінің тәжірибесі, оның ішінде тарихы мен қазіргі кездегі жағдайы сараланады.

Термин кез келген елдің ғылым, білім, өнер, заң т.б. қоғамдық-әлеуметтік өмірінің әр саласында қолданылатын маңызды ұғымдар. Бұл ұғымға ғалымдар түрліше анықтама берген. Мәселен, орыс ғалымы О.С.Ахманова: «Термин дегеніміз арнайы ұғымдар мен арнайы заттарды дәл белгілеу үшін жасалған тілдегі арнайы (ғылыми, техникалық т.б.) сөздер мен сөз тіркестері» [1; 474] десе, В.Н.Прохорова: «Термин – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік – технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы бар сөз немесе сөз тіркесі» [2; 401] деген.

Д.Н.Ушаковтың айтуынша да «термин» – нақты анықталған ұғымның ата-

уы болып табылатын сөз. /Әлде бір ортада әлденені, мамандықты белгілеу үшін қабылданған арнайы сөз немесе сөз тіркесі [3; 689].

Тарихи тұрғыдан, терминдер көне замандардан бері жасасып келе жатыр. Түркі халықтарының басқа елдермен байланыс жасау барысында кейбір ұғымдардың тілдік қорға енуі – мәлім құбылыс Түркілердің алғашқы жазба ескерткіштері Орхон-Енисей бітіктерін зерделегенде мәтіндердегі шет тілінен енген сөздердің аз көлемде болса да бар екенін байқауға болады. Түркі тілдеріне қытай тілінен кірген «*кунчуй*» («*ханшайым*»), «*сенун*» («*генерал*»), «*толок*» («*әскери басшы*») және т.б. дәреже және кейбір жер атауларынан басқа тек қана «талуй» («теңіз») сөзі және кей зерттеушілердің қытайша деп санайтын бірқатар сөздері берілген [4; 126].

Түрік ғалымы Доған Аксанның көне түрік тіліне қатысты зерттеуінде Күлтегін және Тоныкөк жазбаларындағы шет тіліндегі сөздердің үлесі 1%-ден төмен екені көрінеді [4; 345].

Отырықшы дәуірде түріктер буддизм, манихейлік, христиандық сияқты діндерді қабылдады. Ол кезден бүгінгі күнге дейін көптеген деректер сақталған. Ұйғырлардан діни мәтіндер, ертегілер, дәрілік шөптер мен болжау кітаптары сияқты әртүрлі мазмұнға ие жазбалар бүгінгі күнге дейін сақталған. Бұл мәтіндерде санскрит, қытай, соғды және басқа тілдерден енген сөздер кездеседі. Аксанның өз зерттеуінде жүргізген санағы бойынша, шетел сөздерінің көрсеткіші 2%-дан 5%-ға дейін өзгеріп, кей жерлерде 12%-ға дейін артады [4; 345].

Түріктер Ислам дінін қабылдаған кезеңде араб және парсы тілдерінің түрік тіліне әсер еткені байқалады. Осыған сәйкес Аксан Қараханидтер дәуіріндегі түрік шығармаларының бірі «Құтты білік» (XI. ғ.) құрамындағы араб тілінен енген сөздердің орташа көрсеткіші 1,9% дейді. Сондай-ақ ол «Құтты білік» шығармасынан шамамен 2 ғасыр өткен соң жазылған «Ақиқат сыйы» еңбегінде кірме сөздердің бірден 20%-ға, кей жерлерде 26%-ға дейін артқанын жеткізеді [4].

Сонымен қатар Аксан Батыс түрік тілінің Солтүстік тармағы қарастырылғанда «Кодекс Куминкусте» 10% кірме сөздер бар екенін және кейде 15%-ға дейін артатынын айтады [4; 345].

Ескі Анадолы түрік кезеңіне жататын алғашқы шығармаларында кірме элементтер саны айрықша көп емес. Сұлтан Велеттің «Ибтиданамесінде» 13%, Юнус Эмренің «Диуанында» 13%, Ашық Пашаның «Ғаріпнаме» кітабында 20%. Дегенмен, Ахмет Факихтің «Чархнамесінде» және Юнус Эмренің «Диуанының» кей жерлерінде бұл көрсеткіш 28%-ға (22% және одан да көп) жетіп отырады. Құл Месуттің «Қалилә мен Димна» аудармасында орта есеппен 16% кірме сөздер кездеседі. «Қорқыт Ата кітабында» кірме

элементтердің саны тек діни тақырыптар мен дұғаларда басымырақ; ажал, бейіш, әмин сияқты ұғымдарды қамтитын шығарманың соңғы бетінде кірме сөздер көрсеткіші 17% болса, хикаяларды баяндауда бұл көрсеткіш орта есеппен 5,3%-ға дейін төмендейді (Aksan 1977: 345). Селжүктер дәуірінде араб тілі түрік тіліне негізінен діни және ғылыми еңбектер арқылы әсер етті. Парсы тілі болса, әдеби саладан бөлек, бірге тұру, тығыз қарым-қатынас орнату сияқты себептерге байланысты түрік тіліне өз ықпалын тигізді. Анадолыда Бейліктер кезеңінде екі тілдің де ресми тіл ретінде қолданылуы осы әсерлерді арттыратын фактор ретінде қарастырылады. Қараманоғлу Мехмет Бейдің 1278 жылы түрік тілін қолдану туралы жарлығы бұл жағдайды дәлелдеп, түрік тіліне қажетті мән берілмегенін көрсетеді.

Османлы түрік дәуірі, XV. аяғы мен XVI ғасырдың. ғасыр басын қамтиды. Бұл кезеңде Түркияда жазылған әдеби шығармаларға араб, парсы элементтері көбірек енді. Диуан поэзиясы араб және парсы поэзиясын басты өлшем ретінде белгіледі; бұл өлеңнің тақырыбын, формасын, ұғымын, дәстүрін қабылдағанын көрсетеді. Османлы тілі ретінде сипатталған жоғары дәрежелі тіл прозада және ресми хат алмасуда кең қолданылғандықтан, бұл тіл мен халықтың сөйлеу тілі арасында алшақтық пайда болды. Сүлеймен Челебидің «Мәулідіндегі» кірме сөздер көрсеткіші 26% шамасында. Араб-парсы сөздік қорына тән ұғымдар XX ғасырдың атақты ақыны Бакиде 65%, Нефиде 60%, Нәбиде 54%-ға дейін артып отырады [4; 128].

Танзимат дәуірінің жазушыларының бірі Намык Кемалда кірме сөздер 62%, Шемсеттин Самиде 64%, Ахмет Митхатта 57% кірме элементтердің үлесі бар. Араб және парсы тілдерінің түрік тіліне әсері Республика дәуіріндегі Тіл төңкерісінен (Dil İnkilâbı) бастау алады.

Түркияның Еуропамен қарым-қатынасында француздардың рөлі үлкен. 1839 жылғы Танзимат жарлығынан кейін барлық салалармен бірге әдебиет саласында Франциямен орнаған қарым-қатынастарға байланысты ғылыми терминдерден күнделікті ыұрмыс ұғымдарына дейін көптеген сөздер француз тілінен түрік тіліне еніп отырды. Түрік тіліне латын және грек тектес көптеген ғылыми-техникалық терминдер француз тілі арқылы енген. Мәселен: *federasyon* (федерация), *hipertansiyon* (гипертония), *kapitülasyon* (капитуляция), *meteoroloji* (метеорология), *ütopik* (утопия), *veteriner* (ветеринария).

Ағылшын және түрік тілдерінің тілдік байланысы II. Екінші дүниежүзілік соғыстың соңына дейін жоғары деңгейде болмады, тек кейбір теңіз терминдері мен спорттық ұғымдар (әсіресе футбол саласындағы) ғана кірді. Бұған мысал ретінде *fayrap* (fire up), *bot* (boat) gibi *denizcilik ve futbol* (football), *gol* (goal), *korner* (corner) сияқты спорт терминдерін келтіруге болады.

Ағылшын тілі, II дүниежүзілік соғыстан кейін дүние жүзінде кең тараған

шет тіліне айналып, Түркия мен Батыс елдері арасындағы қарым-қатынаста да бірінші орынды иеленді. АҚШ-пен жасалған келісімдер, орнаған қарым-қатынастар, кино өнеркәсібі, радио мен теледидардың таралуы және Түркиядағы білім мен тәрбиедегі осы тілдің маңызының артуы ғылым терминдерінен бастап күнделікті өмірдегі көптеген ұғымдарға дейін көптеген элементтердің кірігуіне әкелді. Ғылым, техника және өнер салаларында тікелей алынған немесе тәржімаланған ұғымдардан бөлек күнделікті өмірде қолданылатын сөздердің көпшілігі, әсіресе, соңғы жылдары ағылшын тілінің бірден артып келе жатқан ықпалын көрсетеді. Төменде жиі қолданылатын заттардың кейбірі берілген:

Tişört (T-shirt), çekap (check-up), baupas (by-pass), koç (coach, ‘баскетбол бапкері’), miting (meeting), stres (stress), spiker (speaker), şov (show)...

Ал немістің ықпалы I дүниежүзілік соғыстан кейін ауыл шаруашылығы саласында көбірек байқалды. Тіл мәселесіне келгенде ескеретін жайттар көп. Бұл элементтердің ішінде бірдей жер, тіл, дін, нәсіл, ортақ мәдени белгілер, т.б. ескеріледі. Түрлі этникалық (ұлттық) ерекшеліктер өмір сүргендіктен, Осман империясынан қалған көп ұлтты халықты түріктендіру өте қиынға соқты. Бұл жағдай Республика кезеңінде де жалғасын тапты. Сондықтан, ұлттық біріктіру тұрғысынан Ататүрік ұлт жобасы қостілділік/көптілділікті проблема ретінде қарастырды. Сонымен қатар, Ататүріктің жалғыз мақсаты – ұлт құру немесе ұлттандыру емес, Батыс өркениетіндегі ұлттық бірегейлік пен қоғамды қамтитын жаңа түсінік қалыптастыру болды. Осы тұрғыда Тіл төңкерісінің алғашқы кезеңін құрайтын әліпби ауыстыру қолайлы жағдай туғызды. Түрік Тіл Қауымдастығы (Türk Dil Kurumu) жүргізген «арылту» жұмыстары жазба тілін шетелдік сөздерден толығымен тазартуды мақсат етті [5; 294-295].

Ғылым, өнер және кәсіптің әртүрлі салаларына тән сөздер ретінде анықталатын терминдер ғылыми зерттеулерде жиі қолданылады. Салауатты әрі түсінікті қарым-қатынас орнауы үшін ортақ терминология қолданылуы керек еді. Ғылым мен өнерге, медицинаға, математикаға, философияға, астрономияға, лингвистикаға және т.б. салаларға қатысты түріктер термин мәселесімен бетпе-бет келді. Ислам өркениетінің тілі араб тілі болғандықтан, терминдерді тудырған тіл де араб тілі еді. Терминдердің араб тілінде келуі түрік тілінің ғылыми тіл ретінде дамуына, сондай-ақ түрік тілінде ойлау мен сөйлеуге кедергі болды.

Ататүрік жоғарыдағы жағдайдан бастап Түрік Тіл Қауымдастығы құрғаннан кейін түрік тілін қиындықтан құтқару үшін 1932, 1934 және 1936 жылдары үш үлкен түрік тілі құрылтайын шақырды. 1933 жылы «Лұғат-Термин тармағы» құрылып, терминдер тиесілі ғылым салаларына қарай бағаланып,

он алты бөлімге бөлінді. Екінші түрік тілі құрылтайында (1934) терминдердің көптігі мен таралуына қарай термин саласы сөздік саласынан бөлініп, құрастырылған шетел терминдерін түрік тіліне аударып, олқылықтарды түзеу үшін оқытушыларға, мамандарға, профессорларға кезегімен жіберілді [6; 90].

Түрік тілін ғылым мен мәдениет тіліне айналдыруды мақсат еткен алғашқы екі құрылтайдан кейін 1936 жылы Үшінші түрік тілі құрылтайы өткізіліп, терминге қатысты екі ұстаным күн тәртібіне қойылды:

- Түркі тектес әрі мәдени әлемде ортақ қолданылатын «электр, динамо, метр, грамм» сияқты терминдерді сол қалпында алу!

- Жоғарыда аталған терминдерден басқа терминдердің мүмкіндігінше түрік түбірлері мен қосымшалары негізінде аударылуына жол ашу.

Тіл төңкерісінен кейін жаңалықтар тілінде үлкен конвергенция байқалады. 1930-31 жылдары түрік сөздері 35-40% болса, 1959-60 ж. 50-57%-ға дейін өсті [7; 180].

Республикалық кезеңде бүгінгі күнге дейін өзекті болып отырған терминге қатысты түрлі зерттеулер жүргізіліп, бұл жұмыстарға баса назар аударылды. 1932 жылы Түрік тілі бірлестігі құрылғаннан бері түрік тіліндегі сөз түбірлеріне морфемалар қосу арқылы көптеген терминдер жасалды. II Түрік тілі құрылтайында ғылыми терминдер орта білім беру терминдері және орта мектептерде қолданылатын терминдер ретінде екі бөлімге бөлінді. Бес айдың ішінде араб және парсы тілдерінен құралған 1382 шетелдік сөздің баламасы табылды. Бұл шетелдік сөздердің түрікше баламалары әртүрлі сөздіктерден, жазылған/басылған көне еңбектерден алынған, көпшілігі диалектілерден құрастырылған. Ұсынылған сөздердің 1100-і сауалнамалық комиссиядан өтті. Бұл баламалар 1934 жылы «Османлы түрікшесінен түрікшеге алмасқан сөздерді шолу журналы» (*“Osmanlıcadan Türkçeye Söz Karşılıkları Tarama Dergisi”*) деген атпен екі том болып жарық көрді.

1939 жылы 6 мыңға жуық ғылыми термин түрік тіліне аударылды. V конгрессте барлық терминдерді түрік сөздерімен үйлестіру, қалған терминдерді түрікше ету, тек мамандар арасында қолданылған және жұртшылыққа қатысы жоқ терминдерді сақтау, грек-латын тілінен енген терминдерді толығымен айту сияқты ойлар қозғалды. Осындай ұсыныстарды алға тарта отырып, көптеген пәндерге жататын терминдер сөздігі де жарық көрді: «Ауыл шаруашылығы терминдері» (1949), «Техникалық терминдер» (1949), «Түрлер терминдері» (1948), «Биология терминдері» (1948).

1951-1970 жылдар аралығында шетелдік сөздерге ұсынылған баламалар «Түрік тілі» журналында *«Түрікшесі, дұрысы бола тұра, кірмелерін қолданбайық. Тіл жайлы»* деген атпен жарияланды. Мәселен: antant: anlaşma, dispanser: bakımevi, filtre: süzgeç, kroki: taslak, lider: önder, profil: yanay т.б.

Кейбір араб және парсы сөздеріне балама ретінде батыс тілдерінен түрік тіліне енген сөздер ұсынылды: arşiv (evrak), direktör (müdür), ekonomi (iktisat), identik (aynı), enerji (irade), bodrum (mahzen) т.б. [8; 62-63].

Кей кезеңдерде кірме сөздердің баламасын табу үшін зерттеулер жүргізіліп, түрлі жолдар іздестірілді. Батыс тілдерінен енген сөздер түрік тілінде бұрыннан келе жатқан араб тіліндегі сөздерді ауыстыру үшін алынды. ТТҚ kâtip, müdir, nazariye, timsal сияқты араб, парсы тектес сөздер sekreter, direktör, teori, sembol ұғымдарымен берілді. Бұл жағдай түрік тілінде батыстық дәйектемелердің көбейгенін көрсетеді [9; 77].

1970-1980 жылдар аралығында батыс тектес сөздерді түрік тіліне аудару бойынша зерттеулер жүргізілді. Бұл кезеңде түрік тіліне батыс тілдерінен енген 1850 сөз түрікше сөздермен ауыстырылды. Батыс тектес сөздерді ғалымдар түрік тілінің өз сөздік қорының ішінен термин таңдай отырып, ауыстыруға тырысты. Осы себепті туынды сөз әдісі ең таңдаулы тәсілге айналды: adres: bulanak, afiş: ası, alarm: uyandırıcı / tetikdur, aspiratör: emmeç, despot: buyurgan, doktrin: öğreti, eko: yankı, ajans: haber kurumu, ameliyat: işlemce, anestezi: uyuşturma, atmosfer: hava tuvarı, buhar: buğu, bürokrasi: genörgüt, cetvel: çizelge, cezaevi: suçlularevi, dedüksiyon: tümdengelim, demografi: nüfusbilim, diyet: besidüzen, dublör: yedek oyuncu, edebiyat: yazın, enfeksiyon: bulaşma, fitrat: yaradılış, fiksiyon: imge, fosil: taşıl, genosit: soykırım, hicviye: yergi / taşlama, ırkçı: anasoycu, ipnotizma: uyutmaca, jeneratör: üreteç, kafiye: uyak, kapitalizm: anamalcılık, kozmetik: sürümlük, kriminoloji: suçbilim, lahika: ek, metafizik: doğaötesi / fizikötesi, mitoloji: söylencebilim, nazariyat: kuramlar, nihilizm: hiççilik, noktalama: duralandırma, observatuvar: gözlemevi, paleografi: eskiyazı bilgisi, pedagog: eğitimci, pragmatizm: yararçılık, radikalizm: köktencilik, sıfat: önad, şair: ozan, şerh: açıklama, talimat: yönerge, tansiyon: kan basıncı / gerginlik, virgül: çeke, zaviye: aç / köşe. Батыс тілдерінен түрік тіліне енген сөздердің барлығы дерлік бір сөзден құралған және оларды бір сөзбен атауға тырысқан.

Түрік тіл мекемесі зерттеулерін жалғастыра отырып, 1980 жылдан кейін «Шетелдік сөздердің сәйкестігі» деп аталатын тағы екі шағын кітап шығарды. Бұл кезеңде батыс тектес 1000-ға жуық сөздің түрікше баламасы табылды. Қарастырылып отырған кезеңді 1970-1980 жылдар аралығынан ерекшелетін ерекшелік – батыс тектес сөзді іздеу кезінде тілге бұрын енген батыс тектес тағы бір сөз қолданылған: kokpit: pilot köşkü, raportör: rapor yazıcı, ekspertiz raporu: uzman raporu т.б. 1980 жылдан кейін түрік тіліндегі туынды сөз әдісі азырақ қолданылды [8; 68-71]. (Сары 2008: 68-71).

Түрік тіл мекемесі ғылымның әртүрлі салаларына жататын терминдер сөздіктерін шығарады. Бұл жарияланған сөздіктер www.tdkterim.gov.

tr/?kategori=yenisozluky сайтында қолжетімді. Сонымен қатар, әртүрлі терминдік сөздіктерден пайда алу үшін <http://www.tubaterim.gov.tr/> интернет мекенжайына жүгінуге болады.

Түрік тілі қауымдастығы шығарған термин сөздіктері: Ағаш өңдеу терминдерінің сөздігі; Паразитология терминдерінің сөздігі; Жеңіл атлетика терминдерінің сөздігі; Футбол терминдерінің сөздігі; Жарықтандыру терминдерінің сөздігі; Биология терминдерінің сөздігі; Лингвистикалық терминдер сөздігі; Қылмыстық іс жүргізу құқығы терминдерінің сөздігі; Гимнастика терминдерінің сөздігі; География терминдерінің сөздігі; Нейрология (биология) терминдерінің сөздігі; Философия терминдерінің сөздігі; Физика терминдерінің сөздігі; Астрономия терминдерінің сөздігі; Авторлық құқық терминдерінің глоссарийі; Заң тілінің сөздігі; Геология терминдерінің глоссарийі; Әдебиеттану терминдерінің сөздігі; Зоология терминдерінің сөздігі

Термин сөздіктерінде шетел сөзінен енген терминге бір емес бірнеше түрікше баламаның ұсынылғаны көрінеді. Осыған байланысты мысал ретінде көрсетуге болатын терминдер төменде келтірілген: *izafiye / relativisme > görecilik, bağıntıcılık, mürebbi / educateur > eğitmen, öğretmen, bisexuel > aynışemli, ikieşemli, nüve / noyau > çekirdek, özek, niyet, kast / intention > yasan, yasanlama, hüzmе / corymbe > pürçük, yelpaze, üfule / fonction > görev, işlev.*

Осы жағдайға сүйене отырып, егер кірме термин үшін бірнеше түрік баламасы ұсынылса, термин шатасуы пайда болады және сөз болып отырған кірме терминнің түрік тілінің сөздік қорында орнығу ықтималдығы жоғары болады деп айтуға болады. Өйткені қай түрік терминін таңдайтындығы туралы шешім қабылдау кезеңінде өткен уақыт пен туынды түрік терминдерін білмеу мүмкіндігіне байланысты шетелдік терминді қолданатындар саны артады және нәтижесінде бұл шетелдік термин тілде орнығады. Бұл жағдайдың алдын алу үшін шетелдік терминдерге жауап ретінде бір ғана термин ұсынылуы керек; дегенмен, бұл ұсынылған термин сөзді терминге айналдыру үшін барлық мүмкіндіктерге ие болуы керек және терминнің тілде болуы ықтималдығы жоғары болуы керек.

Шетелдік терминдерді түрікше терминдермен алмастыру барысында туындайтын мәселелердің бірі – грамматикалық ережелерге қарсы туынды сөздер жасау. Терминдік сөздіктерде мұндай қате аудармалардың болуы таң қалдырады: *tasavvuf / mysticisme > gizemcilik (giz+em+cilik, грамматикалық қағидаларға кереғар аударма; өйткені -Am етістік түбіріне жалғанатын морфема (kuram, tutam vb.))*

ictimaiyat / sociologie > toplumbilim (top+lu+m / bil-im)

bisexuel > aynışemli, ikieşemli (ay(1)r-1 / eş+em+li, iki / eş+em+li)

bürhan / démonstration > belgitleme (EDPT, belgüt- See belgürt- (s. 340b), belgürt- ‘to make manifest, display’ (s. 341a)), (belgi(r)-t-leme)

Шетел тілінде дербес морфемамен (сөзбен) немесе тәуелді морфемамен берілетін болымсыз мағына да осы шетел терминдерін орнықтыру үшін жасалған түрік терминдерінде тәуелді морфемалармен немесе тәуелсіз морфемалармен (сөз) беріледі:

gayri irade / non volontaire > iradedişi.

invoice > sessiz

aton / inaccentué > vurgusuz

lâahlâki / amoral > töredişi

tenakür / antipathie > karşıduygu

athermane > ısıalmaz

Қолданылу жиілігі жағынан бағаланғанда, сөз туындысында аз жиілікте болатын морфемалар жаңа терминдердің туындысында қолданылуы мүмкін. Осылайша өлі морфемалар ретінде сипатталатын бұл морфемалар қайта жанданып, түрік тіліне енетін кірме сөздердің қарқынының төмендеуіне ықпал етуде. Сондай-ақ, мәдени құндылықтардың дүниеге келуіне зор ықпал ететін тілді, түрік тілін ұлттық сипатқа айналдыруға жол ашылып, тіл арқылы түрік ұлтының болмысын сақтап қалуға тағы бір қадам жасалды деп бағаланады.

Қазіргі кезде шет тілдегі кірме терминдер көбінесе түрікшеге бейімделіп қолданылады. Мысалы, ағылшын тіліндегі station : istasyon, abacus : abaküs, abnormal : anormal, absurd : absürt, acacia : akasya, academic : akademik, accent : aksan, accessory : aksesuar, acetone : aseton, acid : asit, acne : akne, acoustic : akustik, activity : aktivite, agenda : ajanda, aggressive : agresif, agitation : ajitasyon, alarm : alarm, antithesis : antitez, antivirus : antivirüs, authentic : otantik, autobiography : otobiyografi, copy : kopya, corner : kornor, corridor : koridor, cosmetic : kozmetik, cube : küp, cure : kür, cylinder : silindir, dance : dans, dancer : dansçı, data : data, declaration : deklarasyon, diplomacy : diplomasi, document : doküman, duplex : dupleks, ecology : ekoloji, eczema : egzama, editor : editör, effect : efekt, emblem : amblem, embryo : embriyo, encyclopedia : ansiklopedi.

Қорыта келгенде, әлеуметтік құбылысқа жататын тілдер өмір сүре отырып, бір-біріне әсер етеді. Бұл жерде маңызды мәселе - бұл әсердің деңгейі. Бір тілдің екінші тілге әсері сөз ауқымында немесе дыбыс, морфология және синтаксис өлшемінде болуы мүмкін. Түрік тілі пайда болғаннан бері кейбір тілдердің ықпалында болғанымен, кейбір тілдерге өзі де әсер етті. Терминдерді жаңа өнертабыс үшін сала мамандары шығарады. Аталған терминдердің қолданылу аясы ауызша немесе жазбаша коммуникация құралдарына байланысты кеңейеді. Терминдер құрылымы оңай өзгертін тілдік бірлік болмағандықтан, ғылымға қызығушылық танытқан адамдар-

дың барлығы термин туындысын білуі керек және бұл адамдар түрік тілінде білім алуы керек. Өйткені, ғылым саласына маманданатын адамдар сол ғылым саласына тән негізгі терминдер мен ұғымдарды толық меңгеруі керек. Бұл тұрғыдан алғанда, Түркия елі ғалымдарының шетел терминдерін аударудағы және бейімдеудегі ұстанымы зерттеуге тұрарлық қағида.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Сов. Энциклопедия, 1966. - 607 с.
2. Прохорова В.Н. Актуальные проблемы современной русской лексикологии. – Москва: Издательство МГУ, 1973.
3. Ушаков Д.Н. Толковый словарь русского языка. –Москва: Астрель, 2000. Т. IV. - 752 с.
4. A. Doğan. Türkçenin Sözcükleri, 3. Basım. - Ankara: Engin Yay. 2004.
5. Sadoğlu Hüseyin. Türkiye’de Ulusçuluk Ve Dil Politikaları. - İstanbul: İstanbul Bilgi Üniversitesi Yay., 2003.
6. Hatiboğlu Vecihe. “Atatürk ve Terim Devrimi”. Türk Dili, - Ankara: TDK Yay., Kasım 1971, C: XXV, S: 242.
7. İmer Kâmile. “Türk Yazı Dilinde Dil Devriminin Başlangıcından 1965 Yılı Sonuna Kadar Özleşme Üzerine Sayıma Dayanan Bir Araştırma”, Türkoloji Dergisi, V / 1, 1973.
8. Sarı Mustafa. Türkçenin Batı Dilleriyle İlişkisi. - Ankara: TDK Yay., 2008.
9. Heyd Uriel. Language Reform In Modern Turkey, The Israil Oriental Society, Jerusalem, 1954.

АУДАРМА БАРЫСЫНДА ТЕРМИНДЕРДІ ИГЕРУ МӘСЕЛЕСІ

Рсалиева Нұрсәуле Мақсұтқызы

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қ., nursauler@mail.ru*

Аударма өндірісінде әрбір аудармашының алдынан шығып, ерекше жауапкершілік талап етіп тұратын жұмыстың бөлігі – терминдерді игеру мәселесі. ЖОО-нда терминология Аударма ісі саласының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып, (мысалы, ағылшын тілінде білім алатын) студенттерге *Handling terminology, terminology management, consistency, localization, CAT, MAT, terminology database, translation memory, ISO Terminology Standards* деген сияқты т.б. маңызды тақырыптардан құралған дәрістер оқылады

(басқаша айтқанда, аталған тақырыптар назардан тыс қалмауы тиіс). Осы (қысқа мазмұнды) мақаланың мақсаты – аударма үдерісі барысында терминологияны игеруге қажетті негізгі жұмыстың бағыт-бағдарын бағамдау.

Әлемде көп тілдердің «алпауыт» тілдердің ықпалынан шыға алмай, уақыт өткен сайын олардың ығына жығылып бара жатқан ахуалы баршаға белгілі. Дегенмен де, сол жетекші тілдердің озық тәжірибесін ұтымды пайдалану арқылы да динамикаға басқаша көрініс беру мүмкіндігі де бар екені мәлім.

Аударма барысында салалық терминдермен бетпе-бет кезіккен сәтте қандай қадамдар жасалу керек екендігі жөнінде әрбір компанияның өзінің стратегиялық нұсқаулығы болады. Нұсқаулықтың да толыққанды өз қызметін атқара алуы үшін міндетті түрде әр компанияның терминдер ресурсы болуы тиіс. Бұл жөнінде халықаралық стандарттардың талаптарында көрсетіледі. Терминологияны игеру механизмі ең бір жетілдірілген және ұдайы жетілдірілу үстінде болатын процесс. Оның мысалын ИСО (немесе қазақша ХСҰ) стандарттарының төменде берілген тізімінен үзіндіден көруге болады:

Терминология ISO стандарттары ISO / TC 37 – техникалық комитеті: тіл және терминология [1]:

1. Принциптері мен әдістері

ISO 704: 2009 – терминологиялық жұмыс принциптері мен әдістері

ISO 860: 2007 – терминологиялық жұмыс: тұжырымдамалар мен терминдерді сәйкестендіру

ISO 1087-1: 2000-сөздік – 1 бөлім: Теория және қолдану

ISO / DIS 1087 (әзірлену сатысында) – терминологиялық жұмыс: сөздік

ISO 29383: 2010 және ISO/NP 29383 (әзірлену сатысында) – терминологиялық саясат: әзірлеу және енгізу

2. Терминология және тілдік кодтау

ISO 12615: 2004-библиографиялық сілтемелер және терминологиялық жұмыс үшін дереккөздердің идентификаторлары

ISO 12616: 2002-аудармаға бағытталған терминография

ISO/AWI 12616-1 (әзірлену сатысында) көптілді коммуникацияны қолдаудағы терминологиялық жұмыс – 1 бөлім: аудармаға бағытталған терминология негіздері

ISO 15188: 2001 – терминологияны стандарттау бойынша жобаларды басқару бойынша нұсқаулық

ISO 22128: 2008 – терминологиялық өнімдер мен қызметтер – шолу және нұсқаулық

ISO 23185: 2009 – терминологиялық ресурстарды бағалау және салыстырмалы талдау: жалпы ұғымдар, қағидалар мен талаптар.

Тізім осылай жалғасып кете береді. Негізінен өнімдер сатылымда тұрады да, қай бөлімде нені тегін пайдалануға болатыны (мысалы, «Кіріспе және терминдер мен анықтамалар тегін қол жетімді» делініп) көрсетіліп отырады. Осындай ХСҰ стандарттарының негізінде ұлттық стандарттар жасалады.

Еуропада «Аударма сапасы стандарттары» жұмыс істейді: UNI 10547 (1996), DIN 2345 (1998), ÖNORM 1200 and 1201 (2000), EUATC *Quality Standard for Translation Services*, т.б. Бұлар аударма қызметтері, қызмет көрсетуге қойылатын талаптар, жұмыс үдерісі, келісім-шарттар және терминологиялық жұмыстар сапасын қамтиды [2].

Жоғарыда (Кіріспе бөлімінде) аталған терминологиялық жұмысты жүргізуге қатысты ағылшын тіліндегі сөздер мен терминдердің қазақ тіліндегі қысқаша түсіндірмесін төмендегіше беруге болады:

Handling terminology – термин атаулымен жұмысты қалай еңсеруге болады деген мағынаны беретін сөзқолданыс.

Terminology management – терминологияны басқару. Терминологиялық жұмысты басқару жұмысы терминдерді анықтау, яғни қандай да бір назарға алынған лексема термин бе, термин емес пе деген сұрақты анықтаудан басталады. Одан ары қарай оларды жинау, мағыналарын анықтау, аудару, дұрыс қолданылуын көрсету, басқаларға пайдалы бола алатындай етіп сақтау.

Terminology database – **Терминологиялық база** белгілі бір ғылым/өндіріс саласы бойынша САТ бағдарламалары арқылы қолжетімді, әдетте бірнеше тілде қатар *Excel* форматында жасалатын терминдер қоры, аудармашылардың сүйенетін басты құралдарының бірі (МАТ арқылы қолжетімсіз). Терминологиялық базаны тіл мамандары мен сала мамандары бірлесе отырып жасайды. Біздің жағдайымызда терминологиялық базада ағылшын, француз, орыс т.б. тілдердегі бағаналармен қатар түркі тілдеріндегі бағаналардың да қамтылуы маңызды. Еуропа тілдеріндегі терминдердің едеуір бөлігі әу бастағы шығу тегін араб-парсы тілдерінен келетінін көрсетеді, сол себепті болашақта терминологиялық базада араб(-парсы) тілінің де орын алғаны жөн болады деп ойлаймыз. Себебі (аудару, балама қараудан бөлек) терминдерді түпнұсқасынан икемдеп алу кезінде «Еуропаны шарлатып» алып келуге тіпті де қажеттілік жоқ.

CAT (Computer-Assisted/Aided Translation) – **ККА** (Компьютер көмегімен жасалатын аударма) *SDL Trados Studio, Lokalise, Locaize, Wordbee* т.б. бағдарлама-құралдар [3]. Кәсіби аудармашылар әдетте өздері қызмет көрсететін аудармашылар агенттіктері мен компаниялары арқылы осындай арнайы бағдарламалармен қамтамасыз етіліп отырады. Бағдарламалар сатылып алынады. Аударма жұмысын жеңілдететін, бірізділікті қамтамасыз етуге септігі мол құрал. Оның көмегімен жұмысты аудармашы өзі жүргізеді, яғни

әрбір жекелеген сөйлемге компьютердің (бағдарламаның) жадында (translation memory) сақталған сөйлем автоматты түрде шығып тұрады. Терминдердің, қалыпты тіркестердің (колокациялардың), т.б. лексикалық бірліктердің, тіпті сөйлемдердің бірізді шығуына көмектеседі. Ақпараттық (ғылыми, техникалық) мәтін аударуда аса маңызды рөл атқарады.

MAT (Machine-Assisted Translation) – Гуглдегі автоматты аударма қызметі, сол себепті **машиналық аударма** деп те, **автоматты аударма** деп те аталып жүр. Бұл да компьютердің көмегімен жасалса да, аудармашы гугл аудармаға араласа алмайды, алынған нәтижені ғана қажетінше өңдеп, пайдалана алады. Қазіргі кезде бұл аударма қызметінің де біршама сапасының артқаны байқалады. Дегенмен де, машиналық аударма адам миының қызметін алмастыра алмайды. Сол себепті денотат мағыналарды бере алса да, конатант мағыналарды жеткізе алмайды. «*Осындай олқылықтарға қарның ашады*», «*Жиналған жұрт өмірден озғандарға тағзым етті*» деген сөйлемдерді бір ғаламтор көзі "*You are hungry for such gaps*", "*The gathered people paid their respects to the deceased*". (<https://www.google.com/search?q=translate&oq=&aqs=chrome.2.35i39i362l4j46i39i362j35i39i362l3>) деп аударса, енді бірі "*You are hungry for such gaps*", "*The crowd paid their respects to the dead*" деген аударма беріп тұр (<https://translate.google.com/?hl=ru&sl=kk&tl=en&text=%C2%AB%D0%9E%D1%81>). Екі нұсқа да екінші сөйлемдегі «өмірден озу», «тағзым ету» деген тіркестерді дұрыс тауып беріп тұр. Дегенмен де, бірінші сөйлемдегі «қарның ашады» дегенді тура мағынасында "*you are hungry*" деп беріп тұр. Демек, «қарның ашады» дегенді қай уақытта "*you are hungry*" деп аудару керек, қай уақытта "*We are not satisfied*", "*We are unhappy about...*" деп аудару керек екенін (әзірге) шеше алмайды.

Ал термин мәселесін машиналық аудармаға сеніп тапсыру әлі ертерек. Оның өзіндік себептері жоқ емес, ол үшін терминология саласының өзі белгілі бір қажетті деңгейге дейін дамып, жетілуі керек.

Consistency – бірізділік. Термин атаулыға қойылатын басты талаптардың бірі. Терминнің синонимдер қатары болмау керек, бірізді қалыптасуы тиіс. Алайда, ағылшын тілінің өзінде терминдердің бірізділік таба алмай тұрған жайы бар, бұл мәселе, әсіресе, тілдің стандарттарына байланысты орын алып отыр. Ағылшын тілінің америкалық және британдық нұсқаларындағы ерекшеліктің үлкен бөлігін лексикалық айырмашылық құрайды. Сол себепті бұл құбылыс терминдерден де көрініс табады. Мысалдарды көптеп келтіре беруге болады, төменде (1-кестеде) әртүрлі саладан алынған бірнеше мысалмен шектелеміз:

1-кесте. Терминдердің ағылшын тілі стандарттарында лексикалық тұрғыдан бірізді болмауының көрінісі.

Америкалық ағылшын (GA)	Британ ағылшыны (RP)
acetaminophen	paracetamol
cell phone, cellphone, cell	mobile phone
drugstore	chemist
gasoline (gas, gasolene)	petrol
restroom	toilet
sidewalk	pavement
soccer	football
sophomore	a second-year college or high school student

Сол сияқты тілдің аталған екі стандартында орфографиялық нормалардың да айырмашылығына орай бірізділік бұзылады. Мысалы, америкалық ағылшын тілінде жазу біршама жеңілдетілген, ‘ae’, ‘oe’ орнына ‘e’ қолданылады. Соның салдарынан медицина саласының терминдерінің өзі әркелкі тұрпат алып кетеді, 2-кестеге қараңыз:

2-кесте. Терминдердің ағылшын тілі стандарттарында орфографиялық ерекшеліктер тұрғысынан бірізді болмауының мысалы [4].

Америкалық ағылшын (GA)	Британ ағылшыны (RP)
‘e’	‘ae’, ‘oe’
etiology	aetiology
anemia	anaemia
anesthetic	anaesthetic
defecation	defaecation
dyslipidemia	Dyslipidaemia
diarrhea	diarrhoea
celiac	coeliac
dyspnea	dyspnoea

Localization – локализация – аударма жасау барысында қабылдаушы тілдің және тілді тұтынушы мәдениеттің жан-жақты ерекшеліктерінің есепке алынуы, ақпараттың жергілікті жерге бейімделуі. Бұл заңдылыққа терминдер де бағынады. Бейімделу лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыдан іске асырылады. Мысалы, Австралиядан шыққан дәрі-дәрмек АҚШ-қа немесе Ұлыбританияға бару үшін өнімді тұтыну нұсқаулығында әр елдің

(жоғарыда 1, 2-кестелерде көрсетілгендей) өз тілдік ерекшеліктері сақталып жазылуы керек болады. Ал терминдердің экстралингвистикалық тұрғыдан бейімделуіне Американың жыл аяғында болатын жеңілдіктерге *Black Friday* деген сауда-саттық саласында қолданытан терминінің Қазақстанда «қара жұма» деген калька аудармасының қолданысқа түсіп кете алмай, қазір жәй ғана «Каспи жұма» болып қолданылып жүргенін мысалға айтуға болады.

Аударманы кім жасайды? Аударманы тілге қабілетті сала мамандары немесе арнайы өндіріс/ғылым саласына маманданған аудармашы жасау керек. Олай болмаған жағдайда аудармашының тілді қаншалықты деңгейде білгеніне қарамастан, өмірлік тәжірибеде өнімдер талапқа сай шықпай жатады. Мұндай жағдаяттың бірін төменде берілген 3-кестеден көруге болады. Кестеде АҚШ-та қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылған, бүгінгі күнгі «талаптармен» есептегенде, ең жоғарғы ғылыми деңгейдегі жарияланым болып саналатын Скопус журналдарының біріне әзірленген мақаладан мысалдар алдық.

3-кесте. Сала мамандары аудармаған жағдайда терминдердің жоғалуынан көрініс [4]:

№	Берілгені	Қолданылуы тиісті термин
1.	The authors identified 3819 exonymisms , 35 semantic types, thematic backgrounds...	The authors identified 3819 exonyms , 35 semantic types, thematic backgrounds...
2.	Many country names have exonymisms that have been transformed by the full name as well as abbreviations...	Many country names have exonyms that have been transformed by the full name as well as abbreviations...
3.	... geographical names enter the Kazakh language through the Russian language, the connecting language in the middle.	... geographical names enter the Kazakh language through Russian, the mediator language
4.	... we adapt exonyms such as Washington, Holliwood, Zurich to the phonetic features of the donor language – Kazakh...	... we adapt exonyms such as Washington, Holliwood, Zurich to the phonetic features of the receptor language – Kazakh...
5.	... to write a foreign geographical name in the original language but to adapt it to the norms of our language.	...to write a foreign geographical name in the original language but to adapt it to the norms of the language-receptor.

6.	...on the database "National Corps of the Kazakh language."	...on the database "National Corpus of the Kazakh language." (US Peace Corps, European Solidarity Corps терминдерімен жаңылыстырылған).
7.	the Kazakh script in Latin	latin-script Kazakh
8.	the word does not begin with the letter ‘ң’, and in both languages, the sound [ң]–[ŋ] does not occur in the same position.	the word does not begin with the letter ‘ң’, and in both languages, the sound [ң]–[ŋ] does not occur in the anlaut position.

*Ескету (1): аударма мәтінінен тек қана терминдердің аудармасына қатысты мысалдар қысқартылып алынды.

*Ескету (2): сөйлемдерде терминдердің берілу тұрпатын майлы боюмен ерекшелеген автор – Н.Р.

*Ескету (3): мақаланың өзге детальдарын беруді жөн санамадық.

*Ескету (4): ескертпелер өнімді шығарушылар тарапынан қабылданып, түзетілген.

«Аударманы кім жасайды?» деген сұраққа жауапты тек ғана ақпараттық мәтін тұрғысынан қарастырдық. Көркем шығарма аудармасының мәселесі, әрине, өз алдына бір бөлек.

Қорыта айтқанда, терминологиялық жұмысты тиімді ұйымдастыру жүйе жасаудан басталады. ТБЖ – терминологияны басқару жүйесін орнықтыру терминологиялық базаны қалыптастырумен келеді. САТ бағдарламалары арқылы қолжетімді болатын Терминологиялық базаны белгілі бір ғылым/өндіріс саласы бойынша бірнеше тілде Excel форматында жасайды. Оны тіл мамандары мен сала мамандары бірлесе отырып қалыптастырады. Қазақ тілінің терминологиялық базасында ағылшын, француз, орыс т.б. тілдердегі бағаналармен қатар түркі тілдеріндегі бағаналардың да қамтылуы маңызды. Еуропа тілдеріне терминдердің едеуір бөлігі араб-парсы тілдерінен келгендіктен, терминологиялық базадан терминнің араб(-парсы) тіліндегі нұсқасының да орын алғаны жөн. Себебі (аудару, балама беруден бөлек) терминдерді түпнұсқасынан икемдеп алу кезінде көз алдымызда олардың шынайы «төркіні» көрініп тұратын болады. Ақпараттық аударманы тілге қабілетті сала мамандары немесе арнайы өндіріс/ғылым саласына маманданған аудармашылар ғана жасау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://termcoord.eu/terminology-iso-standards>

-
2. https://www.uma.es/hum892/publicaciones/corpas_2006b.pdf
 3. <https://www.trustradius.com/computer-assisted-translation>
 4. <http://translation-clinic.com/spelling-medical-terms-british-american-english/>

БАСПАЗӨЗ БЕТТЕРІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АУДАРМА ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Искаков Бауыржан Мұратбекұлы

«Тұран-Астана» университеті,

Астана қ., iskakov82@mail.ru

Бүгінде елімізде тіл мәселесінің мәртебесі мен қолданылу аясы Ата заңымызбен бекітілген. Яғни бәрімізге белгілі, Қазақстан Республикасы Конституциясының жетінші бабының бірінші бөлімінде: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп жазылған. Демек, мемлекетіміздегі басты тіл ретінде қазақ тіліне барлық салада үстемдік берілгені талассыз. Сондықтан мемлекеттік тілдің тіл ретінде дамуы басты назарда тұр. Әлемде алты жарым мыңнан аса тіл болса да, солар 266 мемлекетке (оның 193-і БҰҰ мүшесі) шоғырланған және солардың 100-ге жуығында ғана «Мемлекеттік тіл» статусы бар. Сондай-ақ, сөйлеушісі 15 миллионнан асатын 40 тіл бар! Міне осы деректердің ішіндегі оң көрсеткіштердің бәрі біздің мемлекеттік тілімізге де қатысты. Бұл қазақ тілінің әлеуетін танытса керек [1].

Мамандарымыздың айтуынша, қазақ тіліндегі терминдердің 70-80 пайызы орыс тілі арқылы келген, орыс тілінің заңына бағынған жат жұрттық сөздер. Терминолог ғалым Г.О.Винокур «Терминдер өздігінен пайда болмайды, олар қоғам мұқтажына орай саналы түрде қолдан жасалады» -дейді [2; 24]. Сондай-ақ Р.А. Будагов та термин дегенді саналы түрде қадағалап, қолдан жасап сұрыптап отырмаса, ғалымдар бірін-бірі түсінуден қалады деп көрсетеді [3; 43].

Демек, біздіңше бұған дейін орысша қабылданып келген шет тілі сөздерінің аударуға келетіндерін қазақшаға аударып, ал аударуға келмейтіндерінің орнына мүмкіндігіне қарай қолдан сөз жасап алғанымыз және жасанды екен деп олардан қашпағанымыз дұрыс. Ондай сөздердің тілімізде бірізді қолданылуы нәтижесінде жасандылығы ұмытылып, үйреншікті терминдерімізге айналары анық.

Газет беттерінде әсіресе экономикалық терминдер барынша мол қолда-

нылады. Оның ішінде жиі кездесетіні «нарық» сөзі. Бұл «рыноктың» баламасы. Газет беттерінде «рынок» сөзіне балама ретінде «базар» сөзін ұсынушылар да кездесіп отырды. Бұл жөнінде зерттеуші Қ.Қадырқұлов: «Сөз мағынасы сөйлем ішінде басқа бір сөзбен тіркесіп, байланысқа түскенде ғана толық ашылады. Мәселен, сөйлем, сөз тіркесін мысалға келтіре отырып «нарық» сөзінің орнына «базар» сөзін ауыстырсақ сөздердің байланысу формаларында қайшылықтар туар еді» - дейді [4; 35].

Сондықтан *нарық, базар* деп жарыса қолданбай тек біреуін, яғни «нарық» сөзін қолданғанымыз орынды. Бірақ бұл арада біз базар сөзін мүлде қолданбау керек дегенді айтып отырған жоқпыз. «Базар» сөзі «рынок» сөзіне балама ретінде тек сауда орындарында қолданылғаны абзал.

Жалпы экономика саласында қолданылып жүрген терминдердің көпшілігінің бұрыннан-ақ қолданыста бар екендігі мәлім. Нарықтық қатынастарға байланысты олар күнделікті қолданылатын лексикамызға айналды. Бұл сөздер қазіргі өркениеттің жеткен биігіне, қоғамдық даму дәрежемізге тікелей байланысты.

Экономикалық термин ретінде қолданысқа түсіп жүрген сөздердің қатарына «мердігерлік» сөзін де айтуға болады. Мысалы, Ірі *мердігерлік* ұйымдардың қызметкерлері Ресейдің қалалары мен селоларында жалданып жүр, ал қайтып оралғандары туған қаласының қаңырап тұрған алаңдарына қарап мұңайып күрсінді (Е.Қ 1994. №168-169. 1 қазан, 5 б.). Жалдық *мердігерлік* әдіс шаруашылық басшылары мен еңбек адамдарының арасындағы бірден бір тиімді еңбек қарым-қатынасы болып табылады (С.Қ. 1990. №273. 28 қараша, -2 б.).

Ә.Қарағұловтың «Ащы да болса ақ сөйлейік» деген мақаласында бұл балама жөнінде былай делінген: «Мердігерлік – кәсіп ету әдісінің бір түрі. Бұл бізге парсының мәрдікер (мердікер) деген сөзінен ауысқан ұғым. Орта Азия мен Қазақстанның мақта, күріш өсіруімен шұғылданған диқандарына бұл сөз ертеден таныс.

Қазақ арасында ауызекі сөзде мердігерлікті «көтерме жұмыс» деп атаушылар да бар екені рас. Бірақ мұны көтерме сауда (оптовая торговля) деген термин сөзбен шатастыруға болмайды».

Сонда «мердігерлік» – бір жақ (мердігер) екінші жақтың (тапсырыс берушінің) тапсырмасы бойынша оның немесе өзінің материалдарынан тәуекел етіп белгілі бір жұмысты орындауға міндеттенетін, ал тапсырыс беруші атқарылған жұмысты қабылдап, ақысын төлеуге міндеттенетін шарт [5; 6].

Жаңадан жасалып жатқан терминдерді тілімізге енгізген кезде ең алдымен оларды халық қабылдай ма, жоқ па, ол жағын ескере бермейміз. Соның салдарынан кейбір бекітілген терминдердің қолданыстан шығып қалуы

кездесіп отырады. Мәселен, терминология комиссиясы жоғарыда келтірілген «арендатор» сөзін алғашында «жалдаушы» деп аударып бекіткен болатын. Алайда «жалдаушы» сөзі қолданысқа түсе қоймады, оның орнына «жалгер» сөзі қолданылып жүрді. Оған «жалдаушы» сөзінің көпшілікке ұнамауы, яғни бұл сөзді халықтың қабылдамауы себеп болды. Сондықтан терминком «арендатор» сөзін екінші рет қайта қарап, «жалгер» деп аударып бекітті. Осы «жалгер» сөзі тілімізде қолданылып жүрген «ардагер», «бапкер», «заңгер», «зейнеткер» т.б. сияқты сөздердің негізінде, солардың үлгісімен пайда болған сөз болса керек.

Газет беттерінде «регион» сөзіне балама ретінде «аймақ» сөзі қолданылған. Мысалы, Аймақты экономикалық жағынан дамытудың 2000 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша алдағы уақытта тағы да 22 жаңа жобаға инвестиция таратылады деп күтіліп отыр (Е.Қ. 1998. №29. 12 ақпан, -1 б.). Басында латын тілінен алынып, ағылшын тілі арқылы дүние жүзіне кейінгі жылдары тарап, орныққан *регион* сөзі қазақтың «аймақ» сөзіне дәл келеді, өйткені оның беретін мағынасы бір елдің бірнеше облыстарын немесе бірнеше елді экономика-жағрафиялық жақтарымен бірлестіретін аумақты аудан.

Терминология мәселесіне байланысты академик Ә.Қайдаров былай дейді: «Қазақ тілі терминологиясы әртүрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыру, алмастыруы тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке (анархия) жол беріле бастады».

Соңғы жылдары ғылым мен техниканың белгілі бір салалары бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктерді, оқулықтарды салыстыру арқылы оған анық көз жеткізуге болады. Бір ғана термин түрліше аударылып, әр сөздікте, әртүрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып жүр. Мәселен, мына төмендегі терминдер сондай бірізділіктің жоқтығын дәлелдейді: консенсус – бәтуә, мәміле, келісім, жалпы пікір; баланс – дәргей, теңгерім; скидка – шегерім, шегерме, кеміту, жеңілдік; спонсор – демеуші, мияткер, қолдаушы; вклад – салым, аманат ақша; вкладчик – салымшы, аманатшы, аманат ақша иесі; доход – кіріс, табыс; ценная бумага – құнды қағаз; бағалы қағаз,- деп кете береді.

Осы жоғарыда айтылған мәселелерді біріздендіру үшін келесідей ұсыныстарды айтуға болады:

1. Көптеген экономикалық терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра тұрақты қолданылмай жатқандығын

ескере отырып, олардың барлық баспасөз беттерінде қолданылуын пысықтау;

2. Жасалған терминдерді қалыптастыру – үнемі қадағалап, реттеп отыруды жетілдіру;

3. Біздің тілімізде ғылыми терминология әлсіз жасалған деп үнемі өзге тілдерге жүгіне беруді тоқтату керек;

4. Экономикалық терминдердің халықтың арасында тың насихаттаудың тағы бір жолы, ол адамдардың қолдарындағы смартфондарына лайықталған қазақ тіліндегі қосымшаларды молынан ензігу табылады, яғни барлық банктік ақша аударымдары, күнделікті сауда-саттықта да қазақша жазылған экономикалық терминдер кең қолданылса, ол да өз кезегінде экономикалық қазақ тіліндегі терминдерді насихаттаудың бір түрі болып табылады.

Сондықтан, алдағы уақытта баспасөзді қазақ терминологиясының алдағы және ағымдағы міндеттерін шешуде неғұрлым тиімді пайдалану, яғни онда қарастырылатын мәселелердің маңыздылығы мен көкейкестілігі терминжасам және терминді қолдану мәселелерінің қоғамдық сипатына, қаншалықты дәрежеде мемлекеттік қолдауға ие бола алуына тікелей байланысты болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәуелсіздіктің бір мұраты – терминдердің төл тілімізде түрленуі/ 10.06.2021 <https://turkystan.k>

2. Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологий // Труды МИФЛИ. –М.,1938. – Т.5.

3. Будагов Р.А. Терминология и семиотика // Вестник МГУ. – 1972. – №5.

4. Қадырқұлов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстар. Кандидаттық диссертацияның қолжазбасы. – Алматы, 1995. – 143 б.

5. Әміров Ә.Ж. Қазақ терминологиясы және баспасөз. Алматы, 2015.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ТҮРІК ТІЛІНЕ АУДАРУДАҒЫ ТЕРМИНДІК ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Түрікпеннова Айгүл Жұманқызы
Шәкәрім атындағы Семей университеті,
Семей қ., Aidilan_76@mail.ru

«Термин» сөзі түрік сөздігінде “terim” деген атаумен «бір ғылымға, өнерге, кәсіпке немесе пәнге, нақты ұғымға сәйкес келетін сөз» ретінде қолданылады.

«Terim» сөзі араб тіліндегі «istilah» сөзінің «ter-» етістігіне «-im» жұрнағының жалғануы арқылы жасалған түрікше баламасы. «Istilah» сөзінің өзі түрік ғалымдардың еңбектерінде Түркия Республикасының алғашқы жылдарына дейін қолданылып келген [1]. Жалпы түрік тіл білімі ғылымындағы ізденістер мен зерттеулер өте ертеректен басталған. Араб тілі түрік зиялыларына ғылым тілі, ал парсы тілі әдебиет тілі ретінде танылып, осы тілдерде түрлі еңбектер жазылып, түрік тіліне аударылып келді. Уақыт өте келе медицина, математика, астрономия, шариғат және ислам туралы жазылған еңбектерде кездесетін терминдер ғылымның дамуына жол ашты.

XIX ғасырдың 20-жылдарында түрік зиялыларының арасында түрік грамматикасындағы шетелдік сөздерден тазарту туралы пікірлер айтылып, кейіннен бұл көзқарас ұлттық сипатқа ие болған.

Түркия Республикасының негізін қалаушы, тұңғыш президент Кемал Ататүрктің бастамасымен түрік тілін жетілдіре түсетін лингвистикалық ғылыми қоғам құрылып, түрік тілін көптеген кірме сөздерден тазартып, жергілікті тіл ерекшелігінен алынған көне түрік сөздерін енгізіп, туыс тілдердегі сөздермен алмастырған. Осылайша мемлекет бақылауымен түрікше қосымшалар жалғану арқылы жаңа терминдер түзіле бастаған.

1937 жылдан бастап жаңа терминология жасау жұмыстары қызу қарқынды жүріп отырды. Ұсынылған жаңа терминдерге қарсылықтар болғанымен, бұл мәселелер тым көп талқыланбады. Іске асыру жұмыстары да мектеп оқулықтарынан басталып, басқа білім салаларында, зерттеулерде кеңейтіле түскен.

Терминдерге топтама жасаған ғалым Пеями Сафа «atom, demokrasi, vitamin, elektrik сияқты терминдердің түрік тіліне орнығып, сіңісіп кеткендіктен өзгертілуі мүмкін емес дей келе, екінші топтамаға жататын analogi, objektif, primitif, sosyoloj сияқты т.б. терминдерге түрік тілінің дыбыстық ерекшелік-

тері мен емлесіне сай баламалардың берілгені әбден орынды болар еді», – дейді. [2].

Түрік терминологиясының даму тарихын 5 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. Классикалық кезең (1100-1839 ж.). Селжук және Османлы мемлекеттері кезіндегі терминология;

2. Танзимат кезеңі (1839-1876 ж.). Араб тілінен алынған жаңа терминдерден туынды терминдер жасау кезеңі, құқықтық терминдерінің қалыптасуы кезеңі;

3. Бірінші Конституциялық кезең (1878-1908 ж.). Араб тілінен жаңа туынды терминдер жасау кезеңі мен түрікше терминдерді қолданысқа енгізу кезеңі;

4. Екінші Конституциялық кезең (1908-1923 ж.). Өтпелі кезең. Араб тілінен термин жасауды шектеп, түрікше түбірлерден немесе шетелдік түбірлерден түрік тіліндегі жұрнақтар арқылы термин жасау кезеңі;

5. Ұлттық терминология кезеңі (1923-2000 ж.). Бұл кезең – барлық терминдердің түрікше түбірден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған жаңа терминдер кезеңі [3].

Ғалым Мехмет Каплан – терминдерді таза түрік тілінде түзуді жақтаушы ғалым. Оның «Kültür ve Dil» атты кітабында: «Жаңа ұғымдар үшін жаңа сөздердің жаңалығын, түрік тіліне еніп қалыптасып кеткен шет ел сөздерінің жоққа шығарылуымен шатастырмау керек. Қазіргі кезеңде біз ғылым, техника, әдебиет, өнер, философия салаларында мыңдаған сөзге мұқтажбыз. Бұлардың түбірі төл тілімізде жасалса, әрине, орынды болар еді. Түрік тілінде болмаған бір ұғымға түрікше балама таба алсақ, оны түрік мәдениетіне жаратсақ мақтанарға тұраралық үлкен іс болары хақ» [4].

Түрік әдеби тіліне енген ғылым мен техникаға қатысты шеттілдік терминдердің көпшілігі өзгеріссіз алынған. Соңғы жылдары интеграциялану мен жаһандану процесіне байланысты кірме сөздер түрік тілінде еуропа тілдерінен көптеп енген.

Түрік тіліне шет тілдерінен енген терминдер негізінен төмендегіше жіктеледі:

1) ғылым мен техника саласының терминдері:

а) медицина саласындағы өзгеріссіз алынған терминдер: **amnezi (amnesia)** – **амнезия** (*гр. Ἀμνησία*): жадының жартылай немесе толық жоғалуы; **anemi (anemia)** – **анемия** (*гр. ἀναμία*): қысқаша айтқанда, халық арасында анемия деп аталатын қызыл қан жасушаларында гемоглобин деп аталатын заттың аз болуы; **bakteri (bacteria)** – **бактерия** (*гр.*

βακτηρία): тек микроскопта ғана көрінетін аса ұсақ жасушалар және олар көптеген әр алуан аурулар туғызатын бірақ көбінесе нейтралды қызмет атқарушылар; **stres (stress)** – стресс (*ing. stress*): қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық деген сияқты бірнеше мағынаны қамтитын жалпылама сөзбен айтылған адамның ерекше күйі; **narkoz (narcosis)** – **наркоз** (*гр. narkosis*): орталық жүйке жүйесіне арнайы дәрілер жіберу арқылы организмде жасанды түрде шақырылған терең ұйқы; **narkotik (narcotic)** – **есірткі** ((*гр. наркотικός*) – *есті жоғалту*): *БДСҰ-ның* (Бүкіләлемдік Денсаулық Сақтау Ұйымы) анықтауы бойынша, ауру сезгіштікті жоятын химиялық есірткі.

ә) түрік тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сай жасалған медициналық терминдер: **radikülit (radiculitis)** – **радикулит**: жүйке жүйесінде жиі кездесетін ауру. Бұл ауруды қазақтар құян деп атайды; **rezeksiyon (resection)** – **резекция** (*фр. résection < лат.*): дене мүшесінің ауруға шалдыққан бөлігін кесіп алып тастау; **respirasyon (respiration)** – **тыныс алу** (*лат. respiratio*): ағза мен қоршаған орта арасындағы газ алмасу үдерісі.

2) діни терминдер: **bayram (holiday)** – **мейрам** (*үнді-ир. Rāma*): ұлттық немесе діни мәні бар, қасиетті болып саналатын және ұлттық деңгейде тойланатын күн; «Гөктүрік және ұйғыр мәтіндерінде «bayram» ұғымы үнді-иран тілдерінен алынған rāma сөзімен кездеседі. Санскрит тіліндегі **rāma** сөзінің мағынасы «қуаныш, тыныштық, бақыт» дегенді білдіреді. Бұл сөз санскрит тілінен иран тілдеріне өткен. Санскрит тіліндегі **rāma** сөзінің соңындағы **-a** дауыстысы артикль жұрнағы болып табылады. Бұл сөзді түрік тіліне аударылғанда **-a** жұрнағы түсіп қалады. Өйткені түрік тілінде артикльдің баламасы болмағандықтан, **rām** формасы ғана алады. Бұдан кейінгі түрік мәтіндерінде **baz-ram** немесе **bez-rem > bad-ram, d > y** дыбыстарының өзгеруімен **bayram** формасы кездеседі. Екінші буындағы **rām** сөзі түрік тілінде **r**-дауыссыз дыбысынан басталмайтындықтан, **rām** сөзінің алдына **a** - протезі алынады» [5].

Dindar (religious) – **діни** (*нарс. dīndār*): қандай да бір көзқарасты, ілімді дәйектілікпен ұстанушы; **dua (prayer)** – **дұға** (*ар. دعاء*) - Алла тағаланың құдіретінің, ұлылығының алдында құлдың өз әлсіздігін сезініп, оған шыннайы ниетпен бет бұрып мұң-мұқтажын өтеуге жәрдем, көмек сұрауы дегенді білдіреді; **felsefe (philosophy)** – (*гр. φιλοσοφία, philosophia*): белгілі бір болмысқа, танымға, құндылықтарға, ақиқатқа, парасат пен тілге қатысты абстрақтылы, жалпы және іргелі мәселелер бойынша жүйелі зерттеулер.

Түрік тіліне аударылған лингвистикалық терминдер: abece – әліпби (*нем. alphabet, фр. alphabet, ағыл. alphabet*): белгілі бір ретпен орналасқан тілдің дыбыстық таңбаларынан тұратын жол; **adsayma – атау**

(нем. *antonomasie*, фр. *antonomase*, ағыл. *antonomasia*): шешендік өнерде атақты жалқы есім сапа белгісі ретінде пайдалану; **argo** – **жаргон** (нем. *argot*, *gaunersprache*, фр. *argoty*, ағыл. *argot*, *slang*): қоғамдағы ортақ тілден басқа, бірақ - одан туындайтын, белгілі бір ортада қолданылып, әркім түсінбейтін, идиосинкратикалық сөздер мен идиомалардан тұратын ерекше тіл; **bağımsal dilbilgisi - тәуелді грамматика** (нем. *dependenzgrammatik*, фр. *grammaire de dependances*, ағыл. *dependency grammar*): сөйлемді талдауда етістіктерге негізделген абстрактілі сөйлем құрылымдарын анықтауды мақсат ететін лингвистикалық қозғалыс; **ilgeç - көмекші сөздер** (нем. *präposition*, фр. *preposition*): қатынас орнату үшін қолданылатын, мағынасы сол контексте басқа бірліктермен айқын көрінетін толық лексикалық мағынасы жоқ **қосымша мән үстейтін** функционалдық морфема; **işteş eylem – ортақ етіс** (нем. *reziproke*, фр. *verbe reciproque*, ағыл. *reciprocal verb*); орындаушылары көп бірлесіп атқарылған жұмыс; **iyelik eki – тәуелдік жалғау** (нем. *possesivsuffix*, фр. *suffixe possessif*, ағыл. *possessive suffix*): бір заттың басқа бір затқа тәуелді екенін білдіретін қосымша. Түрік тіліндегі тәуелдік жалғаулар: *-(i)m,-(i)n, -i, -(i)miz,-(i)niz, -leri*; **yüklem - баяндауыш** (нем. *prädikat, satzaussage*, фр. *predicat*, ағыл. *predicate*): сөйлемнің негізін құрайтын, талдауда сөйлемге сәйкес қызметін анықталады; **lehçe - диалект** (нем. *dialekt*, фр. *dialecte*, İng. *dialect*): тілдің тарихи, әлеуметтік, мәдени себептерге байланысты уақыт немесе кеңістіктегі айтылым, грамматикалық және лексикалық жағынан сараланған түрі; **özne -бастауыш** (нем. *subjekt, satzgegenstand*, фр. *sujet*, ағыл. *subject*): грамматикада етістікпен белгіленген іс-әрекетті орындайтын немесе субъектісі болып табылатын элемент; **ses -дыбыс 1.** (нем. *laut, phon*, фр. *son, phone*, ағыл. *sound/phone*): 1. Құлақпен қабылданатын діріл. 2. Өкпеден келетін ауаның әсерімен дауыс байламдарындағы діріл; **sıfat – сын есім** (нем. *adjektiv, eigenschaftswort*, фр. *adjectif*, ағыл. *adjective*): зат есімнің сипатын білдіретін немесе анықтайтын сөз [6].

Ғалым Мехмет Кахраман жалпы ғылымның термин шығармашылығында сөз болып отырған тәсілді пайдалану арқылы жасалған терминдерді өз алдына екіге бөлуге болатындығын сөз етеді. Біріншісі – жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасын метафоралау жолымен, екіншісі – сөз мағынасын нақтылау арқылы терминдік мағына жүктеу жолымен жасалған терминдер. Бұл термин жасау тәсілі бойынша ұғымдарды ұқсату арқылы сөздің бастапқы мағынасы метафоралау жолымен жасалған: **çekim (рай), kök (түбір), satır (тармақ), pekiştirme (шырай), hece (буын), bağlaç (шылау)** т.б. терминдерді атап көрсетуге болады.

Түрік тілінде терминжасам көздері осы айтылғандармен ғана шектеліп

қоймайды. Олардың бұлардан басқа көбінесе қолданылатын сөзге жұрнақ жалғау, сөздерді біріктіру, тіркестіру сияқты тәсілдері де бар. Олардың ішінде ұлт тілінде термин жасауда **-an/-en** жұрнақтары арқылы мынадай терминдер қалыптасты: **ботаника терминдері: böcekкеран** (*зиянкес аулаушы*), **kalboğan** (*қырларда кездесетін өсімдік аты*), **domalan** (*жер саңырауқұлағы*), **kardalen** (*көктемде ерте шығатын бәйшешек гүлі*); **зоология терминдері: ağaçdelen** (*ұя салу үшін ағаштарды кесетін жәндік*), **bağkesen** (*жәндік түрі*), **çobanaldatan** (*құс түрі*), **математика терминдері: bilinen** (*белгілі болған сандық мөлшер*), **bilinmeyen** (*белгісіз сандық мөлшер*); **bölünen** (*бөлінген сан*), **kalan** (*қалдық*), **грамматика терминдері: belirten және belirtilen** (*айқындауыш мүшелер*), **benzeyen** (*үндестік*); **медицина терминдері: ağrıkeseen** (*ауруды басатын дәрі*), **saçkıran** (*тері ауруы*); **әлеуметтану терминдері: düzen** (*мемлекеттің негізгі принциптері, басқару нысаны, режим бойынша басқару тәсілі*); **анатомия терминдері: kaldıran** (*бұлшық еттерге берілген атау*); **география терминдері: kıran** (*бір-біріне параллель келген екі ағынсу арасындағы жота*) [7].

Түрік тілінде **-an/-en** жұрнақтарынан басқа **-a (-e)** (*yara*); **-ak (-ek, -k)** (*oynak*); **-am (-em, -im)** (*sağlam, ünlen*); **-cı (-ci), -cu, -çi** (*otacı*); **-cık (-cik, -cuk, -cük, -çik, -çık, -çuk, -çük)** (*kızamıkçık*); **-cıl (-cil, -cul, -cül, -çıl, -çil, -çul, -çül)** (*ölümcül*); **-gı (-gi, -gu, -gü, -kı, -ki, -ku, -kü)** (*sargı, yargı*); **-ı (-i, -u, -ü)** (*aşı*); **-lık (-lik)** (*kansizlik, nicelik*); **-mak** (*öksürmek*); **-mik** (*kızamık*); **-sız** (*sonuçsuz*) – тұлғалары арқылы жасалалатын терминдер де көптеп кездеседі.

Түрік тілінде терминжасауда қосымшалар арқылы терминжасау тәсілінің өзіндік алар орны айрықша. Түрік тілінде қосымшалар арқылы көптеген терминдердің қалыптасып, қолданысқа енуі осының айғағы.

Ғалым Мехмет Каплан «Хисар» атты журналда былайша толықтырады: «Қазіргі кезеңде көптеген түрік ғалымдарының кітаптары мыңдаған батыс тілдерінен енген кірме сөздерге толы. Әрине, мен бұған аса қарсымын дей алмаймын, әйтсе де қолымыздан келгенше жаңа терминдердің төл тілімізден болғандығын қалар едім. Өйткені Түркия ғылым, техника салаларында күннен-күнге дамуда, ал мұндай мәселе дер кезінде қолға алынбаса, тура арабша, парсыша сөздер сияқты тілімізді шұбарландырып жібереді. Ғылым, техника салаларынан мәдени тілімізге, одан ауызекі тілге орныққын терминдер, түрік тілінің сапасын бұзады, оның кірленуіне жол ашады» [8].

Қорыта келгенде, термин сөздердің жақын, ұқсас келуі адамдардың бір-бірімен түсінісуіне де жеңіл болады. Термин жасаудағы тілдік бірліктер ұқсас, жақын, туыстас болып келсе, адамдардың қарым-қатынасында да оң өзгерістер мол болады. Жаңа терминдер бағалау, тану, таңдау кезеңдерінен өтіп барып, ұзақ ізденістер нәтижесінде пайда болады. Тілдер арасындағы

өзара сөз алмасу, термин алмасу – қашан да болып отырған табиғи құбылыс. Түрік тілінде де сөз алмасу, термин алмасу құбылыстары да назардан тыс қалмаған. Түрік тілдеріндегі терминдердің қалыптасуында, жасалуында, термин алмасуында өзіндік зерттелу тарихы бар. Түрік тілінде терминжасам мәселесі әлі де жалғасып, күнделікті өмірде жаңа терминдермен толығып келе жатыр. Түрік тіліндегі қазіргі таңдағы басты мәселе – шетел тілінен еніп жатқан көптеген терминдерді аудару мәселесі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Demir Celal. Türkçe dil bilgisinde terminoloji . Belleten 2006 – I.
2. Бегимова Г.А. Түрік терминологиясының зерттелуі. KazNU Bulletin. Oriental series. №3 (60). 2012.
3. Kahkraman Mehmet. Türk Dilinin Terimsel Gelişim Sürecine Tarihî Bakış. Medeniyet ve Toplum / Bahar 2017 Cilt 1 Sayı 1.
4. *Agakay Mehmet Ali*. Kelime yapı yolları. – İstanbul. 1943. – 300 s.
5. Osman Fikri Sertkaya. “Bayram” kelimesi üzerine. Türk dili. Mayıs 2021
6. Berke Vardaı. Açıklamalı Dilbilim Terimleri Sözlüğü. İstanbul. 2007
7. Mehmet Kara. Terim Türetmeye Elverişli Bir Ek: -an/-en. Türk Dili. 1996
- Baskan Ö. Terimlerde özleşme sorunu. Türk Dili Araştırmaları Yıllığı. Ankara. 1973. – 184 s.

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ТЕРМИНЖАСАМДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АУДАРМА ӘДІСТЕРІ

Жөнкешов Бауыржан Сейсенбекұлы

*Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті,
Алматы қ., zhon_bs79@mail.ru*

Қандай да бір саланың пайда болуында сәйкесінше, сол тілде өзінің терминологиялық аппаратының пайда болуы заңды құбылыс. Техникалық саланың құбылыстары мен нысандарын атауда қолданылатын тілдік бірліктер осы терминжүйенің басты құраушысы болып табылады. Техникалық терминологияның негізгі бірлігі – техника ғылымы саласына жататын терминдер. Техникалық термин – бұл ғылыми-техникалық білімнің белгілі бір саласына қызмет ететін, терминологиялық базаның құрамына кіретін арнаулы аталым бірлігі. Қазақ терминологиялық қорында техникалық терминдер төмендегідей салаларға жіктелінеді: *математика, энергетика, машинажасау, физика, механика және машинатану, информатика және*

есептеуіш техника, электроника, радиотехника және байланыс, сәулет және құрылыс, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі және т.б.

Қазіргі терминтанымда терминнің тілдік жүйедегі орнын анықтау мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Терминнің лингвистикалық мәртебесін зерттеуде ғалымдар оның негізгі белгілерінің бірі ретінде терминнің қос жүйелілігін көрсетеді. Қарастырылып отырған техникалық термин ең алдымен жалпы қазақ тілінің жүйесіне жатады, сонымен бірге ол терминологиялық жүйенің элементі болып та табылады. Сондықтан оның қалыптасуы мен дамуы барысында терминожүйе өз тілінің тілдік заңдылықтарына сүйенуі тиіс. Кез келген техникалық терминология өзге де терминология салалары секілді тілдік жүйенің бөлігі бола отырып, жалпы тілде қабылданған қағидаттар мен ережелерге сәйкес қалыптасуы және дамуы қажет. Яғни терминологиялық аталым жалпы тілдік лексикаға тән негізгі тәсілдермен жүзеге асырылады.

Ғылыми-техникалық терминология көбінесе жалпы тілдің лексикалық бірліктерінің семантикалық құрылымының модификациялары негізінде құрылған терминдер арқылы қалыптасады. Бұл процесс терминдену немесе жалпы сөздің семантикалық дамуы ретінде анықталады. Терминдену екі жолмен түсініледі: кең мағынада ол жалпы лексикалық бірліктің мағынасын қайта қарау нәтижесінде жаңа терминологиялық бірліктердің пайда болуының барлық процестерін қамтиды (яғни, «терминдену» және «терминжасамдағы семантикалық әдіс»). Жалпы лексиканың терминдену барысында лексикалық бірліктің семантикасын тарылту немесе кеңейту процестері, трансферттің әртүрлі түрлері, яғни, лексикалық бірліктің терминөріске өтуіне әкелетін процестер. Тар мағынада терминология дегеніміз лексикалық бірліктің термин санатына өту процесінде оның семантикалық құрылымындағы жеке өзгерістер деп түсініледі (бұл түсінікте терминология семантикалық әдістің кіші түрлерінің бірі болып табылады) [1;8].

Жасыратыны жоқ қазіргі таңда тілімізде ғылыми-техникалық терминдер тек өзге тілдерден (негізінен орыс тілінен) аудару жолымен жасалынып жатыр. Терминтанушы ғалымдар аударманы терминжасамның бір тәсілі ретінде де көрсетеді [2; 3]. Терминжасамның бұл тәсілден өзге семантикалық, морфологиялық, синтаксистік морфолого-синтаксистік және т.б. тәсілдері бар. Ш.Құрманбайұлы терминтанымда «бірқатар ғалымдар терминжасам (терминообразование) тәсілдерінің бәрінің басын біріктіріп, терминшығармашылығы (терминотворчество) деп атайтынын» тілге тиек ете келе, осы пікірдегі ғалымдарды қолдайтынын сөз етеді [3; 539]. Ғалымның бұлай айтуының негізі бар. Термин тек терминжасам тәсілдері арқылы қалыптаспайды, төл лексикалық қордағы жеке-

леген сөздер тілдің ішкі заңдылықтарына бағына отырып, терминденеді. Бүгінгі таңда, бұл қағида терминжасаушы ғалымдардың назарынан тыс қалып келе жатыр.

Негізінен, терминжасамда немесе өзге тілдерден термин қабылдауда алаш зиялылары көрсеткен мына қағидаларға сүйенген дұрыс болар еді:

1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын;

2. Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түркі халықтарынан ізделінсін. Басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түркі сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын;

3. Еуропа халықтарының бәріне де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын; ондай сөзге мағынасы дәл келетін қазақтың сөзі болса, жалпы еуропа сөзімен қазақша сөз, түбінде екеуі жалпы халықтардың талғауына түсіп, қай қолайлысы алынатын болу үшін, екеуі қатар жазылып отыратын болсын;

4. Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада көрсетілген заңдарша өзгертіліп алынсын [4; 25]. Өкінішке орай бүгінгі терминжасамда бұл қағидаттардың жүзеге асуы жай ғана формалдылық болып қалды. Қазіргі терминжасамда аударма теориясының тәсілдеріне басымдық беріліп кеткендігі ащы да болса шындық. Терминтүзушілер термин жасауда аударма теориясының лексикалық, лексикалық-семантикалық және лексикалық-грамматикалық аударма трансформациялары сияқты тіларалық трансформацияларды қолдану арқылы шешіп келе жатқандығын бүгіндері жасақталып отырған техникалық-ғылыми термин базаларынан анық байқауға болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін аударма трансформацияларына жекелей тоқталмақпыз.

«Лексикалық трансформация: транслитерация, транскрипция, калькалау және т.б.

Грамматикалық трансформация: грамматикалық алмасымдар және сөйлемнің бөлшектенуі және т.б.

Лексикалық-грамматикалық трансформациялар: экспликация (сипаттамалық аударма), антонимдік аударма, компенсация (түрлендіріп аудару)» [5].

Терминдерді аударудың негізгі әдісі аударылатын тілден лексикалық баламасын іздеу. Бұл әдіс түпнұсқа тілден аударылатын тілдің лексикалық қорынан аударылып отырған терминге сәйкес балама іздеу жұмыстарынан тұрады. Оған бекітілген терминологиялық қордан мынадай мысалдар келтіруге болады: *башня – мұнара, колесо – доңғалақ, мачта – діңгек, решето – елек, стержень – өзек, стойка – таған, стоянка – тұрақ, ворот – шығыр, дробь – бөлшек, клин – сына* және т.б. Бұл әдіс терминжасамда да негізгі

әдістің бірі болып табылады. Осы әдіспен жасалған терминдердің өміршеңдігі өте жоғары. Бірден көпшілік қолдауына ие болып, қазақ терминологиялық қорына сіңісті болып кетеді.

Транслитерация әдісі. Бір тілден екінші тілге таңбалар мен олардың дыбысталуын дәлме дәл, еш өзгеріссіз беру тәсілі. Транслитерацияда морфологиялық және фонетикалық ассимиляциялар қатар жүреді. Мысалы: *аккумулятор – аккумулятор, автогрейдер – автогрейдер, автоконвекция – автоконвекция, якобиан – якобиан, эффузия – эффузия, энтальпия – энтальпия, шифркод – шифркод, функция – функция, формализм – формализм, флюоресценция – флюоресценция және т.б.*

Аударма теориясында бұл тәсіл арқылы кісі есімдерін, жер-су, мекеме атауларын және т.б. оқырмандарды басқа бір ұқсас атаулармен шатастырып алмау үшін қолданады. Терминологияда бұл тәсілді негізсіз қолдануды қате деп танимыз. Себебі, түпнұсқа тілден ешқандай өзгеріссіз сол тілдің түпнұсқа-лық таңбалануы мен айтылымын сақтап келген сөз аударылған тілдің ішкі заңдылықтарына айтарлықтай нұқсан келтіреді. Ол жайында С.Құлманов «шеттілдік терминдерді таңбалауда (транслитерациялауда, транскрипциялауда) қазақ тіліне тән емес құбылыстар (тіркесімдер, таңбалар және т.б.) орын алуы мүмкін. Мысалы, а) үш немесе одан да көп дауыссыздың қатар келуі (аккредитив, коэффициент және т.б.); ә) екі немесе одан да көп дауыстының қатар келуі (гидроакустика, радиоактивті және т.б.); б) ь, ь тәрізді қазақ сөздеріне тән емес таңбалардың алынуы (вольт, конъюктура және т.б.)» [6] - деп көрсетеді.

Транскрипция әдісі. Аударма тілінің таңбаларын қолдана отырып, оның дыбыстық формасын қайта құру арқылы түпнұсқаның лексикалық бірлігін аудару әдісі [7]. Мұнда бастапқы тілдің «аударылатын тілдің әр фонемасы фонемалық құрамнан сәйкестік табады» [8], «бастапқы тіл мен аударма тілдің бірліктер арасындағы фонемалық сәйкестіктің болуы» [9]. Аударма теориясының мамандары бұл әдістің көмегімен негізінен «жалқы есімдер, географиялық атаулар, шылаулардың белгілі бір бөлігі және ономотопеялық сөздер, экзотизмдер, реалий сөздер, газет-журналдардың, фирмалардың, кәсіпорындардың, қонақүйлердің атаулары» [10] аударылатындығын көрсетеді. Қазақ терминологиялық қорынан мұндай терминдер қатары аз да болса, кездеседі: *кабель – кәбіл, станция – станса, режим – режім, ящик – жәшік, нуль – нөл, модель – модел, ось – өс және т.б.*

Калькалау әдісі. Морфемалар немесе лексемалар аударма тілдің тиісті элементтерімен аударылған кезде сөздің комбинаторлық құрамын беру тәсілі. «Бір тілдегі сөз бен сөз тіркестерін я сөз мағынасын ауыстыру, көшіру» [11] немесе, «өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі

мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау» [3; 583]. Қарапайым тілмен айтқанда сөзбе сөз аударма. Терминнің негізгі белгілері бірізділікті білдіретіндіктен, бұл әдіс аударманың кең таралған әдістерінің бірі: *арматура литейная – құйма арқау, құйма бекемдік, база сборочная – құрастыру негізі, балка поперечная – көлденең арқалық, антиупорядоченность – қарсы реттелгендік, быстрота сходимости – жинақталу жылдамдығы, величина дробная – бөлшек шама, величины однородные соизмеримые – біртекті өлшемдес шамалар, вероятность случайного события – кездейсоқ оқиға ықтималдығы, язык описания данных – деректерді сипаттау тілі, эффективная система – тиімді жүйе және т.б.* Бұл тәсіл көбінесе күрделі құрылымды аударуда қолданылады. Калькалау әдісі «кеңес дәуірінде пайда болған өнімді амалдардың біріне айналды» [2; 144]. Сол дәуірден бастау алған аталмыш әдіс бүгінгі күнге дейін терминжасамда өзінің маңызын жоғалтқан емес. Керісінше, қазіргі терминжасамда кеңінен қолданысқа ие болып келеді. Ш.Құрманбайұлы калькалау жайлы «Кейбір тілдерде калька шет тілдері сөздерін игерудің бірден-бір тәсілі болып саналады. Біз де солай етейік деп өзге тілдерді үлгі ете берудің реті бола қоймас. Бірақ қажетіне қарай, термин шығармашылығында бұл тәсілді де жатсынбай пайдаланып, оны тіліміздің табиғатына сәйкестендіріп жетілдіре білсек, терминжасам тәсілдеріміздің өрісі кеңейіп, өзге тілдердің сөздерін игеру мүмкіндігіміз арта түспек» [3; 585] деп, калькалау тәсіліне сақтықпен қарау керек екендігін ескертеді.

Грамматикалық алмасымдар әдісі. Бастапқы тілдегі грамматикалық бірлік аударма тілдің грамматикалық мағынасы бар сәйкес бірлігіне алмастыру арқылы жасалатын әдіс. Олар сөз табы, сөйлем мүшесі, сөз тудырушы, сөз түрлендіруші қосымшалар болуы мүмкін. Терминқорымызда бұл тәсіл арқылы жасалған терминдер өте көп: *абстрактная информационная поисковая система – абстракты ақпаратты іздеуші жүйе, автоматизация верификации программ – программалар верификациясын автоматтандыру, автоматический морфологический синтез – автоматтық морфологиялық синтездеу, аксессуары автомобильные – автомобил аксессуары, аппарат турбины сопловый – турбинаның соплолық аппараты, аппаратура диагностическая – диагноздау аппаратурасы, аккумуляторная батарея общестанционная – жалпыстансалық аккумуляторлық батарея, вакуумная дегазация – вакуумдық газсыздандыру, вал электрической машины – электр машинасының білігі, гидравлическая турбина, диагональная – диагоналды гидравликалық турбина және т.б.*

Экспликация немесе сипаттамалы аударма әдісі. Бастапқы тілдің лексикалық бірлігі аударылатын тілдегі аударылып отырған сөздің мағына-

сын толық түсіндіретін немесе анықтайтын сөз тіркесімен ауыстырылатын лексика-грамматикалық әдістің түрі. Бұндай бірліктер терминкордан аз да болса да кездесіп жатады: *луцение – топырақты сыдыра жырту, бифуркация рек – өзендердің екіжарылуы, встроенные помещения – жапсарлас салынған үй-жайлар, холодная пристройка – салқын жапсарлас құрылыс, влагомер емкостный – көлемдік ылғал өлшегіш және т.б.*

Аудармашылардың (терминжасаушылардың) мұндай әдіске аударма тілден дәл балама таба алмаған жағдайда жүгінеді. Сипаттамалық аударманың кемшілігі – оның көп сөзден тұратындығы, шұбалаңқылығы. Терминтанушы ғалымдар осы әдіс арқылы жасалған терминденуді терминденудің алғашқы процестері ретінде де таниды.

Қорыта келе, аударма тәсілі терминжасам шығармашылығының бір тәсілі болып табылады. Өкінішке орай, бүгінгі терминжасам жұмыстарында бұл тәсіл негізгі тәсілге айналып отыр. Төл лексикалық қордағы жекелеген сөздерді тілдің ішкі заңдылықтарына бағындыра отырып, терминжасау үрдісі назардан тыс қалып бара жатыр. Сондай-ақ, өз заманында өзге тілден термин қабылдауда адал қызмет еткен алаш зиялылары қабылдаған қағидалар бүгіндері әлі де болса өзектілігін жоймағанымен, мүлдем назарға алынбай келеді. Салалық терминдерді түзуші – сала мамандары, «батасын беретін» – тіл ғалымдары, ал, сыншысы – тіл тұтынушылар. Бізге болашақта қазақ тілді сала мамандарын дайындауға күш салуымыз қажет. Сонда ғана сала терминдері дұрыс бағытта дамиды деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Думитру Э. Особенности развития и современное состояние русской геоморфологической терминологии Автореф. дис. ... канд. филол. наук / Э.Думитру. — М., 2008. — 24 с.
2. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 624 б.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.
4. Терминология мәселелері. 1-кітап. –Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006. –288 б.
5. Комиссаров В. Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): Учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. — М.: 2004. — 253 с.
6. Құлманов С. Шет тілінен енген терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2017. – №3 (61). –80-86-бб.
7. Комиссаров В.Н. Теория перевода. – М., 1990.

-
8. Бархударов Л.С. Язык и перевод: Вопросы общей и частной теории перевода. – М., 2008, 176 с.
 9. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М., 2004
 10. <https://cyberleninka.ru/article/n/transkriptsiya/viewer>
 11. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. Алматы, 1966

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АУДАРМАСЫНЫҢ ЛИНГВО-КОГНИТИВТІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Төлеубаева Ақнұр Мұхитқызы

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., aknur.toleubayeva@gmail.com*

XXI ғасырдағы жаһандану дәуірінде қандай да ғылым саласындағы өзекті мәселелерді қайта қарау, жандандыру, жаңғырту арқылы елдің мүддесі мен ұлттық этникалық сипатын оның рухани мол мұрасы арқылы көрсету, сол арқылы өзге ұлттардың арасындағы ментальдік ерекшелігін сақтау мақсатына қол жеткізу аса маңызды. Дегенмен өркениет дамуының талабы мен аударматанудағы сұранысқа орай, ұлттың болмысы мен дүниетаным ерекшеліктері арқылы халықтың өзіндік сипатын таныту келешек ұрпаққа тілдің барлық көркемдігі мен мәнін жеткізуге мүмкіндік береді. Ұлттың архаикалық, дербес (индивидуалдық) тілдік оралымдарын сақтау, насихаттау, сол арқылы тіл байлығын тұтас жеткізу – бүгінгі заман талабы.

Ақпараттық жаһандану жағдайындағы мәдениетаралық қарым-қатынастарды жаңғырту, оның сапалық құзыреттілігін жаңа деңгейге көтерудің бір тәсілі – аударма. Қазіргі таңда қазақ аударматану ғылымы жедел даму үстінде. Қазақ ақын-жазушыларының туындыларының әлемдік деңгейде танымал бола бастауына соңғы жылдары ғана мүмкіндік туды. Аударматану – тілдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындап, әлемнің тілдік бейнесін танымдық тұрғыда зерделейтін сала. Соның негізінде аударматану ғылымдар арасындағы ынтымақтастықты орнықтыратын, тілдердің мүмкіндіктерін танытатын ілім ретінде қалыптасты.

Сөз өнерінің дамуы сол елдің өркениетіне, мәдени даму деңгейіне қатысты. Себебі, сөздің мәні, тілдік-стильдік түрленуі ұлттың рухани дамуымен, әдеби шығармашылықтың кемелденуімен тікелей байланысты. Соның ішінде ұлттық тілдің көркемдік-бейнелілік сипатын байытатын тіл жанашырларының орны ерекше. Осындай орны ерекше қаламгерлердің

бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлының бай шығармашылық мұрасының басым бөлігі – лингвистикалық еңбектері. Бұлар тіл деңгейлерінің жалпы бәріне қатысты болып келеді, тақырыбы жағынан да түрлі. Оның лингвистикалық ізденулері «Тіл – құрал», «Әліпби» сияқты арнайы еңбектерімен ғана шектелмейді. Ғалымның түрлі тіл мәселесіне қатысты өзіндік пайымдаулары, теориялық тұжырымдары бұлардың сыртында көсемсөз түріндегі жазғандарынан да, сондай-ақ «Әдебиет танытқыштан» да үнемі кездесіп отырады. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесі, грамматикалық құрылысы жөніндегі негізгі зерттеулерін былай қойғанда, оның назарынан әдеби тіл, тіл мәдениеті, этнолингвистика, прагматикалық (функционалды) грамматика, «оқыту ғылымы» (методика) мәселелері де еш уақыт тыс қалған емес, сонымен қатар келешек ұрпаққа бұлар жөнінде де бірсыпыра құнды бағдарламалық пікір қалдырды [1; 6].

Бұл оқулықтар қазақ тілінде жазылған тұңғыш еңбектер және кейінгі қазақ тілі морфологиясының ғылыми негіздерінің қалыптасып, дамуына негіз болды. Ықшамды түрде баяндала тұрса да, көптеген мәселелерді өте білгірлікпен, көрегендікпен айта алған. Сол себептен Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін шет тілдеріне аудару қазақ тілінің байлығын, жүйелілігін жеткізуді көздейді. Атап айтқанда, ағымдағы жылда әртүрлі тілдерге аударылған «Таңдамалы шығармалары» қазақ тілінің дербестігі мен ерекшелігін әлем деңгейінде танытатын дүниелердің бірі болып отыр. Бұндай деңгейдегі еңбектің аудармасын жасау аудармашы тарапынан кәсіби шеберлікті ғана талап етіп қана қоймай, екі тілде де терең білімділік пен жан-жақтылықты міндет етеді. Себебі, Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінде қолданылған тілдік түрленулер, сөз орамдары мен морфологиялық тұрғыдан сөз жасалымдары аударма барысында заман талабына сәйкес сүзгілеп, саралануы қажет. Осы кезде аудармашы көптеген мәселелерді шеше алатын жағдайда болуы керек. Мәселен, сол кездегі сөздік бірліктердің қазіргі жазылуы. *Жер түгі - өсімдік, ізашар – негізін салу, әжл – ажал, држе – дәреже, файде – пайда* [2] т.б. секілді сөздік бірліктердің аудармасын бермес бұрын қазіргі атауларын анықтау қажет. Көмекші құрал ретінде ұсынылған түсіндірме сөздік көп уақытты үнемдеуге септігін тигізді. Келесі мәселе – транскрипциялау. Еуропаның түркологтары *Turkic Languages* журналында берілгендей Ларс Йохансонның (Lars Johanson) әліпбиін қолданады. Әртүрлі халықаралық журналдарда басылымға шығатын мақалаларды жазуда да осы транскрипция қолданылады. Аудармашылар жұмысын жеңілдететін интернет желісіндегі онлайн конвертерлер мүлдем басқа. Мәселен, *æ* дыбысын *æ* (Lars Johanson) және *ā* (kaznews.mn/converter/, astanatimes.com, qazlat.kz) символы арқылы беру. *Әдебиет танытқыш – Guide on Literature – Ādebiyet Tanıtqış*. Бұл тұрғыда ең маңыздысы аударма-

шы оқырманның аударманы дұрыс қабылдауына жағдай жасау үшін дұрыс таңдау жасауы қажет. Бірақ әр дыбысты транскрипциялау үшін қажет символды тауып қоюдың өзі, яғни, техникалық жұмыстар ұзақ уақыт алады. Бұл уақыт аудармашының аударма жасау барысында мағыналық дұрыс берілуін пысықтауға жұмсайтын уақыттан едәуір көп. Бұл мәселенің шешімін табу үшін транскрипциялауды бір жүйеге келтіру қажет екені анық. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес. Дегенмен, қазіргі буындағы аудармашылардың жұмысын қажет деңгейде дұрыс жасалуын талап етсек, техникалық тұстарын ретке келтіруге көңіл бөліну керек.

Аудармашының жұмысы межесіне жеткен соң, аударма әрі қарай редакциялауға ұсынылады. Аударманы редакциялау дегеніміз күрделі процесс, сонымен қатар, қазіргі талапқа сай қазақ – ағылшын тілінің аудармасын тексеріп, түзете білетін білікті мамандарды дайындайтын арнайы орындар жоқ. Нақты Ахмет Байтұрсынұлының «Таңдамалы шығармаларын» айтатын болсақ, аударманы редакциялауға қазақ тілін жетік білетін ағылшын өркениетінің өкілі керек. Сонымен қатар, тек қазақ тілін жетік біліп қана қоймай, Ахмет Байтұрсынұлының тілдік тұлғасымен таныс, стилистикалық ерекшелігін айқындай білетін, жоғары деңгейде нәтиже көрсетуі қажет. Себебі, аудармашының жасаған жұмысына дәлелдеу базасы дайын дұрыс не бұрыс пікір бере алатын дәрежеде болуы қажет. Мысалы, *Орынбор* қала атауы аудармада ағылшынша транскрипциясымен *Orynbor* деп берілсе, редакциядан соң *Orenburg* деп өзгертілген. Осы тұста көп сұрақ туындайды. Жалпы бұндай мысалдар көп кездеседі.

Қорыта айтсақ, бұндай туындылар қазақ халқының ортақ құндылығы болып табылады, сондықтан бұндай жұмыстардың қолға алынуы ұлттық құндылықтарымыздың болашақ ұрпаққа дәріптеліп, аса биік дәрежеде берілуін көздейді. Жас буынды көркем шығармаларды аса қызығушылықпен оқып, аударудың қыр-сырын игеруге итермелейді. Көркем туындыларды аудару арқылы түпнұсқада қамтылған әлеуметтік мәселені, негізгі ойды басқа тіл оқырманына жақын етіп кескіндеуге тырысады, оған қоса, өзге жұрттың наным-сенімін, дүнеитанымын беру арқылы сол ұлттың рухани әлемінен, жан дүниесінен, оқырманын хабардар етеді. Бірақ, қазіргі таңда жас буынның көркем шығармаларды оқуға деген ынтасы төмен. Бұл әрине басқа мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұхтаров С. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл біліміндегі сөз таптастыру проблемасы. // Ахметтану тағылымдары – Алматы: Ғылым, 1998. – 294 б.

2. Ахмет Байтұрсынұлы. «Таңдамалы шығармалары» – Ш.Шаяхметов

атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы – Астана: 2022. – 240 б.

3. Akhmet Baitursynuly. «Selected works» – National scientific and practical center «Til-Qazyna» named after Shaisultan Shayakhmetov – Astana: 2022. – 240 p.


ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛДАРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ҮЛЕСІ ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Әбдікәрім Нұрзия


Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Астана қ., a.nurziya@tilqazyna.kz

Ана тіліміздің мәртебесі өзінің деңгейіне көтеріліп, қоғамның барлық саласында белсенді түрде қолданылуы үшін оның ғылым саласындағы қолданысының айтарлықтай маңызы бар. «Қазақ тілі ғылым тілі болғанда ғана оның бұдан әрі өсіп-өркендеуіне жол ашылмақ» [1; 22]. Ғылым тілінің негізгі арқауы болып табылатын терминдердің, жалпы бекітілген терминдердің «жағдайы» қандай (қолданылып жатыр ма, қолданыс жиілігі қандай) деген мақсатта бірнеше терминдерге Google Trends веб-қосымшасы арқылы сұрау салып көрдік. Мысалы, «тамшуыр» (медицина саласында) термині: вакуум-пипетка – вакуум тамшуыр, 2006 ж.; аптечная пипетка – дәріханалық тамшуыр, 2021ж. ретінде бекітілген. Оның Қазақстан аумағында 2008 ж.-дан қазіргі уақытқа дейінгі жалпы қолданысы бойынша мынадай картинаны көруге болады:

Жылдар, айлар	2008, ақпан	2010, қараша	2011, маусым	2012, ақпан	2017, маусым	2022, шілде
Тіркелген саны	83	100	14	5	4	1




Сурет 1. «Тамшуыр» терминінің 2008-2022 ж. танымалдылық динамикасы



Сурет 2. Веб-іздістіру бойынша (денсаулық сақтау саласында) қолданысы

«Тамшуыр» термині 2006 жылы ресми түрде бекітілгенімен, денсаулық саласындағы оған дейінгі мәліметтерде кездесетіндігін, тіпті қазіргі уақытқа қарағанда жиі қолданыста болғандығын байқауға болады (Сурет 2): 2004 – 93, 2005 – 100, 2008 – 19, 2008 (мамыр) – 19, 2010 -12, 2013 – 1, ... – 2022 – 0. Бұған қарағанда «Тамшуыр» терминінің тауар ретінде іздестірулі әлдеқайда жоғары болып келеді:

Жылдар, айлар	2008, наурыз-2010 қыркүйек	2018, қазан	2019, маусым	2022, маусым
Тіркелген саны	100	98	100	100



Сурет 3. «Тамшуыр» терминінің тауар ретінде іздестірілуі

Сонымен қатар осы терминнің жаңалықтарда, Ютубте және суреттік-бейнелік қорлардағы кездесу жиілігіне де талдау жасап көрдік:

Жылы	Жаңалықтарда		Ютубте		Суреттерде	
	жылдар, айлар	жиілігі	жылдар, айлар	жиілігі	жылдар, айлар	жиілігі
2008-2022 (13,5 жыл)	2008, қаңтар	41	2008, қаңтар	100	2008, мамыр	100

	2009, шілде	29	2009, қаңтар	63	2008, қазан	80
	2010, мау- сым	100	2009, қараша	54	2009, қараша	81
	2010, қыркүйек	52	2010, қыркүйек	23	2011, тамыз	16
	2022, ақпан	1	2022, маусым	1	2022, қаңтар	1
Жиілігі	223/16,5		241/17,8		278/20,5	

Кесте 1. «Тамшуыр» терминінің басқа да мәлімет көздерінде кездесуі

Осы салыстырулардың негізінде «тамшуыр» терминін термин ретінде қолдануды қойып (Қараңыз: *Веб-іздістіру бойынша (денсаулық сақтау саласында) қолданысы*), оның бекітілуі жайында мәліметтен Ғаламтор пайданушылары, ғалымдар т.б. мүдделі адамдар бейхабар деген қорытынды жасауға болады; аталған терминнің ең жиі қолданысы оның тауар ретіндегі қолданысы, дегенмен мұнда да 2010-2018 жылдар аралығында жиілігінің төмендігін байқаймыз. Ал бұл термин бойынша Google Trends веб-қосымшасының мүмкіндігін пайдаланып, еліміздің қай аумағында көбірек іздестірілді деген сұраққа жауап ала алмадық, өйткені қолданысы тым төмен.

Терминдердің қолданысы бойынша біздің назарымызға іліккен мәселенің бірі – отандық ғылыми журналдардағы мемлекеттік тілде жарық көретін мақалалардың санының аз екендігі. Мақала ғылыми еңбектердің ішіндегі көлемі жағынан шағын жанрларының бірі болғанымен, ғылыми ізденістердің, ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау, ғылыми ортаның талқысына салу үшін жазылатын таза ғылыми еңбектердің бірі болып табылады. Яғни, мақала маманнан маманға арналатындықтан, онда терминдер молынан қолданылатыны белгілі. Сондықтан біз Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒССҚК, 2021 жылғы 28 қаңтардағы №52 бұйрығы) бекіткен [2] журналдардағы мемлекеттік тілде жарық көрген мақалалардың үш тілдегі санын түгендеп шықтық. Жоғарыда аталған Комитет басшысының бұйрығына сәйкес барлығы 121 журнал бекітілген. Оның ішінде тек қана ағылшын тілінде мақала қабылдайтын журнал саны – 19; түрік және ағылшын тілінде 1 журнал («Білік»), орыс және ағылшын тілінде 2 журнал (ҚазҰУ хабаршысы. Химия сериясы), басқасы үш тілде де мақала қабылдайды. Кейбір журналдардың қай тілде мақала қабылдайтындығы нақты жазылмаған, алайда журналдың жарық

көрген сандарындағы мақалаларға қарап отырып, ағылшын және орыс тілінде қабылдайтындығын топшылауға болады. Мысалы, Т.Қ. Жүргенов ат. Қазақ ұлттық өнер академиясының «Central Asian Journal of Art Studies» халықаралық журналының 2022 ж., № 1(7) санында 6 мақала жарық көрсе, оның – 3 орыс, 3-і ағылшын тілінде. Төменде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үш тілде мақала жариялауға болатын ҒСҚК бекіткен журналдарына жасалған талдауды беріп отырымыз.

№	Басылымның атауы	каз.	ор.	ағ.	бар	қ.т.%
1	ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы	4	3	9	16	25
2	ҚазҰУ хабаршысы. Физика сериясы	1	3	6	10	10
3	ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы	-	7	6	13	0
4	ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы	10	1	5	16	62,5
5	Педагогика ғылымдары сериясы	6	9	4	19	31,5
6	Психология және социология сериясы	9	11	4	24	37,5
7	ҚазҰУ хабаршысы. Дінтану сериясы	3	1	6	10	30
8	ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы	12	6	4	22	54,5
9	ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы	6	3	-	9	66,6
10	ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы	9	4	-	13	69
11	ҚазҰУ Хабаршысы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы	3	4	6	13	23
12	ҚазҰУ Хабаршысы. Биология сериясы	2	6	4	12	17
13	ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы	5	5	2	12	42
14	ҚазҰУ Хабаршысы. Экология сериясы	-	7	3	10	0
15	Қаз ҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы	-	4	5	9	0
16	Chemical Bulletin of Kazakh National University	-	1	5	6	0
Барлық саны, пайыздық үлесі		70	75	69	214	32,7

Кесте 2. ҚазҰУ Хабаршысы сериялық журналдарында (№2; 3, 2022ж.) жарық көрген мақалалардың қазақ тіліндегі үлесі.

Зерттеу университеті болып табылатын ұлттық университеттің қазақ тілінде жарық көретін мақалаларының пайыздық үлесі 50%-дан төмен болуы оның ғылым тілі ретінде белсенді емес екендігін көрсетеді. Егер де филология,

тарих, география, шығыстану серияларын алып тастасақ, басқа сериялардағы мемлекеттік тілде жарық көрген мақалалардың пайыздық көрсеткіші 21,4%-ды құрайды. Тіпті қазақ тілінде бір де бір мақала жарияланбаған журнал сериялары да кездеседі.

Төменде басқа да университеттің Хабаршыларында (Университет еңбектері)¹ мемлекеттік тілде жарық көрген мақалалар бойынша жасалған талдауды ұсынып отырмыз.

№	Басылымның атауы	Ғылыми бағыты	қаз.	ор.	ағ.	бар	қ.т.%
1	«Ғылым мен Денсаулық Сақтау»	Семей медицина университеті	4	13	14	32	12,5
2	«Проблемы агрорынка» Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты	Экономика ғылымдары	7	10	4	21	33
3	«Тұран» университетінің хабаршысы	Экономика ғылымдары	8	15	17	30	27
4	«Университет еңбектері» Қарағанды техникалық университеті	Машинажасау, Энергетика және автоматика, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Жоғары мектеп педагогикасы	13	29	13	55	17
5	Алматы технологиялық университетінің хабаршысы	Тамақ өндірісі	18	13	10	41	44

Кесте 3. *ФСҚК бекіткен кейбір журналдардағы (№2, 2022ж.) мемлекеттік тілдегі мақалалар үлесі.*

¹ Ғаламтор желісінде қолжетімді журналдар (№2, 2022ж.) пайдаланылды.

Мемлекеттік тілдің ғылымның барлық саласында үстемдік құруы үшін қазақ тіліндегі терминдердің жүйеленіп, бірізділендірілуі маңызды мәселенің бірі екені сөзсіз. Осы орайда «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының мамандары әзірлеген Терминком сайтының <https://termincom.kz/termins> базасында да 379 465 термин тіркелген, оның 31 611 термині Мемлекеттік терминология комиссиясының 1971-2020 жылдар аралығында бекіткен терминдер мен атаулар болып табылады. Терминдерді бекіту аталған зерттеу орталығы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясында қаралатын терминдерді қалың көпшілік қауымға сайт арқылы талқылауға ұсынылады; Мемлекеттік комиссия мүшелері оған өз пікірлерін білдіріп, дауыс береді және талқылау негізінде бекітіледі. Оған дейін сайтта сол терминнің толық сипаттамасы мен басқа тілдердегі баламалары және нақты ұсыныс беріледі. Мысалы, «герметикалық» деген термин жөнінде мынадай мәліметтер ұсынылады: Саласы: Этимологиясы; Дефинициясы 1. Қымтаулылық – қабықтың (корпустың), оның жеке-леген элементтері мен қосылыстарының қымтаулылығы, қабілеттілігі осы қабықпен бөлінген орталар арасындағы газ немесе сұйықтық алмасуына кедергі жасайды. Басқа да тілдердегі баламалары: 2. Әзербайжан: germetiklik; 3. Қырғыз: мүнөздүү импеданстар; 4. Өзбек: sizdirmazlik; 5. Түрік: sizdirmaz; 6. Ағылшын: tightness; 7. Испан: estanqueidad; 8. Неміс: Dichtheit; 9. Француз: étanchéité. 10. Бекітілген нұсқасы: герметичность – қымтаулылық (2015 жылғы 6 қазан); 11. Заңнамадағы қолданысы: герметикалық; 12. Бұл термин 1995 жылы «герметичность – қымтаулылық» деп бекітілген. Заңнамада «герметикалық» деген қолданысты кездестіреміз. Берілген мағынасын, бекітілген терминді негізге ала отырып, «герметикалық» деген нұсқаны ұсынамыз [3]. Демек бір терминнің өзі осы салада қызмет етіп жүрген мамандардың тынбай ізденіп, оның дефинициясын анықтап, туыстас түркі тілдерімен қатар басқа да үндіеуропа тілдеріндегі баламаларын көрсетіп қана қоймай, оның салалық қолданысына назар аударып, осыған дейін де бекітілген нұсқасын негізге ала отырып, комиссия мүшелеріне және салалық терминдерге қызығушылық танытатын мамандарға және көпшілікке ұсынып отыр. Осылайша әрбір термин орасан зор еңбек, ізденістің арқасында, осы саланың ғалымдарының қызу талқылап, бір шешімге келуінің арқасында бекітіледі. Бірақ акад. Ш.Құрманбайұлы айтқандай, «Ғылым мен техниканың сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген білікті ғалымдарымыздың өз еңбектерін ана тілінде жазбауы ғылым тілінің өркендеуіне, қазақ терминологиясының ұлттық сипатқа ие болуына көмектесіп отырған жоқ» [4; 41]. Мұндай жағдайда мемлекеттік тілдегі терминдердің қолданысы, қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру мәселесі бос сөз ретінде қала бермек. Сондықтан осы мәселе бойын-

ша нақты нәтиже шығару Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан мынадай талаптар қойылуы керек деген ұсынысымыз бар:

1. жоғары білім беру бағдарламаларындағы жалпы білім беру пәндерінің орнына білім алушыларға ғылым тілінің негізгі ұғымдары мен түсініктері, ғылыми дискурс (академиялық шешендік сөз) жайында мәлімет беріп, ғылым тілінің құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған «Академиялық жазылым және ғылыми дискурс» атты пән міндетті компонент ретінде енгізілуі керек;

2. жоғары білімнен кейін магистр, PhD дәрежелерін алу үшін жариялайтын мақалаларының белгілі бір %-ын мемлекеттік тілде жариялауға міндеттеу;

3. PhD дәрежелерін алу үшін қорғалатын диссертациялық жұмыстың негізгі мәселелері мен нәтижелері қорытындылары жайында алдын ала қалың көпшілікке You Tube, университеттердің сайтында немесе басқа да Ғаламтор желісіндегі ашық дерек көздерінде мемлекеттік тілде (диссертация жазылған (қорғалатын) тіліне қарамай) 5-10 минуттық хабарлама жасауды міндеттеу; бұл мемлекеттік тілдегі контентті арттыруға септігін тигізеді;

4. мемлекеттік грант аясында қаржыландырылатын жобалардың нәтижесі ретінде көрініс табатын ғылыми мақалалардың мемлекеттік тілде жарық көруге тиісті санын белгілеу;

5. ҒСҚК (ККСН) немесе университеттердің Хабаршылары, зерттеу институттарының еңбектері, журналдарында жарияланатын мақалалардың мемлекеттік тілде жарық көруге тиісті үлесін нақты (50%-дан төмен болмауы керек) белгілеу;

6. ҒСҚК тарапынан журналдар тізімін бекіту кезінде ондағы мемлекеттік тілде жарық көрген мақалалардың үлесін есепке алу критерийін енгізу;

7. Білікті ғалымдарымыздың ағылшын тілінде жазған еңбектерін мемлекеттік тілге аударып отыру қажет;

8. Әрбір университеттің, зерттеу институттарының сайтында ҒСҚК бекіткен журналдар еркін қолжетімді болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Біләл Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері, 2-ші басылым. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 237 б.

2. https://www.gov.kz/api/v1/public/assets/2022/8/5/f219b71eb73e8217a7391026105084ff_original.26680.xlsx

3. <https://termincom.kz/alan#page-5>

4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928+16 жапсырма б.

ЗЕРГЕРЛІК САЛА ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕНУІ

Қожахметова Гүлсара Амангельдиевна

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ. kozhakhmetova_ga@enu.kz

Қоғамдағы қызметтің барлық саласында қарқынды өзгерістер орын алған қазіргі әлемде барлық құбылысты бірдей қадағалау өте қиын. Жыл сайын пайда болып жатқан жаңа технологиялар, техникалық жүйелер, компьютерлік жобалар сияқты жаңа дүниелермен қатар жаңа терминологиялық жүйелер пайда болады немесе тілде бұрыннан бар жүйелер қарқынды түрде толығыады. Шетел тілінде келіп жатқан ақпарат дүниежүзілік интеграция үрдісі терминологиялық жүйенің даму қарқынын арттыруға ықпал етеді. Осы орайда бұрыннан қалыптасқан, өзіндік даму тарихы, тұрақты терминдік сипаты бар жүйелерге жаңаша қарау қажеттігі пайда болды. Осы кезеңде терминологияны қалыптастыру мәселесіне ұлттық мүдде тұрғысынан қараудың, ұлт тілінде қалыптастыру немесе сөздік қорын пайдаланудың маңызы туралы ғалымдар өз пікірлерін білдірді [1, 10]. Зерттеуші ғалымдар атап көрсеткен терминжасамның түрлі тәсілдерінің ішінде ертеде халық тілінде пайда болған халықтық лексиканың терминденуі, жалпы қолданыстағы сөздердің кәсібиленуі арқылы терминге айналуы, диалект, көне сөздерді терминологиялық мағынада қолданылуы өнімді тәсілдер қатарына жатады [1, 23]. Ұлттық терминжасам қазақ тіліндегі жалпы қолданыстағы сөздерді пайдалану, тек баламасыз сөздерді өзге тілден алу сияқты қағидаларды ұстанады.

Ежелгі дәуірден бері келе жатқан көне кәсіптің бірі – зергерлікті бүгінгі отандық шеберлер меңгеріп, дамытып, қайта жаңғыртып, кәсіпке айналдырды. XX ғасырдың басынан XXI ғасырға дейін қолданыстан шығып, тек музей материалдары деңгейінде қалып қойған зергерлік лексиканы қазақ тілінде кәсіби лексикаға жатқызады. Басқа халықтың зергерлік іс терминологиясы қатарында кездесетін зергерлік лексиканы қазақ тілінде де терминжасам тұрғысынан қарастыру және салалық терминдер жүйесін қалыптастыру туралы Р. Шойбеков өз еңбегінде атап өтеді. Сонымен қатар ғалым қазақ тілінде тарихи, этнографиялық, мәдениеттанымдық және тілдік тұрғыдан зерттеу жүргізілген зергерлік лексика қатарындағы халықтық терминдер мәселесін қозғайды [2, 81]. Қазақ тілінде қазіргі даму кезеңін бастан өткізіп жатқан зергерлік өндіріс терминдерін реттеу, жүйелеу, стандарттаудың маңызы артты. Оған қоса ашық, динамикалық жүйе болатын зергерлік сөздік қор

қатарына нақты семантикалық шегі мен анықтамасы нақтыланбаған немесе екіұшты мағынадағы жаңадан пайда болған ұғымдарды (*kaffa сырға*) атау қажеттігі туындайды. Ал баламасы табылмаған жағдайда өзге тілден келетін сөздер сол күйінде қолданылады.

Зергерлік лексика қатарында терминдер ғана емес, семантикалық жағынан да, құрылымдық жағынан да толық зерттелмеген түптерминдер, квазитерминдер, терминбөлшектер, кәсіби сөздер және басқа да арнайы лексикалық бірліктер нақтылауды қажет етеді. Зергерлік лексика құрамындағы арнайы лексема түрлерін ажыратудың ең негізгі критерийлерінің бірі – ұғымдық сипаты, яғни ғылыми термин ең алдымен ұғым атауын білдіреді [3, 24]. Мұндай ұғымдарды тек тілдік тұрғыдан қарау жеткіліксіз болатындықтан терминжасам үрдісіне тек тілші ғалымдар ғана емес, сол сала мамандарының пікірі қажет, себебі термин сөздің мағынаға сәйкестігінен гөрі ұғымға сай келуі маңызды шарт болады.

Күнделікті өмірде зергерлік лексика адамның лексикалық қорындағы бірнеше зергерлік бұйым атауларымен шектелетін тәрізді көрінеді. Алайда зергерлік сала *геммология, зергерлік қолөнер атаулары, жасау және өңдеу технологиялары, қазіргі зергерлік коллекциялардың экспрессивті атауларының негізінде жатқан тіл құралы, зергерлік өнердің пайда болуы мен даму тарихына қатысты мәліметтерге толы этимологиялық, этнографиялық зерттеулерді* т.б. қамтитын ауқымды саланың бірі.

Қазақ тіліндегі зергерлік лексика бірнеше тақырыптық топтан тұрады. Олардың қатарында көне сөздер, диалектизм кездеседі. Р. Шойбеков зергерлік өнерге байланысты лексиканы *әшекей бұйымдар, тұрмыстық бұйым, ою-өрнек, құрал-сайман, қажетті материал, өңдеу, әдіс-тәсіл атаулары* сияқты тақырыптық топқа бөледі [2, 8]. Ұлттық зергерлік лексика құрамындағы кәсіби сөздерді семантикалық талдау терминге жақындығын көрсетеді. Алайда термин алды сөздер мен квазитерминдерді анықтау сияқты күрделі мәселелер зерттеуді қажет етеді, өйткені, оларды саралаудың критерийлері әлі де анықталған жоқ. Терминологияда кездесетін мұндай лексикалық бірліктердің сипаттамасы толық емес, сондықтан олардың анықтамасы зергерлік лексикада біршама дау тудыруы мүмкін.

Басқа салалар сияқты зергерлік сала ұғымдарының да өзара байланысты жүйесі, терминологиялық өрісі бар. Сонымен қатар зергерлік бірнеше саламен байланысты кәсіп болғандықтан оның қатарындағы лексика кен ісі және металлургия (*қарайту, оксидтеу*), өнер (*шекіме*), машина жасау (*кіреукелеу, әрлеу*), жеңіл өнеркәсіп (*сыздық, филигрань, сымкептеу*), химия (*тұндыру*), тарих т.б. салаларында қолданылады [4]. Зергерліктің ертеден келе жатқан кәсіп екенін ескерсек аталған ортақ терминдердің оған қатысы болуы заңды.

Зергерлік лексика қатарындағы терминдік сипаттағы сөздерге *металл өңдеу, көркемдеу және жасау әдіс-тәсілдері, құрал жабдықтар* т.б. атауларды жатқызуға болады. Бұл атаулардың көпшілігі өзге тілдерде (орыс, ағылшын) зергерлік салаға қатысты термин сөздер деп танылады.

Сонымен қатар терминдік сипаттағы сөздер (*бағалы тас, метал, технология*) аналитикалық тәсілмен жасалатын ұлттық зергерлік бұйым түрлері атауларының көпшілігінің құрамында бар. Мысалы бұйым жасалатын бағалы тас (*ақық алқа*) пен метал атауы (*зер белбеу*), жасау тәсілі (*бұрама білезік*) сияқты атауларда қолданылады.

Қазіргі заманда зергерлік саланың дамуына, кәсіптік деңгейде қолданылатын әдіс-тәсіліне қарай түрлі кәсіби бағыттардың (*оюшы зергер, қарайтушы, қондырғыларды қырлаушы немесе жапсырушы* т.б.) пайда болуы зергерлік лексиканың ауқымын кеңейтті [5]. Жоғарыда аталған лексикаға қосымша зергерлік бұйымның құрамдас бөліктерін (*каст, қондырғы, жиек-теме* т.б.), қосымша материал атауын (*асбест, талшықтас* т.б.), тізбектеу немесе өру түрлерін (*нонна, якорь, жылан, ұлу, ромб, раушан* т.б.), түсі немесе құрамы бойынша аталатын тас түрлерін (*барка меруерті, оңтүстік теңіз меруерті, раух-топаз, швейцар топазы*, т.б.) атауға болады.

Терминнің негізгі белгілеріне оның сөзжасамдық, танымдық қызметі, атауыштық, жаңа сөздік (неологизм) сипаты және арнаулы салалық мағынасы кіреді [6, 5]. Зергерлік лексиканың типологиялық талдауы олардың барлығы термин болмаса да арнайы сөздер болатынын көрсетеді және терминтану объектісінің аясының кеңеюіне әкеледі. Қазақ тіліндегі зергерлік лексика құрамындағы сөздерді терминдеу мәселесі өзге тілдермен салыстыру, аударма жасау үрдісінде анықталады.

Сөздің терминдік сипатын, жаңаша мазмұнын анықтауда аударманың орны ерекше. Біріншіден, шет тілдік сөздерді аудару арқылы барлық саладағы қолданыс тіліне айналдыру тілді дамытуға ықпал етсе, екінші жағынан, тілдегі ұлттық ұғым атауларының қолданыс қызметін арттырады, әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді. Зергерлік лексиканың аудармада ұлттық бұйым туралы өзге тілде мәлімет беру мен өзге тілден еніп жатқан сөздерге балама ретінде қолдануда артықшылықтары бар. Қайта жанданған зергерлік өнеркәсіп ұғымдары мен атауларын жүйелеу, нақтылау және қолданысқа енгізу мәселесінде де аударманың да үлесі зор. Қолданыстан шығып қалған лексиканы шетел тіліндегі терминдердің баламасы ретінде беру үшін зергерлік сала ұғымының өзге тілдегі ұғыммен сәйкестігін, семантикалық баламасын анықтау қажет.

Қазіргі зергерлік сала бойынша екі немесе үш тілде берілетін мәліметтерде жиі кездесетін аударманың кейбір мәселелеріне назар аударайық. Өзге тілдегі

термин сөздердің қазақ тіліндегі баламасын беру үрдісіндегі мәселенің бірі – **терминнің бірнеше нұсқасы болуы (варинаттылығы)** ұғым атауын нақтылауда қиындық келтіреді. Мысалы *гравирование* сөзі сөздікте қазақша *нақыштау; ою; ойғызу; ойғылау; ойдырту; ойдыру; оймалау; оймышталу; оймыштату* деп аударылады [7]. Сонымен қатар зергерлік лексиканы дұрыс аудару үшін басқа сала (*кен ісі, машина жасау, мәдениет және өнер, химия* т.б.) терминдерінің қатарында кездесетін баламадан ажырату міндеті тұрады.

Зергерлік сала бойынша музей материалдары мен кітап-альбомдарда берілетін екі тілдегі мәліметтерде анықталған – **орыс тіліндегі сөздерге жалғау қосу арқылы сол күйінде қолдану**, яғни калькалау мәселесі. Мысалы: *штампованный* (қалыпталған) - *штампыланған, ажурный средник* - *ажурлы средник*, т.б. [8]. Мұндай аударма түрі қазіргі кезде қалыпты жағдайға айналып кетті.

Тағы бір мәселе – өзге тілде термин болатын сөздің **қазақ тілінде жай түсіндірме арқылы берілуі**. Мысалы үш тілде мәліметте берілген *тигель* (*ағылш. crucible*) сөзі қазақ тілінде «екі жалпақ темір» деп беріледі [9, 217].

Зергерлік лексикасы аударуда варианттылық сияқты күрделі мәселе салыстырма жасау, ұғымды нақтылау, сөздің қолдану жиілігіне мән беру т.б. тәсілдер арқылы жан-жақты қарастырылуы тиіс. Қазіргі кезде зергерлік істе қолданылатын технологияның, құрал-сайман түрлерінің алуандығына байланысты ұғымға сәйкес атауды таңдау мәселесі терминге толық сипаттама беретін үш тілді электрондық терминдік сөздікті қажет етеді. Ал ұлттық зергерлік бұйым атауларын (шолпы, шашбау) *өзгеріссіз берілгенмен олардың ерекшелігін танытуда өзге* тілде түсіндірме немесе сипаттама беру арқылы нақтылау қажет. Сонымен қатар ұсынылатын атауларға сәйкес иллюстрацияны қолдану өзге тілдегі баламасын анықтауда пайдасы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма бет.
2. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы, – Алматы, 1993. -190б.
3. Манкеева Ж. Ұлттық тілдегі терминдік жүйе мәселесі, Терминологиялық хабаршы, №1 (51) 2016.
4. <https://termincom.kz>
5. <https://www.enbek.kz>
6. Исакова С. С. Қолданбалы терминология. Жоғары оқу орындарының 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Ақтөбе, 2015, 175 б.

-
7. <https://sozdik.kz>
 8. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>
 9. Тохтабаева Ш. Ж. Қазақтың зергерлік өнері. – Алматы кітап баспасы, 2011. -384б.

НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ТЕРМИНОВ С РУССКОГО НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК

Мырзаханова Айнур Темирбулатовна
Карагандинский индустриальный университет,
г. Темиртау, ainurmirezakhanova@yandex.kz

Появление терминов в языке обусловлено тем, что люди пытались дать точное определение понятиям и реалиям современной действительности. Соседство с другими народами оказывали прямое влияние на развитие лексической системы языков и на ход формирования терминологической системы. Так в XI-XV веках арабские и персидские слова проникают в казахский язык и не только. По большому счету это термины религии, науки, общественно-политической системы и т.д.

Ни для кого не секрет, что язык является живым организмом, который претерпевает различные исторические изменения. Какие-то слова в силу своей ненужности устаревают, какие-то – наоборот, появляются, потому что появляются новые технологии, новые предметы. Но термины не появляются в языке сами по себе. Так вот, «бросив» слово или, точнее сказать, перевод какого-либо термина в народ, необходимо дожидаться реакции общественности. «Приживется» слово в языке или нет, должен решать народ, общественность. «Семь раз скажи, один раз внеси в словарь», наверное, данное правило необходимо использовать по отношению ко многим переводам терминов на казахский язык.

Ещё в 2018 году действующий на тот момент президент Республики Казахстан, Нурсултан Абишевич Назарбаев, призывал остановиться с придумыванием новых слов, типа «**ғаламтор**» («интернет»), «**қолтырауын**» («крокодил»), «**күй сандық**» («фортепиано»), но казахстанский журналист Қайнар Олжай ответил на данный призыв тем, что слово «крокодил» переведено верно, объясняя это тем, что ещё в 1979 году им была написана статья о крокодилах, а затем она была переведена на казахский язык и именно в этом переводе слово звучит, как «қолтырауын». Вряд ли кто-то из школьников и тем более обычных людей использует данный перевод в своем бытовом лексиконе. Та-

кие слова-нагромождения невозможно ни запомнить, ни тем более выговорить. Более того, некоторые переводы терминов вызывают улыбку даже у коренного населения, которые знают в совершенстве свой родной язык.

Вопрос стоит теперь немного в другом, а как бы могли переводиться данные слова и термины? Чем руководствуются переводчики данных терминов, не считая банальной схожести предметов и буквального перевода терминов? Всем нам известно, что казахский язык является одним из языков тюркских народов. **Казахский язык** (*қазақ тілі, қазақша, qazaq tili, qazaqşa*) — язык казахов, один из тюркских языков. Казахский язык в ходе своего формирования испытал на себе влияние как тюркских, так и других языков. Моментом его окончательного формирования считается XV век, когда с выделением тюркских народностей в отдельные племенные союзы сформировались не только казахский, но также каракалпакский и узбекский языки. Кроме этого на него повлиял ряд других территориальных образований и союзов племён, живших в Средней Азии, которые обогатили казахскую речь элементами иранских языков [1].

По логике вещей переводчикам статьи 1979 года о крокодилах достаточно было заглянуть в «Словарь тюркских наречий Махмуда аль-Кашгари» или в другой любой словарь тюркских языков и наречий. Оттуда бы они узнали, что у тюрков было обозначение крокодила, например, в словаре Кашгари (XI в.) этот хищник назывался **alavan** [алаван], [рис.1] [2].

ALAVAN крокодил (МК 82).

рис.1

Но в 1979 году «Словарь тюркских наречий Махмуда аль-Кашгари» не был переведен на казахский или русский языки, но всё же это не мешало научному сообществу СССР изучать его начиная 1917 года, и многие ученые советского времени знали о существовании такого словаря, так как в СССР было много ученых-арабистов.

В начале 1990-х Аскар Егеубаев перевел «Словарь тюркских наречий» на казахский язык, а в 2005 году внучка Мухтара Омархановича Ауэзова – Зифа-Алуа Ауэзова сделала первый перевод данного словаря на русский язык. Казахский язык без того полон фарсизмов и арабизмов, так мы еще сочиняем переводы, которые «не приживаются» в народе.

Очень интересно звучит на казахском языке слово фламинго – «**кокиқаздар**», тогда как в словаре Кашгари XI века это слово имеет прекрасный перевод «**аңит**» рис.2. [3]

412 ³аңит **أَنْكَيْت** — «фламинго», розовая птица, похожая на утку.

рис.2

В словаре В. Радлова данный термин имеет немного другое написание и произношение. [рис.4] Но корень слова «аң» в любом из этих словарей имеет значение слова «птица, чей жир является лечебным» [рис.3]

56 ³аң **أَنْك** — название птицы, чей жир является целебным: если его намазать на ладонь, он пропитает ее насквозь.

Аң II птица, жир которой используется как лечебное средство (МК I 40).

рис.3

аңкат [اَنْكَاط] (Dsch.)
фламинго — Flamingo.

рис.4

Ещё один пример на казахском языке **артишок** звучит как «**бөрікгүл**», но никакого основания, кроме как схожесть растения и казахского головного убора данный перевод не имеет. А вот в тюркском словаре XII века это слово переводится как «**кенгер**» и уже было известно столько столетий назад.

Если задуматься, то удивительно насколько фарсизмы и арабизмы укрепились в казахском языке, что уже не замечаем, что это не тюркские слова, например: **мемлекет** «государство» от арабского **mamlaka** «царство, королевство», **отан** от арабского **waban** «родина, место рождения», **Әкім** (аким) от арабского **ʿAkīm** «правитель, судья», **уақыт** от арабского **waqt** «время», **заман** от арабского **zaman** «время, эпоха», **сағат** от арабского **sā'a** «час», **жұма** от арабского **jum'a** «пятница», **мектеп** от арабского **maktab** и т.д.

Примеров арабизмов и фарсизмов можно приводить сотни и даже тысячи. Фарсизмы, арабизмы, русские и европейские слова, сленги прочно вошли в казахский язык. Происхождение таких «слов-пришельцев» понять можно, а вот «придумывание» новых слов – понять сложно. Так если казахский язык является одним из семейства тюркских языков, возможно, благоразумно было бы обращаться к словарям древнетюркского языка при переводе различных терминов.

Список использованных источников:

1. https://ru.wikipedia.org/wiki/Казахский_язык

2. Древнетюркский словарь / под ред. Д.М. Насилова, И.В. Кормушина и др.; сост. Т.А. Боровкова, Л.В. Дмитриева, А.А. Зырин, И.В. Кормушин и др. 2-е изд., пересмотр. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2016. – 760 с.

3. Диван Лугат ат-Турк / Перевод, предисловие и комментарии. З.-А. М.Ауэзовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 1288 с.

4. Радлов В. Опыт словаря тюркских наречий. Том 1. Часть 1. 1893.

КӨПТІЛДІ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ БАЗАЛАР ЖӘНЕ ЦИФРЛЫ АУДАРМАНЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Баекеева Айнұр Толыбайқызы

М.С. Нәрікбаев атындағы KAZGUU University

Астана қ., abaekeeva@gmail.com

Қазіргі жаһандану дәуірі мен цифрландыру жағдайында аудармаға қойылатын талаптар жаңа мәнге ие. Әлемдегі мәдени, экономикалық, техникалық, ақпараттық және технологиялық жүйелердің интеграциясының қарқынды дамуымен байланысты аударманың жаңа түрі – цифрлы аударма қарыштап даму үстінде.

Компьютерлік лингвистика мен мәтінді автоматты өңдеу тарихы 1950 жылдардағы Джорджтаун экспериментімен тығыз байланысты. XX ғасырдың 30 жылдары ғалымдар G. Artsrouni мен П. Троянский машиналық аударма жұмыстарын бастады. Нәтижесінде 60-тан астам орыс тіліндегі сөйлемдер ағылшын тіліне сәтті, толық әрі автоматты түрде аударылды. Осы орайда машиналық аудармада көптілді сөздіктердің қажеттіліктері байқала басталды. 1964 жылы машиналық аударма мәселелерімен айналысатын ALPAC (Automatic Language Processing Advisory Committee) Тілдерді автоматты өңдеу бойынша консультативтік комитеті құрылды [1, 2].

1950 жылдардың соңына қарай математик, лингвист әрі философ Y. Bar-Hillel машиналық аудармадағы сөздіктердің маңызы туралы «Қаламның (ағыл. pen) қағаз жазудағы қызметін қаламның сабы емес, ішіндегі сиясы орындайтындығы сияқты, әмбебап энциклопедиясыз машиналық аударманың мәселелері ешқашан шешілмейді» деген болатын [3]. Мұндағы «әмбебап энциклопедия» деп тұрғаны тек қана екі тілді сөздік немесе ақпараттар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар аудармаға қажетті сөздер, терминдер, сөздік мақалалар, синонимдер, антонимдер, т.б.

Қазақстанда компьютерлік аударма мәселелерінің алғышарттарын

1970-жылдары математик ғалымдар Р. Пиотровский мен К.Бектаев қолға алды. Отандық ғалымдардың ішінде ақпараттық жүйелер үшін көптілді электрондық тезаурус құрастыру мәселелерімен М.Самбетбаева [4], А.Ерімбетова [5], А.Нугуманова [6] айналысты. Соңғы жылдары қазақ тілінің, сондай ақ басқа да түркі тілдерінің мәтіндерін өңдеудің морфологиялық және синтаксистік мәселелерімен ақпараттық жүйе мамандары айналысуда. Ғалымдар Digital Library онтологиясына негізделген тезаурус мәселелері мен машиналық аудармаға қажетті Lingua Parser компьютерлік бағдарламаларын лингвистика мен аударматануға бейімдеумен айналысады. Машиналық аударма жасаудың алғышарттары жасалуда, статистикалық және нейрондық желілер негізіндегі ресурстарды біріктіретін гибриді бағдарламаны У.Тукеевтің басшылығымен Д.Рахимова жасады. Аталған бағдарлама ағылшын-қазақ машиналық аудармасын атқарады [7]. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қазақ тілінің параллельді корпусын құрумен Ж.Жұманов, А.Мадиева, Д.Рахимова айналысады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Л.Жеткенбай қазақ түрік тілдері арасындағы машиналық аударма модельдері мен әдістерін жасаумен айналысады.

Цифрлы аударма үшін мәтінді автоматты түрде өңдеу жүйесіне мәліметтерді енгізудің маңызды түрі морфологиялық сөздіктер болып табылады. Тезаурустар немесе басқа да семантикалық желілер жоғары сұранысқа ие. Мұндай дереккөздердің арасындағы ең танымалы – WordNet тезаурусы. Бұл тезаурус мағыналық қатынастар деп аталатын сөздерді байланыстыратын ресурс, яғни синонимдер, гиперонимдер, гипонимдер және т.б. метадеректерді машиналық аударма, мәтін құру, мәтінді жіктеу тапсырмаларында автоматты түрде пайдаланады. РФА СБ Новосібір мемлекеттік университеті, Есептеу технологиялары институты мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті арасында 2017-2021 жылдар арасында жүргізілген біріккен жоба аясында құрастырылған салалық терминдердің көптілді басқарылмалы тезаурусы интероперабельді. Тезаурустың интероперабельділік сипаты ақпаратты іздеу (Information Retrieval) кезінде WordNet тезаурусының метадеректерімен ақпарат алмасу мүмкіндігін береді.

Көптілді электрондық тезаурустардың машиналық аудармадағы маңызы ақпараттық технологияның дамуымен бірге өзгеріп, дами түсуде. Амаракоша (Amarakosha) мен Роже тезаурусынан (Roger's Thesaurus) бастау алған тезаурустардың эволюциялық дамуы жаңа кезеңге өтті деуге болады [8].

Қазіргі таңдағы машиналық аудармада қолданылатын электрондық тезаурустарға [грек. Thēsauros, қазына, қор] мынадай анықтамалар беріледі.

Thesaurus.com сөздігі: 1. Тезаурус – сөздердің немесе пән саласы туралы ақпараттардың немесе арнайы ұғымдардың жиынтығы, сонымен қатар теза-

урус – сөздер мен олардың синонимдік қатарының жиынтығы. 2. Тезаурус – сілтемелер мен ақпаратты іздеуге арналған құжаттар топтамасын ұйымдастыруда қолданылатын тақырыптардың немесе дескрипторлардың тізімі [9].

Dictionary.com сөздігі: 1. Онлайн Thesaurus.com тәрізді синонимдер мен антонимдер сөздігі. 2. Кез келген сөздік, энциклопедия немесе толық анықтамалық. 3. Репозиторий. Компьютерге байланысты мағынада: 1. Компьютерде сақталған, тақырыптардың толық тізімінен тұратын, тиісті терминдерді қолдану арқылы ақпарат алуға болатын индекс. 2. Мәтін өңдеу мақсатында пайдалану үшін жадыда сақталған синонимдер мен антонимдер сөздігі [10].

ЮНЕСКО тезаурусы: ЮНЕСКО тезаурусы – білім беру, мәдениеттану, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, байланыс және ақпарат тәрізді пән салаларындағы құжаттар мен жарияланымдарды іздеу мақсатында қолданылатын басқарылмалы және жүйеленген терминдер тізімі. Тезаурус үнемі байытылып, жаңартылып отырады, тезаурустың көпсалалы терминологиясы ЮНЕСКО бағдарламалары мен қызметінің эволюциясын көрсетеді [11].

Digital Library тезаурусы: Тезаурус – индекстеудің басқарылмалы тілі, ұғымдар арасындағы априорлық қатынасты нақты орнату үшін формалды ұйымдастырылған сөздік [12]. Тезаурус – терминдердің, синонимдер мен антонимдердің мағыналық байланысын көрсететін жалпы немесе арнайы лексика қорының түрі [12].

C.Руан тезауруста барлық терминдер бір-бірімен байланысты жүйе болып табылатындығын айтады. Бұл пайдаланушыларға ақпаратты тез тауып қана қоймай, мағыналық, эквиваленттілік, иерархиялық және ассоциативті қатынастарды түсінуге көмектеседі деп есептейді [13]. Мысалы, Роже тезаурусында (Roget's Thesaurus of English Words) ағылшын тілінің сөздері мен сөз тіркестері ұқсас ұғымдар мен идеялар бойынша түзілген.

Цифрлы аударма тұрғысынан қарастырғанда, *тезаурус* – ақпараттық іздеу (Information Retrieval) кезінде әр пән саласы бойынша сөздер мен терминдерге толыққанды, түпкілікті ақпаратты бірнеше тілде бірдей беретін, машиналық аударма кезінде компьютерлік бағдарламалар тани алатын терминдердің интероперабельді жүйесі деп есептейміз [14].

Сонымен қатар цифрлы аударма орындаудағы тезаурустардың ішіндегі ең танымалдары болып мына тезаурустар табылады: Роже тезаурусы (Roget's Thesaurus of English Words), AGROVOC тезаурусы (AGRIS – International System for Agricultural Science and Technology), AGCOM тезаурусы (ACDC – Agricultural Communications Documentation Center), EuroVOC тезаурусы, EuroWordNet French тезаурусы, RussNet тезаурусы, RuТез тезаурусы, SNOMED тезаурусы, WordNet тезаурусы, ЮНЕСКО тезаурусы.

Цифрлы аударма бағдарламаларын даярлау үшін әр түрлі тілдердегі бірдей мәтіндерден тұратын параллель корпустар қолданылады. Әдетте, корпустар бірнеше ондаған жылдар бойы жинақталған түбегейлі еңбекті талап ететін жоба. Қазақстанда Қазақ тілінің Алматы корпусымен [[http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=ru.](http://web-corpora.net/KazakhCorpus/search/?interface_language=ru)] қатар Қазақ тілі ұлттық корпусының кіші корпусы [<https://qazcorpora.kz/>] жобасы басталды. Аталған корпустардағы контент негізінен көркем әдебиет, периодикалық және публицистикалық шығармалар, ғылыми еңбектер негізінде жасалған.

Цифрлы аударманың негізгі қызмет түрлері бірнеше бөліктерден тұрады:

– мәтіннің грамматикасы мен сөздердің жазылуын автоматты түрде тексеруге көмектесетін дербес немесе кіріктірілген редакторлар;

– салалық терминологияны басқаруды қамтамасыз ететін бағдарламалық жасақтама, кестелер, мәтіндік редакторлар (Мысалы, MultiTerm, Termex және т.б.);

– пән салаларының мәтіндерін аударуды басқаратын бағдарламалық жасақтамалар;

– бұрын аударылған мәтіндердің немесе сөйлемдердің үлгілері сақталатын аударма жадысын (TM, Translation Memory) қолданатын автоматтандырылған аударма құралдары (CAT). Мұндай бағдарламаларға Across, AfterScan, Catnip, DejaVu, MemoQ, MemSource, MetaTaxis, MultiTerm, OmegaT, SmartCat, StarTransit, Trados, Transit, Wordfast, Wordfisher, XTM, т.б. жатады;

– бір немесе бірнеше тілдердің қолданысындағы құжаттардың деректер базасы, яғни корпусы. Корпустардың көмегімен пән саласындағы аудармаларға қатысты ақпараттар өңделеді.

Цифрлы аударма кезінде қажетті сөздер мен терминдерді компьютер автоматты түрде өзі орындайтын болса, автоматтандырылған аударма кезінде аудармашы түрлі бағдарламалық жасақтамалар арқылы қосымша ақпаратты іздеумен жеке айналысады. Жоғарыда аталған бағдарламаларға қоса басқа да ақпараттық репозиторийлар мен параллель мәтіндер сақталған бағдарламалық жасақтамалар арқылы жеткіліксіз деңгейде қамтылған лексикалық бірліктерге балама іздеу мүмкіндігіне ие. Мұндай бағдарламаларға мыналарды жатқызамыз: Abbreviations.com, EC Speech Repository, Eurotermbank, Glosbe, Glossary Assistant, Interpreter Training Resources, IATE, InterpretBank's Glossary Bank, Lookup Terminology Management, Multitran, Reverso Context, Terminus, TERMplus, Termincom.kz, Sozdik.kz.

Цифрландыру процесі әлемде қанатын кең жайғанымен, қазақ тілінің мазмұнын ағылшын және орыс тілдерінде қатар үштілді бағытта аударып бір компьютерлік платформаға орналастыру әлі еркін қолданыста болмай отыр. Осы көптілді сөздіктерді, анықтамалықтар мен репозиторийлар-

ды зерттей келе, Қазақстанның цифрландыру жағдайындағы машиналық және автоматтандырылған аударма жасауға келтіретін басты қиыншылықты анықтадық.

Аталған дереккөздердің барлығы дерлік көптілді, алайда біздің үштілді Қазақстандағы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде бірдей аударма жасау талаптарына жауап бермейді. Бұл үштілді немесе көптілді басқарылмалы сөздік пен тезаурусты құрастыру өзектілігін жоймаған мәселе екендігін көрсетеді.

Сонымен тезаурус деп кез келген білім саласы туралы немесе сала пәніне қатысты сөздер, терминдер мен сөз тіркестерінің толық жүйеленген мәліметтер жиынтығын атаймыз. Тезаурус жүйеленген терминдер арасындағы семантикалық байланыстарды көрсетеді. Тезаурус өз ішіне терминдердің түрлері, байланыстары, топтарымен қоса, түрлі сөздіктерді енгізе алады: анықтамалық сөздік, көптілді сөздік, синонимдер сөздігі, антонимдер сөздігі, омонимдер сөздігі, түсіндірме сөздік, идеографиялық сөздік, т.б. Тезауруста терминдер семантикалық және функционалдық жағынан нақты анықталып, олардың лингвистикалық баламалары бекітіліп, иерархиялық жағынан жіктеледі.

Тезаурус құрастыруға қатысты мәселелерді зерттеу – компьютерлік лингвистика, аударматану, салалық терминология және ақпараттық технологиялар тоғысында туындаған жаңа пәнаралық зерттеу болып табылады. РФА СБ Новосібір мемлекеттік университетінің Есептеу технологиялары институты мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ арасындағы 2017-2020 жылдар аясында жүргізілген біріккен жоба аясында жасалған Digital Library тезаурусы қазақ тілді контент орналастыруға бағытталған. Аталған көптілді тезаурус пән саласының терминдерін ғана емес, сондай ақ сөздік мақалаларды да қамтитын бірегей веб-платформа болып табылады. Бұл дегенміз жаңа буын электрондық тезаурустарын машиналық аудармада тиімді пайдаланудың болашағын шешудегі бірден-бір ұтымды бағыт.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Pierce J., Carroll J. et al. Language and Machines: Computers in Translation and Linguistics: ALPAC report. – Washington: National Academy of Sciences, 1966. – 138 p.
2. Wilson T. Review of: Poibeau T. Machine translation // <http://informationr.net/ir/reviews/revs615.html>.
3. Yehoshua B.H. Report on the state of Machine Translation 1959; 1960 // <http://www.mt-archive.info/Bar-Hillel-1960-App3.pdf>.
4. Самбетбаева М.А. Ғылыми-білім беру қызметін қолдауға арналған

ақпараттық жүйе үшін ақпараттық технологиялар бойынша қазақ тілі морфологиясын ескере отырып көптілді тезаурус жасау: 6D070300: док. PhD. ... дис. – Астана, 2016. – 169 б.

5. Ерімбетова А. Байланыстар грамматикасын зерттеу, мәтіндер релеванттылығын және тақырыбын анықтау: 6D070300: док. PhD ... дис. – Астана, 2016. – 116 с.

6. Нугуманова А. Предметно-ориентированные модели и методы распределенного поиска, обработки и анализа текстовой информации в сети Интернет: дис. ... док. PhD: 6D070300. – Алматы, 2014. – 135 с.

7. Рахимова Д.Р. Исследование моделей и методов семантики машинного перевода с русского языка на казахский язык: дис. ... док. PhD: 6D060200: – Алматы, 2014. – 135 с.

8. Bayekeeva A., Information Technologies Applied in Compiling Multilingual Thesaurus // Мәдениет пен тілдердің өзара қатынасындағы аудармашылық қызмет: халық. конф. матер. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2018. – С. 325-331.

9. Thesaurus.com сөздігі // www.thesaurus.com.

10. Dictionary.com сөздігі // www.dictionary.com.

11. ЮНЕСКО тезаурусы // vocabularies.unesco.org.

12. Digital Library тезаурусы // http://db4.sbras.ru/elbib/data/show_page.phtml?13+2320.

13. Ryan. C. Thesaurus construction guidelines: An introduction to thesauri and guidelines on their construction. Dublin: Royal Irish Academy and National Library of Ireland, 2014. ISSN: 2009-6461. DOI: 10.3318/DRI.2014.1.

14. Бакеева А.Т. Қазақ тіліндегі тау кен терминологиясының қалыптасуы және ағылшын, орыс тілдеріне аударылу ерекшеліктері: 6D020700: док. PhD ... дис. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 159 б.

ШЕТТІЛДІК ФИЛЬМДЕРДІ ТӘРЖІМЕЛЕУДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жакыпжанова Асель Сериковна

Мунбаев Сакен Ханатович

Физика-математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Орал қ., zhakibzhanova_a@ura.nis.edu.kz, munbaev_s@ura.nis.edu.kz

Кино – түрлі мәдениеттерді жалғаушы құрал. Біз әртүрлі елдің фильмдерін көру арқылы олардың мәдениетіне бойлаймыз. Осыған байланысты әртүрлі

мәдениеттердің ақпаратты қабылдауы мен түсінуінде кедергілер мен қиындықтар туындап отыратыны да шындық, сол себепті фильмдердің мазмұнын (диалогтар, монологтар, әңгімелер) бір тілден екінші тілге сапалы аудару қажеттілігі туындайды және киногерлердің айтпақ болған басты идеясын көрерменге жеткізу мәселесі де аса маңызды. Аталған мәдениет аралық алшақтықты жою мақсатында фильмді аударатын мамандар «локализация» тәсілін кеңінен қолданады.

Локализация ұғымының ауқымы өте кең. Латын тілінен шыққан «локус» - орын және белгілі бір жерге бір нәрсені жатқызуды білдіреді; іс- әрекеттің орнын шектеу, қандай да бір құбылыстың, үдерістің таралуы.

Жалпыланған локализация тұжырымдамасымен қатар, аударма қызметіне тікелей қатысты және аудармада үлкен рөл атқаратын тілдік локализация ұғымы да бар. Тілдік локализация процесінде мәдени бейімделу маңызды орын алады. Мәдени бейімделу процесінде белгілі бір елдің мәдени ерекшеліктері ескерілетін мәтінді басқа тілге толығымен қайта өңдеу жүреді. Бейімделу процесінде екі мәдениеттің қақтығысы орын алады, мұнда аудармашы осы мәдениеттер арасындағы байланыс орната білуі керек. [1; 7]

Көркем фильм – бұл қоғамның әлеуметтік-мәдени басымдықтарын көрсететін мәдени құбылыс қана емес, сонымен бірге жеке тұлға ретінде де, жалпы лингвомәдени қоғам ретінде әлем бейнесін қалыптастыру тәсілі. Көбінесе фильмдер «шетелдік» мәдениеттің бейнесін жасаудың негізгі көзі және құралы болып табылады. Ең жарқын мысал – америкалық фильмдер, олардың көмегімен ресейлік аудитория америкалық өмір салтын, тұлға аралық қатынастардың ерекшеліктерін, дәстүрлерін, мәдениетін және құндылықтар жүйесін бейнелейді [2; 65].

«Жан», «Арыстан патша», «Жүзік әміршісі», «Жаңа өрмекші адам» фильмдерінде «локализация» тәсілі өте тиімді қолданылған.

Мәселен, «Жан» туындысында «Судоку жұмақтары» деудің орнына «Асық» ойыны деп, «Круассандар, торттар» дегеннің орнына қазақтың ұлттық тағамы «Бауырсақ» сөзін енгізген. Сонымен қатар, осы фильмде «Сәлем» деген сөздің өзін «Сәлем бердік» деп аударарды, бұл қазақтардың ересектерге амандасу формасы. Мультфильмде қарт адамға амандасып тұрғандықтан, «сәлем» сөзін қолдану орынсыз болар еді.

«Бұл жігіт музыкаға толы» деген кейіпкердің сөзін «Өзі де әнге айналып кеткендей, әуеде ұзақ қалықтап тұрды» деп аударарды, бұл тіркес Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесіндегі «Әмірқан кісі емес, әнге айналады» деген сөйлемге өте жақын.

«Арыстан патша» фильмінде қазақша мақалдар кеңінен қолданылған. Фильмді аударушылар мақалды өте орынды қолдана алған. Мәселен, «Мы-

сыққа ойын керек, тышқан байғұсқа жан керек», «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» мақалдары еш өзгеріссіз ұсынылған, ал «Қуырдақтың көкесін құрт сойғанда көресің» деген мақалда «түйе» деген сөзін фильм мазмұнына байланысты «құрт» деген сөзбен алмастырған. Мақалдардың барлығы қазақ көрерменіне таныс, жақын және де қазақ балаларының сөздік қорын да молайтуға көп септігін тигізеді. Егер фильмдегі тіркестерді тікелей аударатын болса, оғаш етіліп қана қоймай, көрерменге мүлдем түсініксіз болар еді. Осы секілді сәтті аударылма мәтіндерімен қатар, орынсыз аударылған тіркестерді де фильмдерден жиі кездестіре аламыз. Мысалы, «Жаңа Өрмекші адам» фильмінің 11 минутында әкесі бас кейіпкерге «Мамаң екеуіміз осылау етуге мәжбүрміз» деп айтқан еді. Ағылшынша нұсқасында «there's something your mom and I have to do» деп айтылады. Көріп отырғанымыздай, ағылшынша «mom» сөзі «мама» деп аударылған. Ал бұл сөздің нақты қазақша баламасы бар екені белгілі. Сондықтан осы сөйлемді «Анаң екеуіміз осылау етуге мәжбүрміз» деп сенімді алмастыруға болады.

Фильмде Мэй есімді кейіпкер кездеседі. Ол басты кейіпкер Питердің ағасы Беннің әйелі. Фильмнің қазақша нұсқасында Питер оны «Мэй тәте» деп атайды. Ал жасы үлкен ағаның, туыстардың әйелін, жұбайын «жеңге» немесе «жеңгей» деп атайтынын «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» көрсетіліп тұр. Оның үстіне «Тәте» сөзі аймақтық лексикаға жатады, оны Ғ.Қалиевтің «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» «баланың туған әкесі» және «ана, шеше» деп түсіндіреді. Қорытындылай келе, диалект сөзді қолдану түрлі аймақтағы көрермендерге түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан ағасының әйелін «Мэй жеңге» деп аударған орынды болар еді.

Кез келген фильмнің маңызды бөлігі оның атауы. Фильм атауын ғылыми тұрғыда «фильмонимдер» терминімен атайды. Бұл термин орыстың тілші ғалымы Е.В. Кныштың «Лингвистический анализ наименований кинофильмов в русском языке» атты еңбегінде алғаш рет қолданылған [3; 3]. Фильмоним көрермен үшін аса маңызды, себебі кез келген көрермен киноны көрместен бұрын оның тақырыбына, атауына назар аударады.

Тақырып – бұл көрерменнің бірнеше секунд ішінде фильмге қызығушылық танытуына, оның фильм туралы оң немесе теріс тұрғыдан көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан тақырып үшін оның семантикалық мазмұнын жеткізудің дәлдігі, форманың анықтығы мен қарапайымдылығы кез келген оқырман қабылдауы өте маңызды. Тақырып оны оқу кезінде қиындық тудырмайтындай болуы керек.

Фильмонимдерді аудару кезінде аудармашылар көбінесе үш тәсілді қолданады. Олардың біріншісі – тура аударма. Бірінші стратегия калькалауға негізделген [6; 15], бұл ағылшын тіліндегі фильмдердің атауларын

аударма тіліне тікелей аударуды білдіреді. Бұл стратегияның көпшілігінде компоненттері өзгермейтін шетелдік мәдени элементтер болып табылатын фильмдердің атаулары берілген. Шетел фильмдерін аударуда осы тәсілдің өте белсенді қолданылатынын аңғаруға болады.

Екіншісі – *фильм атауының өзгеруі*, фильм атауына лексикалық бірліктің қосылуы немесе керісінше кей сөздің түсіп қалуы, не болмаса басқа сөзбен ауыстырылуы. Бұл жарнама мақсатында жасалады.

Үшіншісі – *фильм атауының толық ауыстырылуы*. Аударылатын тілдің елдің мәдени ерекшеліктеріне негізделген, кейде толық ауыстыруды қолдану еш кедергі келтірмейді. Бұл жиі қолданылатын әдістің бір түрі [5; 5].

Қазақ көрермені шетелдік фильмдерді өз ана тілінде көруіне толық жағдай жасалды ма, аударма сапасы қандай деген сұрақтардың жауабы бойынша төмендегідей қорытындыға келуге болады. Қазақша аударылған шетелдік фильмдердің аударылу сапасы жақсы, аудармашылар локализация тәсілін кеңінен қолданып жүр. Сондай-ақ фильмимдердің көбін аудару да бір жолға қойылған: атаулары қысқа әрі мазмұнды, маркетингтік стратегияға сай және сауатты. Алайда дұрыстауға тура келетін тұстары да бар. Қазақ тіліне аударылған фильмдердің мәтінін талдаған кезде мазмұнды бұрмалайтын сөйлемдер кездеседі, яғни жер атаулары, кейіпкерлердің әрекеттер және т.с.с. қате аударылған. Бұл фильмдегі жекелеген эпизодтарды толық әрі дұрыс түсінуге кедергі келтіреді. Нәтижесінде түпнұсқа мен аударма мәтіннің арасында алшақтық пайда болады.

Аударма мәтінде кездесетін диалект сөздер де түрлі аймақтағы көрермендерге түсініксіз болуы мүмкін. Яғни көрерменнің санасы фильмнің сол тұсын қабылдамай, негізгі идеясын ұғынуға кедергі келтіреді. Осы тұста аудару кезінде жалпыға ортақ әдеби сөздерді пайдалану орынды болмақ. Ең жиі кездесетін қателіктердің бірі – тура аудару. Кейбір фильмдерде қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді және көркемдегіш құралдарды (метафора, эпитет, теңеу) қолданудың орнына, тура мағыналы сөздерді пайдаланған. Бұл қазақ тілді аудиторияға ерекше әсер беруде кері ықпалын тигізеді.

Соңғы кезде «Ел боламын десең, экраныңды түзе» деген жаңа заман мақалы ел арасында қолданылып жүр. Расында, экран арқылы адамның санасын билеп, көзқарасына әбден әсер етуге болады. Сол себепті шетелдік фильмдердің сапалы аударылуы бүгінгінің ең өзекті мәселелерінің бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Скибина Т.В. Локализация при переводе названий фильмов на русский язык. – Санкт-Петербург, 2018.

-
2. Милевич И.Г. Стратегии перевода названий фильмов // Русский язык за рубежом. – 2007. – № 5.
 3. Кныш Е.В. Лингвистический анализ наименований кинофильмов в русском языке – Одесса, 1992.
 4. Афанасова Т.С. «Особенности перевода названий англоязычных фильмов на русский язык//<https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/241311/1>
 5. Оспанова А.Л. Киноаудармадағы фильмимдердің ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері //Central Asian Journal of Translation Studies, Vol 1, Number 4 (2018). – p. 22-26.
 6. Кулинич М.А., «Еще раз о переводе названий» // Лингвистические основы межкультурной коммуникации , 2005.
 7. <https://kinokor.kz>
 8. <https://www.bolashakcharity.kz/projects/ozinen-basta>
 - 9.Александрова,О.И.,Николаева,У.А.Стратегия перевода современных англоязычных _фильмимов _на _русский _и _испанский языки/О.И._ Александрова,У.А.Николаева//Вестник РУДН.Сер. «Теория языка.Семиотика. Семантика». – 2016.Вып.2.
 10. Фролова,Н.А.Фильмимы как особый тип имён собственных в современном русском языке //Материалы XIVнаучной студенческой конференции по топонимике, Тамбов – 2010.
 11. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі – Алматы: Арыс, 2005.

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР САЛАСЫНДАҒЫ ШЕТТІЛДІК ТЕРМИНДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫСЫ

Муратова Алтын Наурызбаевна, Мақай Әлия Еркінқызы
«Тұран-Астана» Университеті,
Астана қ., altynmuratova@mail.ru

Қазақ тілі байлығы, мазмұндылығы жағынан өзге тілдерден кем түспейді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері тіліміздің терминдік жүйесі қалыптасып, дамыды. Қазіргі ақпараттық технология заманында жаңа түсініктер мен терминдер айналымға енді. Мемлекетімізбен қатар тіліміз де жаңарып, байыды. Ғылымның түрлі саласы терминдермен толықты. Соңғы жиырма жыл ішінде «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер» сериясы, «Бекітілген терминдер сөздігі», «Қазақ

тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздіктері» ғылыми көпшіліктің қолданысына ұсынылды.

Академик Ә. Қайдаров өзінің «Қазақ термиологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде: «Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – термиологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек. Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің бұрыннан қалыптасқан байырғы төл лексикалық байлығын сарқа пайдалану. Бұл – термин саласында бұрыннан келе жатқан негізгі де дәстүрлі принцип. Бірақ термиология мәселесінің бүгінде күн тәртібіне қайта қойылуына себеп болып отырған да осы негізгі принциптің іс жүзінде орындалмай, бұрмаланып келуі» - деп атап өткен [1;55]. Мақаламызда заманауи технология саласындағы шеттілдік терминдердің семантикалық ерекшелігі қарастырылады.

Көптеген адамдар үшін «ұғым», «термин» және «анықтама» (дефиниция) сөздері синоним болып көрінеді, бірақ біз бұл ұғымдар бір мағынаны береді деп айта алмаймыз. Олардың арасындағы семантикалық шекара қайда? Жоғарыда айтылғандардың ең негізгісі – бұл тұжырымдаманың өзі. Бұл үшеуі ғылымда «үштік» болып саналады. Термин мәселесін қарастырмас бұрын, біз осы үш ұғымның өзара айырмашылықтарын қарастырамыз. Сонымен, ұғым – бұл ең жалпы әрі ең абстракті кез келген нәрсе үшін көзқарас. Фактілерді, құбылыстарды, заттарды үлкен топқа біріктіретін ұқсастықтардың белгілі бір жиынтығы. Біз ұғымды сипаттауға, түсінуге, дұрыс мазмұнын логикалық түрде анықтауға тырысамыз. Ұғымнан тұжырымдама жасап, кейін дефиниция пайда болады. Дефиниция – ұғымның нақты анықтамасы. Бір ұғымда бірнеше анықтама бола алады, бірақ барлығы бір мәнді береді. Мысалға біз «экономика» ұғымын алсақ, сөздіктерде оған әртүрлі анықтама беріледі. Ал терминге келетін болсақ, бұл бір нақты анықтамасы бар сөздер. Термин ұғым сияқты логикалық анықтауды, сипаттауды қажет етеді. Демек, ұғым жалпылайды, ал термин нақтылайды, ажыратады деп айтуға болады. Ұғым танымға, термин жіктеуге қатысты болады.

Техникалық терминология – бұл жалпы қолданыстағы мағынамен міндетті түрде бірдей емес, белгілі бір саламен шектелген арнайы мағынасы бар сөздік немесе термин. Информатика және инженерия саласында әртүрлі ұғымдарды білдіру үшін жиі қолданылатын кейбір ағылшын терминдерінің түбірі дәстүрлі ағылшын тілінде. Демек, біз оларды дәстүрлі мағынасымен шатастырмау үшін оларды қолдануда өте сақ болуымыз керек. Техникалық терминология формальдылыққа бағытталған. Нақты техникалық терминдер

мен олардың анықтамалары ресми түрде танылады, құжатталады және осы саладағы педагогтар үйретеді. Техникалық терминология нақты салалардағы мамандардың дәлдікпен және қысқалықпен сөйлесу қажеттілігіне байланысты негізгі тірекке айналды, бірақ бұл жағдай мамандырылған топтың сөздері басқаларға түсініксіз болып келеді. Бұл дәрігерлер қолданатын техникалық терминологияға байланысты өзінің медициналық жағдайын түсіне алмайтын емделушілерді кейін қанағаттандырылмаған күйге әкеледі.

Техникалық терминдер кейде сол саланың мамандарына түсініксіз болуы мүмкін, сондықтан осы терминдердің қолданудың алдында қоятын бірнеше талаптар бар, олар:

1. Терминологияны мүмкіндік болса аудиторияның түсіну деңгейіне сәйкестендіру қажет. Аудиторияңыздың түсіну деңгейін білу маңызды. Егер олар сіздің салаңыздың мамандары болмаса, мамандандырылған терминдеріңізді жалпылама шарттармен ауыстыруыңыз қажет. Бұл сіздің тақырыбыңыз туралы өте дәл жаза алмауыңыз мүмкін дегенді білдіреді.

2. Терминдерді бірізділікпен пайдаланыңыз. Берілген элемент үшін бірдей терминді әр уақытта қолданатыныңызға көз жеткізіңіз. Егер сіз заттың мөлшеріне қатысты *массаны* пайдаланудан *салмақты* қолдануға ауыссаңыз сіз оқырманды шатастырасыз;

3. Таныс емес терминдерге нақты анықтамалар немесе түсініктемелер беріңіз. Егер сіз аудиторияңызда кеңінен қолданылмайтын арнайы терминді қолдансаңыз, тіпті аудитория сарапшы болса да, терминіңізге нақты анықтама бергеніңізге сенімді болыңыз;

4. Талқылауға әртүрлі жаңа терминдерді енгізген кезде терминология тізімін пайдаланыңыз. Әдетте кіріспеден бұрын немесе қосымшада орналастырылған тізімді пайдалану терминмен нені білдіретінін еске салғысы келетін оқырманға үлкен көмек көрсете алады.

Қорытындылай келе, аталғанның барлығын техникалық терминдердің ерекшеліктеріне жатқызуға болады.

Технологиялар жылдам дамып келе жатқандықтан, соңғы жаңалықтарға ілесу қиын болуы мүмкін. Оларды үйренуге белсенді күш салмасақ, тіпті артта қалуымыз мүмкін. Кейбір терминдерді қарастыратын болсақ, ең айқыны - AI (artificial intelligence) қазақша «жасанды сана» болып аударылады. Мағынасына келетін болсақ, жасанды сана түрлі механизмдердің көрсеткен саналарын тұжырымдайды. Машиналар мен механизмдердің саны оларды таңдау жасауында байқалады. Жасанды саналарға iPhone ұялы телефондарындағы Siri, T9 яғни Autocorrect және де Google Maps жатады. Технологиялық әлем тез дамып келеді. Нәтижесінде күн сайын жаңа заманауи технологиялық терминдер ойлап табылуда. Сонымен қатар, бұл вирту-

алды шындық, машиналық оқыту немесе метаверске терең ену болсын әр адамның білімі оның заманына сай болу қажет.

Аудармада терминдер халықаралық стандарт бойынша калькалау әдісімен аударылады немесе жартылай калькалаумен аударылады.

Аударылған термин негізгі үш критерияға сай келуі керек, олар:

- терминнің қолданысқа енгендігі, яғни оның жалпыға мәлімдігі;
- вариациялық тұрақтылықтың болуы, яғни бұл терминге синонимдер бар деген сөз;
- термин үндесімділігі, яғни ол қазақ тілінің жалпы үндестігіне сәйкес келуі керек.

Сонымен, жаңа терминдерді аудару – аудармашылар жиі кездестіретін мәселелердің бірі, әсіресе ғылыми-техникалық мәтіндерде. Халықаралық терминдерді аудару да аса сақтықты қажет етеді. Мысалы, *баланс*, *фармацевт*, *терапевт* сияқты сөздерді сол күйінде қалдырған жөн. Аталмыш мәселеге орай филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлы былай деп жазды: «Аударуды қажет етпейтін терминдерді қазақшалаймыз деп қателіктерге ұрыну жиі ұшырасады» [3,47]. Осындай стильдегі мәтіндермен жұмыс жасайтын маман терминдердің аудару ерекшеліктерімен өте жақын таныс болу керек. Терминдерді аударудың ең оңтайлы тәсілі – аударма жүзеге асырылатын тілде түпнұсқа тілінің баламасын анықтау. Бұл әдіс екі мемлекет бір өнеркәсіптік және экономикалық деңгейде болғанда ғана өзекті бола алады. Мысалы, ағылшын тіліндегі «Virtual Reality» қазақ тіліне «Виртуалды шындық» деп аударылады, бірақ қазақ тілінде «шындық» сөзі көбінесе ағылшынның «truth» сөзінің аудармасы болады. Қазақстан мен АҚШ-ның өнеркәсіптік және экономикалық деңгейлері әртүрлі болғандықтан, ондай жаңа келген техникалық терминге балама жоқ. Сондықтан, аударылатын тілде эквивалент болмаса, аудармашы басқа әдістерді қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қайдаров Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993.
2. «Терминологиялық хабаршы». – №1. – 2007 жыл.
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. –952 б.

ӘЛЕУМЕТТАНУ САЛАСЫ ОҚУЛЫҚТАРЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ САНДЫҚ, САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Ысқақ Бақытгүл Дәуітбекқызы

*Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық
ғылыми-практикалық орталығы,
Астана қ., i.bakytgul@tilqazyna.kz*

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 100 оқулық аударылып, жоғары оқу орындарына таратылғаны баршамызға мәлім. Бұл жоба арқылы студенттеріміз әлемнің үздік оқулықтарынан білімдерін тереңдетсе, ғылыми аударма арқылы қазақ тілінің терминологиялық қоры жаңа терминдермен толықты.

Оқулықтардың мазмұнындағы терминдерді есепке алмағанда, оқулықтардың соңында орта есеппен 100-ге жуық терминдердің глоссарийі берілген. Бәріміз білетіндей, глоссарий (лат. glossarium "глосс жинағы") – білімнің қандай да бір саласындағы жоғары мамандандырылған терминдердің түсіндірмесі, кейде басқа тілге аудармасы, түсініктемелері мен мысалдары бар сөздік [1]. Ол мәтінді қабылдауды айтарлықтай жеңілдетеді, себебі адам кезкелген уақытта сөздікке жүгініп, белгілі бір терминнің мағынасын тексере алады.

Оқулықтардың глоссарийін талдау барысында әлеуметтік саланың 4 оқулығын қарастырдық. Олар: «Әлеуметтану негіздері» (авторлары Д.Бринкерхоф, Р.Уейтс, С.Ортега) [2]; «Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы» (авторлары Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мэйдмент) [3]; «Әлеуметтік зерттеу әдістері» (авторлары Ройс Синглтон, Брюс Стрэйтс) [4]; «Халық саны және қоғам» (авторлары Мл.Дадли, Л.Постон, Леон, Ф.Бувье) [5]. Аталған оқулықтарға эмпирикалық зерттеу элементтерін пайдалана отырып, құрылымына, тілдік құрамына, терминжасам әдіс-тәсілдеріне, терминдердің Республикалық терминология комиссияда бекітілуіне қарай сандық сараптама жасалды. 4 оқулық бойынша глоссарийде қамтылған барлық термин саны – 1157

Қазақ тіліндегі терминдердің құрылымына қарай сандық көрсеткіші:

р/с	Құрылымына қарай	Саны	Пайыздық көрсеткіші
1.	Түбір термин	33	3
2.	Қосымшалы туынды термин	86	7

3.	Тіркесті, біріккен, құрама, қысқартылған және т.б. туынды термин	880	76
4.	Шеттілдік термин	158	14

Тілдік құрамына қарай сандық көрсеткіші:

р/с	Тілдік құрамына қарай	Саны	Пайыздық көрсеткіші
1.	Ұлт тілі терминдері	522/82	45/38
2.	Гибрид (будан) терминдер	477	41
3.	Шеттілдік терминдер, оның ішінде:		13.6
4.	ағылшын тіліндегі терминдер	14	1.2
5.	Орыс тіліндегі терминдер	144	12.4

Терминдердің Республикалық терминология комиссиясында бекітілуіне қарай сандық көрсеткіші:

р/с	Бекітілуіне қарай	Саны	Пайыздық көрсеткіші
1.	Бекітілген терминдер	156	13
2.	Бекітілмеген терминдер	910	79
3.	Басқа нұсқада бекітілген терминдер	9	1
4.	Басқа сөз тіркесті терминдер құрамында бекітілген терминдер	82	7
5.	Бекітуге ұсынылатын терминдер	489	42

Әлеуметтік сала оқулықтарындағы қазақ тіліндегі терминдердің құрылымындағы сандық көрсеткіштен көрінгендей, түбір терминдер саны аз және олардың көбі термин ретінде де, күнделікті сөз қолданыстағы атау ретінде де қолданылады. Мысалы: *әулет, бедел, деңгей, дін, ереже, заң* және т.б. қосымша арқылы, яғни синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды терминдер негізінен тіліміздегі белсенді терминжасам жұрнақтары арқылы жасалған. Атап айтқанда, -у жұрнақты термин саны – 31; -лық, -лік,-дық, -дік, -тық, -тік жұрнақты термин саны – 30; -шылық, -шілік жұрнақты термин саны – 5 болса, бұдан басқа -ғыш,-гіш, -ма, -ме жұрнақты туынды терминдер аз мөлшерде кездеседі, яғни әлеуметтік сала оқулықтарын аудару

барысында аудармашылар бұрын да қолданыстағы терминдерді қолданумен бірге –у жұрнақты, -лық, -лік,-дық, -дік, -тық, -тік сөзжасам жұрнақтарын аудармада жиі қолданған және сол арқылы көп жағдайда гибрид терминдер жасалған. Мысалы, *макдональдтандыру, субурбандалу, концептуалдау, андроцентристік, гетеронормативтік* және т.б.

Дегенмен сапалық деңгейіне қатысты мынадай пікір айтуды жөн көріп отырмыз:

1. Глоссарийде термин деп берілгеннің барлығын термин деп қабылдауға келмейді. Глоссарий анықтамасына сай мұнда міндетті түрде білім саласы терминдерінің түсіндірмесі берілуі керек. Ал біз қарастырған саладағы глоссарий тізбесіндегі кейбір терминдер, олардың анықтамалары термин талабына сай келе бермейді. 2-кестеде ондай термин сөздердің санын 82 деп көрсетіп отырмыз. Әлеуметтану саласының маманы болмағандықтан, қателесуіміз де мүмкін. Дей тұрғанмен, мысалы,

Әлсіз байланыстар – қарқыны төмен, жақындасуы аз қатынастар

Бірге тұру – романтикалық/жыныстық серігімен некелеспей жұптасып өмір кешу

Білім беру – ресми оқу жүйесіне жауапты институт.

Жасы шамалас топ – жасы және әлеуметтік мәртебесі тең адамдар

Жоғары мәдениет – жоғары таптың мәдени артықшылықтары

Шабуылдау адамдар немесе топтар өздерінің сәтсіздіктері үшін басқаларды айыптаған кезде болады.

Ажырасқаннан кейін де зорлық-зомбылық көрсету – әйелін қайта қосылуға мәжбүрлі түрде көндіру үшін ажырасқаннан кейін де жәбірлеушінің зорлық-зомбылық көрсетуін үдете түсуі.

Азаматтығы жоқ адам – ешқандай елдің азаматтығын алмаған адам.

Марқұм–өлген адам

Заңсыз – заң жүзінде тыйым салынған психобелсенді заттар.

Бала тапқан әйелдер – бір немесе бірнеше бала тапқан әйелдер және т.б. глоссарийге енгізіп, түсініктеме бермесе де түсінікті сөздер мен сөз тіркестері.

2. Глоссарийде берілген кейбір шеттілдік терминдердің қазақ тілінде бекітілген түрі бар және олар жиі қолданыста. Аударма кезінде осыған назар аударылу керек еді, мысалы: *некролог-қазанама, триада-үшитаған, модернизация-жаңғырту* және т.б. Бұдан басқа оқулықтарда берілген шеттілдік терминдердің баламасы бар, яғни, аударылған және 2018 жылдан бері бекітілген терминдер де бар. Алдағы уақытта 100 оқулық терминдерін бекітуге ұсынуда терминдердің ұлт тіліндегі нұсқасын беру керек деп ойлаймыз. Мысалы, *девианттық-ауытқушылық, ассоциация-қауымдастық, контент-анализ-мазмұн талдау, жанжал-конфликт, спираль-шиыршық*. Осылардың

ішінде *контент-анализ-мазмұн талдау* терминінің қазақша баламасы ғылыми айналымға түспеді. Сондай-ақ, кейбір терминдерді гибридин термин емес ұлт тіліндегі термин ретінде аудару керек еді. Мысалы, **Лонгитюдтік (ұзақ мерзімді) зерттеу** – бір құбылысты ұзақ уақыт бойы жинақталған деректер арқылы зерттеу.

Травмаға (жан-тән жарақатына) негізделген практика – бұрынғы зорлық-зомбылық пен травмалар адамның денсаулығына, саулығына, оған қоса, осы екі ұғымға қатысты интервенцияларды қабылдап, түсінуіне әсер етеді деп есептейтін практикалық және ұйымдастыру тәсілі.

Эквиваленттік (баламалық) шкала – отбасындағы үй шаруашылығының түрлі көлемі мен құрамын салыстыруға мүмкіндік беретін, кедейлік көрсеткіштерін түзетіп отыруға арналған статистикалық құрал.

3. Кейбір терминдер анықтамасы бір салаға қатысты болғанмен, әр оқулықта түрліше берілген. Мысалы:

Ассимиляция – адамдардың өз құндылықтарынан азды-көпті бас тарта отырып, басымдыққа ие топтың құндылықтары мен әлеуметтік тәжірибелерін үйреніп, қабылдау процесі. «Әлеуметтану негіздері» **Ассимиляция** – қоғамға жаңа келген топтардың сол қабылдаушы қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын қабылдап, өзінікін біртіндеп ұмытуы туралы әлеуметтану концепциясы. «Халық саны және қоғам»

Гипотеза – теорияның дұрыс екендігін анықтайтын қарым-қатынастар туралы тұжырымдама. «Әлеуметтану негіздері»

Гипотеза – екі немесе одан да көп айнымалы арасындағы күтетін, бірақ әлі расталмаған байланыс. «Әлеуметтік зерттеу әдістері»

Иммиграция – адамдардың өзге елге қоныс аударуы

Иммиграция – адамдардың бөгде елге тұрақтап қалу үшін көшуі.

Иммиграция – адамдардың басқа елге қоныс аударып, тұрақтап қалуы.

Саясат – қоғамдағы биліктің әлеуметтік құрылымы.

Саясат – үкімет қабылдап, жүзеге асыратын іс-әрекеттер жиынтығы.

Терроризм – үрей туғызып, адамдарды құқығынан айыру үшін зорлық-зомбылық және қорқыту тәсілдерін қолдану.

Терроризм – саяси-әлеуметтік себептерге байланысты адамдарға қасақана жасалатын зорлық-зомбылық. негізгі мақсаты: азаматтардың өмірі мен денсаулығына, сыни инфрақұрылым объектілеріне, табиғи ортаға, ақпараттық ортаға, мемлекеттік басқару органдарына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне қол сұғушылықпен көрінетін қоғамдық қауіпсіздікті бұзу болып табылатын қылмыс.

Босқын – БҰҰ анықтамасына сай, азаматтығы бар, өз елінен жырақта нәсілі, діні, ұлты, саяси сенімі немесе нақты бір топқа мүше болғаны

үшін қудаланғандықтан өз еліне қайтқысы келмейтін немесе қайта алмайтын адам.

Босқын – өз елінде қуғын-сүргінге ұшырауы мүмкін болып, қатты қысымға байланысты басқа елге қоныс аударған адам.

4. Ағылшын тілінде 14 термин берілген. Бұл терминдердің қазақ тілінде баламасын беру мүмкін болмағаны анық. Мұндай жағдайда бұл терминдерді қазақ тіліне айтылуына қарай икемдеп берген дұрыс болар еді.

5. Біраз термин атауы көпше түрде берілген немесе тіркесті терминнің толық атауы берілмеген, мысалы: *заңдар, трансұлттық корпорациялар, трансгендерлік тұлғалар, субмәдениеттер, секталар, андроцентристік (көзқарас), объективтік (жағдай), түпкілікті (жағдай)*.

Қорыта айтқанда, терминдерді біріздендіру, терминжасам жүйелілігін сақтау үшін оқулықтарда глоссарийді сапалы әзірлеу аса қажет. Түпнұсқа тіліндегі глоссарийді аударғанда барынша танымдық тұрғыдан, қолданыстық тұрғыдан қабылдауға қолайлы аударма жасауға назар аударылса. Әрине, жобаны игеруде уақыт тығыздығы, аудармашы маман тапшылығы жұмыстың сапалы орындалуына бөгет болатынын бәріміз де мойындаймыз. Сондай-ақ, ұлттық ғылым тілін дамыту үшін жоғары оқу орындарында салалық аудармашыларды дайындау осы уақытқа дейін қолға алынбай келеді. Болашақта салалық аудармашыларды даярлау үшін тіл білушілерден іріктелген 2-3 жылдық қарқынды курс ұйымдастырылғаны тиімді болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
2. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. -Oxford University Press, 2017.- 672б.
3. Коннолли М., Хармс Л., Мэйдмент Д. Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы. -Oxford University Press, 2017.- 335 б.
4. Синглтон Р., Стрэйтс Б. Әлеуметтік зерттеу әдістері. -Oxford University Press, 2017.- 672 б.
5. Дадли Мл., Постон Л., Бувье. Халық саны және қоғам. -Cambridge University Press, 2016.-532 б.

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫН БІРІЗДЕНДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде)

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Терминология орталығының жетекшісі,

Алматы қ., k.k.sarsen@mail.ru

Қазіргі жаһандану дәуірінде күн санап қарыштап дамып отырған ғылым мен техникадағы жаңалықтар, оның ішінде терминдік бірліктер білім беру процесіне, атап айтқанда, мектеп оқулықтарына да енуі – заңды құбылыс. Осы орайда ғылым салаларына, жалпы тұрмысқа еніп отырған терминдерді игертуді мектеп табалдырығынан бастауға тиіспіз. Өкінішке қарай, қазіргі кезде мектепке арналған бірде-бір терминологиялық сөздік жоқ, оның үстіне күні бүгінге дейін мектеп терминологиясы қазақ терминолог ғалымдарының зерттеу нысаны болған емес.

Қазіргі кезде қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық мәселелері біршама зерттеліп, айтарлықтай нәтижелерге жетіп отыр. Алайда термин мәселесі тек ғылыми зерттеулермен ғана шектелмей, практикалық қолданбалы тұрғыдан қоғамның әртүрлі салаларына, өндіріске енгізуді қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ терминологиясында қалыптасқан қағидаттарға сүйене отырып, мемлекеттік тілде білім берудің терминологиялық жүйесін біріздендіріп, мектептің терминологиялық қорын қалыптастыру бүгінгі күні тілшілердің де, сала мамандарының да, оқытушылардың да, әдістемешілердің де, жалпы қоғамның алдында тұрған «күн тәртібіндегі» шұғыл міндет деп білеміз.

Білім беру жүйесінің терминологиясы арнаулы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмағанымен, бұл жайлы мақала деңгейінде айтылған пікірлер бар. Мысалы, «100 жаңа оқулық»: тарихи еңбектерді қазақ тіліне аударған ғалым аударма кезіндегі қиындықтар туралы айтты» атты мақалада тарих саласындағы оқулықтарды аудару ісіне қатысқан ғалым негізгі қиындықтың бірі терминдер мен түсініктерді аудару екенін айта келіп, аудармада ұстанған қағидаттарды былайша көрсетеді: «егер термин орыс тіліндегі нұсқасының калькасы болса, оны таза қазақшаға аударып береміз; егер термин латын, грек немесе басқа ежелгі және ортағасырлық тілден алынып, халықаралық түсінікке айналып кетсе, оны аудармай қалдырамыз. Сондай-ақ, кейбір терминдер мен түсініктердің мектеп оқулықтарына және тексеру тестеріне еніп кеткенін де ескердік. Осының барлығын ғылыми-категориялық аппаратқа

қойылатын жалпы талаптарды сақтай отырып, сонымен қатар қазақ тіліне бейімдей отырып, аудару керек болды. Біз, авторлар ұйымы, осы тұрғыдан алғанда өте ауқымды жұмыс істедік – терминдер мен түсініктердің ескісін жаңарттық, дұрысын сақтадық та мазмұнын байыттық, жаңа терминдерді енгіздік». [1].

Сондай-ақ «Математика саласындағы терминдерді аудару ерекшеліктері» атты мақалада математика саласындағы терминдерді дұрыс, жартылай дұрыс, бейтарап және бұрыс терминдер деп бөлініп, оларға төмендегіше түсініктеме беріледі. «**Дұрыс терминдер.** Ұғым туралы толық мағлұмат бере алатын терминдерді дұрыс терминдер дейміз. Жазықтық (плоскость), доға (дуга), жанама (касательная), жанасу нүктесі (точка касания) терминдері – дұрыс терминдер. Олар көбіне төл сөзімізді тура не ауыспалы мағынада қолданудан жасалады. **Жартылай дұрыс терминдер.** Евклидтік емес геометрия (геометрия Лобачевского), шаршы, текше, үшбұрыш, көпбұрыш (многоугольник), куб теңдеу (кубическое уравнение) сияқты терминдерді жартылай дұрыс терминдерге жатқызуға болады, себебі олар өздері белгілейтін ұғым мазмұны мен көлеміне толық сәйкес келмейді. **Бейтарап терминдер.** Матрица рангі (ранг матрицы), сайтан сатысы (чертова лестница), алидада, вронскиан, интеграл терминдері ұғымның негізгі қасиеттері туралы ешбір мәлімет бермейді. Терминдердің мұндай тобын бейтарап терминдер дейміз. Әрине, мұндай терминдер математиктерден басқаға бейтарап болғанымен, олардың қасиеттерімен таныстарға бейтарап бола алмайды. Өйткені, термин еске түссе, оның қасиеті, ал қасиеті айтылса, терминнің өзі еске түседі. **Бұрыс терминдер.** Қазіргі қолданып жүрген сөздіктерімізде, математикалық әдебиетіміз бен ғылыми методикалық журналымызда *жорамал сан* (мнимое число), *қиялдағы геометрия* (воображаемая геометрия), *бөлгіш группа* (подгруппа), терминдері кездеседі. Бұл топтағы терминдердің элементтері артық немесе терминнің өзі терминделіп отырған ұғым мазмұнына қайшы болып келгендіктен, немесе ұғым реляциясын сипаттамайтындықтан бұрыс терминдер дейміз. Бұрыс терминдердің оқу процессінде қолданылуы оқушыларда бұлыңғыр және теріс түсінік беруі мүмкін. Әрі терминнің тұрақсыздығына соқтырады [2]. Мақала авторының көрсетуінше, математика терминдерін қолдануда біркәнділік қағидаты ұстанылғанымен, практикада бір ұғымды екі не бірнеше термин арқылы беру сөздіктерде, оқулықтарда, баспасөз бетерінде кездесіп жатады. Мысалы, *система, жүйе – система; есептеуіш, есептегіш – счетчик* терминдері бір ғана ұғымды сипаттап, синонимдік қатарды тудырып отыр. Синонимдік терминдердің бірқатарының түпкі мағынасы нақты мағынасына сәйкес келсе, екіншілеріне бұлар жартылай сәйкес келуі мүмкін.

Мысалы, *текше* – *куб*, *шаршы* – *квадрат* синонимдері мазмұны жағынан бере алмайды. Ал *шешу* (процесс), *шешім* (нәтиже) синонимдері ұғымның мағынасын дәлме-дәл жеткізеді [2].

Т.Қ. Зайсанбаев пен Г.У. Ахметалиеваның «Аударма медициналық оқулықтар тілі туралы» атты мақаласында С.Т. Қизатованың «Жаңа туған нәрестелердің сарғаюы» («Желтухи новорожденных») (учебно-методическое пособие (М. Изд. «Литтера», 272 стр. 2015 г. Мәскеу «Литтера» б. 2015 ж. 272 б.) атты оқу-әдістемелік құралында кеткен кемшіліктер былайша санамалап көрсетілген:

1. Екі тілде жазылған оқу құралы алдымен орысша жазылып, кейін қазақшаға аударылған. Оқу құралдарын екі тілде бір кітап қылып шығару дұрыс емес деп ойлаймыз, себебі орыс бөлімінің студенті оқу құралын алса, оған қазақша нұсқасының қажеті қанша. Керісінше қазақ бөлімінің студенті үшін де сондай. Ал қажеті жоқ беттер саны оқулықтың өзіндік құнын қымбаттатады.

2. Оқу-әдістемелік құралда терминологиялық комиссия бекіткен, сондай-ақ медициналық терминдер сөздігінде бар терминдер толық қолданылмаған. Мысалы, оқу құралында *новорожденный* деген термин *жаңа туған нәресте* деп аударылыпты. «Қазақпарат» баспасынан 2014-жылы шыққан «Қазақша-орысша, орысша-қазақша медициналық сөздікте» ((медицина) XIV Т.) бұл термин *нәресте* деп аударылған [4, 165]. Сондай-ақ әлдеқашан қазақ тіліне аударылып қойған *емшара*, *дәрумен*, *жылауық*, *дене қызуы*, *аспаптық зерттеу* сияқты терминдер мен терминдік сөз тіркестері оқу құралында *процедура*, *витамин*, *киста*, *дене температурасы*, *инструментальды зерттеу* деп орыс тілінде немесе орыс сөзімен тіркесу арқылы қолданылған. Бекітілген терминдерді қолданбау автордың да, оқу құралын талқылаған комиссия мүшелерінің де жауапсыздығын көрсетеді. Терминологиялық сөздіктер жасаумен іс бітпейді. Жасалған терминдер ғылыми мәтіндерде қолданысқа түсу арқылы бекиді, сондықтан бұл мәселеге салғырт қарауға болмайды.

3. Оқу-әдістемелік құралдағы *микросферацитарлы эритроцитарлы функциональдық* сияқты терминдер – орыс тілінің сын есім тудырушы жұрнағы арқылы жасалып тұрған терминдер. Мұны ескермеген автор оған үстемелеп қазақ тілінің сын есім тудырушы жұрнағын жалғапты. Бұл терминдерге қазақ тіліндегі сын есім тудырушы жұрнақтар *микросферацитті*, *эритроцитті*, *функциялық* болып зат есім тұлғасына жалғануы керек еді. Мұндай кемшіліктер қазақша медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында көптеп кездеседі.

4. Оқу-әдістемелік құралдың атында *туу* сөзі қазақ тілінің заңдылығына сай қолданылған, бірақ ішіндегі сөйлемдердің барлығында, мысалы, *шала*

туылған, мерзіміне жетіп туылған т.б. сияқты туу етістігі ырықсыз етіс жұрнағы (-ыл) арқылы қолданылған. Орыс тілінің грамматикалық заңдылығы бойынша солай болғанымен, қазақ тілінде мұндай сөз тіркестерінде ырықсыз етіс жұрнағы жалғанбайды. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша шала туған, мерзіміне жетіп туған болып қолданылуы тиіс. Қазақ тілінде туған күн, туған жер, туған ел сияқты сөз қолданыстары біздің ойымызды дәлелдей түседі деп ойламыз. Қазақ тіліндегі дәстүрлі сөз қолданысын орыс тілінің үлгісіне салып өзгерту белең алып барады. Тіпті радио, теледидарларда да «үлкен рахмет», «мен ойлаймын», «полиция қызметкерлерімен құрықталды» деп орыс тілінің лексикалық, грамматикалық құрылымымен сөйлейтін жорналшылар көбейіп кетті.

5. Оқу-әдістемелік құралда грамматикалық құрылымдары қазақ тілінің заңдылығына сәйкес келмейтіндіктен, түсінуге қиындық келтіретін сөйлемдер біршама. Мысалы: *Осы мәселенің ерекше маңыздылығын мына деректер айқындайды: гипербилирубинемия нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүреді және кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік, балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулармен дамиды.*

Бұл сөйлемді: *Гипербилирубинемияның нәрестелердегі орталық жүйке жүйесінің кейіннен зақымдалуымен қосарланып жүруі, кейін IQ-дің төмендеуі, нейросенсорлық кереңдік пен балалардың церебралды салдануы сияқты асқынулардың дамуы бұл мәселенің маңыздылығын айқындайды* деп қолданса, әлдеқайда қазақы және түсінікті болар еді.

Сөйлем дұрыс құрылмағандықтан, әрі автордың не айтқысы келгені түсініксіз болғандықтан, орысша нұсқасына жүгінуге тура келген тағы бір сөйлемге тоқталайық. Орысшасы: *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток часть уробилиногена попадает в общий кровоток и выделяется с мочой. Қазақшасы: Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің төмендеуін ескере отырып, уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түсіп, зәрмен бірге бөлінеді* деп аударылыпты. Бұл сөйлемдегі *Ввиду снижения функции захвата печеночных клеток* деген сөз тіркесі дұрыс аударылмаған. Бұл сөйлем қазақша былай құрылуы тиіс деп есептейміз: *Бауыр жасушаларының қармап алу қызметінің төмендеуі салдарынан уробилиногеннің бір бөлігі жалпы қан айналымына түседі де, зәр арқылы сыртқа шығарылады.*

Кейде жұрнақтың дұрыс жалғанбауынан сөйлем түсініксіз болып шығады. Мысалы: ... *мұнда кейіннен билирубин диэюкуронидке айналуы мына кесте бойынша жүреді.* Бұл сөйлемдегі жатыс септігіндегі сілтеу есімдігіне (мұнда) **-ғы** жұрнағы жалғануы тиіс еді. Яғни, ... *мұндағы билирубиннің кейіннен*

диглюкуронидке айналу мына кесте бойынша жүреді болуы тиіс. Ал ... өтпен ішекке түседі деген сөз тіркесінде көмектес септігінің жалғауы емес емес, атау септігінің шылауы қолдануы керек еді, яғни өт арқылы ішекке түседі болуы керек.

6. Кейбір сөздердің орыс тілінде ауыспалы мағынада тұрғанын ескермеуден туған қателікке мына сөйлемді келтіруге болады. Орысшасы: *Практически у всех новорожденных на 2-5-й день жизни отмечается транзиторные повышение концентрации билирубина в сыворотке крови.* Оқу-әдістемелік құралдағы қазақша нұсқасы: *Қандағы билирубиннің транзиторлы жоғарылауы тәжірибе жүзінде барлық нәрестелердің өмір сүруінің 2-5 күнінде байқалады.* Орысша нұсқасындағы *практически* сөзі бұл сөйлемде *тәжірибе жүзінде* деген мағынада емес, *бәрінде (барлығында)* деген мағынада қолданылып тұр. Яғни, сөйлем былай құрылуы тиіс: *Нәрестелердің барлығының дерлік өмірлерінің 2-5-күндерінде қан сарысуларында билирубин шоғырлануының (концентрациясының) өткініші (уақытша) жоғарылауы байқалады.*

7. Оқу-әдістемелік құралда тыныс белгілерінің дұрыс қойылмауы жиі кездеседі. Мысалы: *Гемолиздік сарғаюдың негізгі себебі эритроциттердің қарқынды гемолизи.* Бұл сөйлемде бастауыштан кейін қойылатын сызықша ескерілмеген. Дұрысы: *Гемолиздік сарғаюдың негізгі себебі – эритроциттердің қарқынды гемолизи.* Сондай-ақ реттік сан есімнен кейін дефис қойылса да, оған үстемелеп реттік сын есім жұрнағын жалғаған. Мысалы: *өмірінің 1-ші күнінде* т.б. Бұл жерде Ф.Мұсабекованың: «Тыныс белгілері дұрыс қойылған сөйлемді оқу да, ұғынуда жеңіл. Тыныс белгісін дұрыс қою арқылы жазушы өз ойын, сезімін жазбаша түрде дәл жеткізеді және айтпақ ойын екінші адамдардың сондай дәрежеде дұрыс түсінуіне жәрдемші болады. Олай болса, тыныс белгілерін қалай қолдануды білу керек, әрбір тыныс белгілерін орын-орнына қоя білу керек.» [5, 22],-деген пікірін келтіре кетуді жөн көріп отырмыз.

8. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінің сақталмауы және сөйлемнің баяндауышының орнында тұрмауы сияқты кемшіліктерге тоқталайық. Мысалы: *Нәрестелердегі әрбір сарғаюдың жағдайларында анамнезді анықтау маңызды болып келеді: анасындағы резус-сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы, ..., ...* Қазақ тілінде анықтауыш өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Бұл сөйлемде *әрбір* сөзі *жағдай* сөзінің анықтауышы, яғни *жағдай* сөзінің алдында тұруы тиіс, сондай-ақ сөйлемнің баяндауышы да орнында тұрған жоқ. Осы қателіктерді ескерсек, сөйлемді былай құрған дұрыс болар еді: *Нәрестелердегі сарғаюдың әрбір жағдайларында анасындағы резус-*

сәйкестік пен қан тобы, жүктілік пен босану кезіндегі инфекциялардың болуы не болмауы ..., ... сияқты анамнездерді анықтау маңызды болып есептеледі.

Орыс тілінің үлгісімен құрылған, яғни баяндаушы сөйлемнің соңында келмеген тағы бір сөйлемге тоқталайық.

«Қауіпті сарғаюдың» ерте белгілерін анықтау үшін нәрестені мұқият бақылап отыру керек:

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін бағалау;
- сору рефлексі мен төспен емізудің нәтижелілігін бағалау;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін бағалау;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін анықтау;
- қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын қарау. Дұрысы:

Қауіпті сарғаюдың белгілерін ерте анықтау үшін:

- баланың сыртқы келбетін және белсенділігін;
- сору рефлексі мен емішпен қоректендірудің нәтижелілігін;
- нәжіс пен зәрдің сипаты мен түсін;
- бауыр мен көкбауырдың өлшемін;

қанталаулар мен кефалогематомалардың бар-жоғын бақылап отыру керек [3].

Біз <https://termincom.kz/> сайтының «Мектеп терминологиясы» айдарын қарастыра отырып, мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданысына талдау жасадық.

1. Мектеп оқулықтарындағы терминдер негізінен оқу бағдарламасына, оқушылардың жас ерекшелігіне және т.б. факторларға сай келетінін айтуға болады.

2. Жас ерекшелігіне қарай қиындық тудыратын терминдер:

Диминуэндо – музыкалық термин: дыбыс күшінің бірте-бірте әлсірегенін көрсетеді, белгісі «>» (музыка, 2-сынып).

Крецендо – музыкалық термин: дыбыс күшінің бірте-бірте күшейгенін көрсетеді, белгісі «<» (музыка, 2-сынып).

Ксилофон – ұрмалы музыкалық аспап, ол дыбыстары әртүрлі биіктікте қатар-қатар тізілген ағаш пластиналардан құралған, дыбысы балғашықпен соғу арқылы шығады (музыка, 2-сынып).

Сюита – бірнеше қысқаша музыкалық шығармалардан тұратын аспаптық музыканың түрі (музыка, 2-сынып).

Террариум – қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушы жануарларды ұстауға арналған орын (жаратылыстану, 2-сынып).

Пуантилизм – әртүрлі түстегі нүктелер мен ұсақ дақтарды пайдалану арқылы жасалатын кескіндеме өнерінің бағыты (көркем еңбек, 3-сынып).

Хлорофилл – өсімдік жапырақтарын жасыл түске ендіретін пигмент. Онсыз фотосинтез үдерісі жүзеге аспайды (жаратылыстану, 3-сынып).

Импрессионизм – түс пен жарықтың құбылуы басты назарға алынатын, 19 ғасырдың аяғында пайда болған өнердегі жаңа бағыт (көркем еңбек, 4-сынып).

Реактейбл – (reactable) сенсорлық беткейі бар дөңгелек үстел пішіндес аспап. Бетіне арнаулы дыбыс генераторлары орналасқан. Бұл аспапта бір адам немесе бірнеше адам қатар ойнай алады (музыка, 4-сынып).

Террикон – пайдалы қазбаларды өндіруден қалған бос тау жыныстарының үйіндісі (жаратылыстану, 4-сынып).

Импрессионизм (французша impressionnisme, impression – әсер) – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өнерде пайда болған ағым (музыка, 6-сынып).

Консументтер – (лат. сопзито – тұтынамын) тұтынушылар қоректік тізбекте фотосинтез жүргізетін өндіргіштер (продуценттер) түзетін дайын органикалық заттарды пайдаланатын ағзалар. Консументтер тобына барлық адам, жануарлар түрі, микроағзалардың біраз тобы, паразит және жәндік жегіш өсімдіктер жатады (жаратылыстану, 6-сынып).

Митохондрия – (грек. митос – жіп және хондрион – түйіршік) жіпше және түйіршік тәрізді органоид. Митохондриялардың көлемі тұрақсыз, сондықтан да олардың сыртқы пішіні өзгермелі келеді. Көп жасушаларда олардың қалыңдығы тұрақты (0,5 мкм), ал ұзындығы тұрақсыз (жіпше тәрізді митохондриялар) 7- 10 мкм-ге дейін жетеді.

Фенолфталеин – химиялық индикатор. Бейтарап және қышқылды ортада түссіз, ал сілтілі ортада қоңыр қызыл түске өзгереді. Сонымен бірге бояу ретінде де қолданылады (жартылыстану, 6-сынып).

3. Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдердің қолданылмауы:

Суверенитет – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаттағы саяси тәуелсіздігі (Дүниежүзі тарихы, 11-сынып) – бекітілгені «егемендік».

Этникалық репрессиялар – (КСРО-да) күштеп қоныс аударуды (депортацияны), жала жабуды, геноцидті, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын жоюды, арнаулы қоныстану жерлерінде террор мен күш көрсету режимін орнатуды қосқанда, жекелеген этникалық топтарға қатысты саяси қуғын-сүргіндер (Қазақстан тарихы, 11-сынып) – бекітілгені «қуғын-сүргін».

4. Қазақ тілінің заңдылығы сақталмаған терминдер:

Этникалық репрессиялар – (КСРО-да) күштеп қоныс аударуды (депортацияны), жала жабуды, геноцидті, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын жоюды, арнаулы қоныстану жерлерінде террор мен күш көрсету режимін орнату-

ды қосқанда, жекелеген этникалық топтарға қатысты саяси қуғын-сүргіндер (Қазақстан тарихы, 11-сынып) – дұрысы «этностық қуғын-сүргін». [4].

5. Мектеп оқулықтарында терминдердің қолданысында жарыспалылық байқалады. Мысалы, ағза – организм, ағза – орган және т.б.

Қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарындағы қолданылатын терминдерді қарастыра келе, білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің төмендегідей мәселелеріне көңіл бөлеміз:

- **біріншіден**, білім беру, оның ішінде мектеп терминологиясының ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық, әдістемелік және үйлестірушілік негізін қалыптастыру қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін қажет, өйткені қоғамдағы ғылым салаларының, оның ішінде мектепте оқылатын пәндерді қазақ тілінде «сөйлеуін» қамтамасыз ету мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың алғышарттарының бірі болып табылады;

- **екіншіден**, білім беру жүйесінің, оның ішінде мектеп терминологиясының ғылыми-теориялық, қолданбалы-практикалық, әдістемелік және үйлестірушілік негізін қалыптастыру қазақ тілін ана тілі және шет тілі ретінде сапалы оқыту үшін қажет, өйткені білім беру, оның ішінде мектеп терминологиясының ғылыми-практикалық негізін қалыптастыру ортақ мәдениетті, біртұтас халықты қалыптастырудың қазіргі заманғы қуатты инновациялық құралдарының болып табылады.

Мектеп терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың негізгі тәсілдері:

1) ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру:

- мемлекеттік тілде білім беру терминологиясының ғылыми-практикалық негізін қалыптастыру мен дамыту бойынша арнаулы ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізу;

- мектеп оқулықтарын мемлекеттік тілге аударудың ғылыми негізін дамыту бойынша ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізу;

- мектеп терминографиясын қалыптастыру мен дамыту бойынша ғылыми-теориялық зерттеулер жүргізу;

2) қолданбалы-практикалық негізін қалыптастыру:

- мектепке оқулықтарында кездесетін (бастауыш, орта және жоғарғы сыныптар) терминдер кешенін жинақтау, іріктеу және жүйелеу; эмпирикалық қорға қажетті талдау жасау;

- мектепке оқулықтарында кездесетін пәнаралық полисемиялар мен ғылымаралық терминологиялық омонимдердің аражігін ажырату;

- мектепке оқулықтарында кездесетін салалық терминдердің варианттылығын анықтау;

- мектепке оқулықтарында кездесетін терминдерді біріздендіру;

- мектепке арналған сыныпаралық және пәнаралық терминологиялық сөздіктер әзірлеу;

- мектеп терминологиясына арналған жеке дербес сайт ашу;

3) *әдістемелік негізін қалыптастыру:*

- мектепке терминологиясын оқытудың әдіснамасы мен әдістемесін зерделеу;

- жоғары оқу орындарына терминология пәнін міндетті пән ретінде енгізу;

4) *үйлестірушілік негізін қалыптастыру:*

- мектеп мұғалімдерінің терминологиялық біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;

- мемлекеттік тілде білім беру терминологиясының ғылыми-практикалық, әдістемелік негізін қалыптастыру бойынша іс-шаралар, атап айтқанда, халықаралық семинарлар, конференциялар, басқосулар, онлайн конференциялар және т.б. ұйымдастыру;

- мектеп терминологиясын ретке келтіру және оларға терминологиялық сараптамалар жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «100 жаңа оқулық»: тарихи еңбектерді қазақ тіліне аударған ғалым аударма кезіндегі қиындықтар туралы айтты // <https://100kitap.kz/kz/mass-media/126>

2. Нұрлан А. Математика саласындағы терминдерді аудару ерекшеліктері // <https://melimde.com/matematika-salasindafi-terminderdi-audaru-erekshelikteri.html?page=3>

3. Зайсанбаев Т.Қ., Ахметалиева Г.У. Аударма медициналық оқулықтар тілі туралы // <https://kaznmu.kz/press/en/>

4. https://termincom.kz/school_terminology

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ БОЙЫНША ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРЫЛУЫ: ІЗДЕНІС, ТӘЖІРИБЕ

Ақтанова Айман Советқызы

БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

Астана, aktanova_aiman@mail.ru

Әдебиет – заман өзгерген сайын жаңа түр тауып, өмірдегі барлық өзгерістерді көркем түрде жеткізудің ең негізгі құралы болып отыр. Адамзат қоғамы жаңа деңгейге көтерілгенде адам жанының асқақтауы мен құлдырауы

қатар жүретіні де бар. Әдебиет тек сұлулықты ғана емес өмірдегі келеңсіздікті де бейнелеп беретін өнердің ерекше түрі. Бұл туралы кезінде Аристотель адамның қызығушылығын әдемі бейнемен қатар сұрықсыз дүниелер де қызықтыратынын айтқан. Себебі, бұл – өмір. Әдебиет – өмірдің айнасы.

Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет кеңестік әдебиет теориясы қалыбынан шығып батыстық теориятанушылардың ой-пікірлерімен танысу мүмкіндігі туды. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында Джули Ривкин мен Майкл Райанның 4 томдық «Әдебиет теориясы» оқулығының аударылуы еді. Жаңа теориялық еңбек бізге не берді? Біздің әдебиетімізде бұл теорияда айтылған мәселелер бар ма?

Ғалымдардың пікірлеріне ден қойсақ. Профессор Амантай Шәріп: «Орыс тілінде де толық қабылданған нұсқасы жоқ жаңа ұғымдар бар. Бірақ әлем әдебиеті теориясын қазақшалауды тоқтатпауымыз қажет. Әдебиет теориясы заман ағымына сай жаңаланып отыруы керек» деген пікірін қолдай отырып, қазіргі әдебиеттегі жаңа шығармаларға осындай теориялық талдаулар жасауымыз керек. Бүгінгі күні кейбір жас ғалымдар мен әдебиеттанушылар арасында бұндай таладулар жасап жүргендер де бар. Ғылыми еңбектер де жазылып жатыр.

Профессор Айгүл Ісімақова: «Әдебиет теориясының топтамасы қазақ оқырмандарына әлемдік әдебиет теориясының жаңа зерттеу бағыттарын ұсынады. Отандық әдебиет саласында қалыптасқан кейбір түсініктерді бұзып, мүлде жаңа тұрғыдан таныстырады», - деп бұрыннан қалыптасқан теориялық ұғымдардың қазіргі әдеби үрдіске сай жаңаша қарауды қолдайды. Заманның ағымына қарасақ, әлемдік көштен қалыспай ғалымдарымыз айтып отырғандай жаңаша талау, саралау керек-ақ. Дегенмен жаңалықты жаппай шетелдік ұғыммен қабылдасақ, онда өз сөзіміз, өз ойымызды кім айтады? Біздің ақын-жазушыларымыз жазып жатқан төл шығармалдарымызды қалай талдап, түсіндіреміз?

Әдебиеттану терминдері туралы ойымызды осы арадан терминдердің жасалу тарихына байланысты ойымызбен жалғасақ. Қазақ әдебиетінің тұңғыш теориясын жазған ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» сөзсіз бұл саладағы бүкіл әдебиеттану терминдерін жасаудың болатөзегі болатыны айқын. Әдебиеттану терминдері туралы ойымызды осы арадан терминдердің жасалу тарихына байланысты ойымызбен жалғасақ. Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» сөзсіз әдебиеттану терминдерін жасауда негізгі болатөзегі болатыны айқын.

Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдер қазақ ұлттық дүниетанымынан нәр алып, оқырмандарына барынша түсінікті шыққан. Мәселен, сымбаттау, кескіндеу, суреттеу, сипаттау терминдері арқылы ақынның образ жасаудағы

тәсілдеріне назар аудартады. Мән берсек, қазіргі студенттеріміз осының бәрін бірақ сөзбен «бейнелеу» деп айта салады. Ал, А.Байтұрсынұлынша айтсақ айырмашылықтары мен берілген образдардың алуандылығына көз жеткіземіз. Немесе, А.Байтұрсынұлында аңдау- эпилон, қорыту – пролог деп берілген. Ұлт ұстазының «Әдебиет танытқыштағы» әр термині қазақ ұғымына, қазақша ойлау жүйесіне сай берілген. Бұл туралы академик З.Қабдолов: «Қазіргі қазақ тіл біліміндегі секілді, қазақ әдебиеттануындағы әдеби терминдердің басым көпшілігінің баламаларын 13 ойлап тапқан да Ахаң: Көріктеу, меңзеу, ауыстыру, алмастыру, кейіптеу, пернелеу, әсірелеу, шендестіру, дамыту, түйдектеу ... – осылардың бәрінің түп-тамыры Ахаңда жатыр. Мұхтар Әуезовтің «Ахаң түрлеген ана тілі» дейтін әлдінің әдебиет аясындағы бір нақты да затты көрінісі – осы». Демек, «Әдебиет танытқыштын» ең басты бағалылығы осылайша әдеби терминдерді қазақша қалыптастырғандығы», – деген еді. Олай болса қазіргі әдебиет теориясын аудару мәселесінде де барынша төл терминдерді жасауға тырысу керек.

Джули Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» оқулығындағы қазақша берілген терминдерге назар аударсақ, аудармашылар бұл үддеден шығуға тырысқанын байқаймыз.

Мысалы: **Басымдық** (dominant) – формализм мен лингвистикалық әдебиет сынының белгілі бір көркемдік құрал не техниканың әдеби шығармаға басымдықпен кіріретінін білдіретін термині. М.Бахтин Достоевскийде авторитарлы бір әуездің үстемдігіне ырық бермейтін көп әуезділік (полифония) басым болып келетінін айтады. Безіну (disavowal). Зигмунд Фрейдтің айтуынша, анасында пенистің болмауы ер баланы «кастрация» секілді жаңылыс түсінікке ұрындырып, уайымға түсіреді және болуы мүмкін кастрациядан фетиш нысанына ұмтылыс арқылы құтылуға деген тілегін туғызады. **Бейімделу, бейімделген** (adaptation, adaptive). Биологиялық эволюция барысында ағзалар генетикалық мутация арқылы қоршаған ортада тіршілігін жалғастыруға қажетті жаңа қасиеттерге ие болады. Мұндай бейімделу ағзаның жаңа жағдайға жерсінуге мүмкіндік береді. **Білік** (competence) – белгілі бір тілде айтылған сөзді толық түсіну.

Еді бір топ терминдер аудармасыз берілген:

Паноптикон (panopticon). М.Фуко азаматтар мінез-құлық нормаларын үйренетін және капитализм талаптарын қалтқысыз сақтау үшін полицияның араласуын қажет етпейтін қазіргі қоғамды сипаттау үшін түрменің осындай идеал моделін қолданған.

Реификация (*Жаттануды қараңыз*) (reification) – жұмысшылардың бойындағы күш-қуатының еңбек арқылы капиталистерге тиесілі тауарға қалай айналатынын білдіретін марксизм термині.

Симулякр (simulacrum) – көшірме деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Жан Бодриар қазіргі мәдениет шынайылықты образбен алмастырған, сондықтан соғыстың қасіреті мен сұмдығы адамдардың жанын ауыртып, үрей туғызбайды дегенді алға тартты.

Академик Ә.Қайдаровтың: «Егер біз ғылымның барша жаңалықтары мен табыстарын ең алдымен адамның, халықтың игілігіне қажет дүние деп танысақ, бұл арадағы тілдің атқаратын орасан зор қызметін де ұмытпағанымыз жөн», - деген түйінді ойына назар аудара отырып, кез келген аударма дүниеде ұлттың жаны тұратындай жасау қажет.

Қорытындылай келе жалпы алғында аударылған теориялық еңбектердің пайдасы әрине бар. Бірақ аудармада өз тілдік мүддемізді де ұмытпай, терминдердің төлтумалық қасиетін сақтаған жөн деп санаймын.

Әдебиет терминдері бойынша ұсыныс:

Әдебиет заманына сай жаңа даму деңгейлеріне көтерілген сайын ондағы теориялық ұғымдар да жаңарып, жаңа әдебиетті түсіндіру барысында жаңа терминдер қалыптасады. Сондықтан бұрынғы жасалған әдебиеттану терминдерін («Әдебиеттану терминдер сөздігі», З.Ахметов, Т.Шаңбаев) толықтыру, жетілдіру мақсатында әдебиеттану терминдері сөздігін жоба ретінде ұсынып, жасап шығу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынұлы, Ақжол: Өлеңдер мен тәржімелер, аубл. Мақалалар, және әдеби зерттеу/ Құраст. Р.Нұрғалиев. –Алматы: Жалын, 1991. -464 бет.
2. Байтұрсынұлы Ахмет Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б.
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі З.Ахметов, Т.Шаңбаев Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. - 384 б.
4. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы, – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.
5. Ривкин Д., Райан М. Әдебиет теориясы: Антология : 2-том / ауд. А.Исембердиева, Н.Құдайберген, Ә.Құранбек [ж.т.б.]; «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры.- Алматы, 2019.- 372 б.

ҚАЗІРГІ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН ТЕРМИНДЕР СИПАТЫ

Алишабаева Әйгерім Бақытжанқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Астана қ., Alschabaeiva@mail.ru

XX ғасырдың алғашқы кезеңінде А.Байтұрсынұлы орыс тілі терминдерінің ерекшеліктерін зерттеп, қазақ тілінің өзіндік материалын ұтымды пайдалана отырып, терминдер жасады. Бұл терминдердің қазақ тілінің бірқатар терминологиялық сөздіктеріне берік енгендігі және әлі күнге дейін өзгеріссіз қолданылатындығы олардың сәтті құрылғанын көрсетеді [1;52]. Шын мәнінде, сол кезеңдердегі Алаш зиялылары жасаған терминдердің қолданылуы мынада: олар ұғым мен зат арасындағы байланысты терең түсінгендіктен, олар зат не құбылысқа терминдік атау беру үшін ұғыммен жұмыс істей бастады. Мысалы Ж.Аймауытұлы психологиялық терминдерді және өсімдік шаруашылығының атауларын, Е.Омарұлы геометрия терминдерін, С.Қожанұлы математика саласының терминдерін, А.Қонқашпайұлы географиялық терминдерді, М.Жұмабайұлы педагогикалық терминдерді қалыптастырғаны белгілі.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі ұлттық терминологияның қалыптасуы болып табылады. Соңғы жылдары қазақ зиялыларының еңбектері, олардың терминология тәжірибесі зерттеушілердің назарын аудара бастағаны қуантады. Өйткені, қазақ тілінің ғылым тіліне айналуына терминдердің өз ана тілімізде қалыптасуы маңызды болмақ. Ғылым тіліне келетін болсақ, ол дамып, жаңаратыны белгілі. Сондықтан қазақ терминологиясын ана тілімізде қалыптастырып, толықтыру қажет. Қазір терминологтар осы бағытта елеулі қызметтер атқаруда. Десекте, тілімізге кейінгі он жылдықта тек орыс тілінен ғана емес, шетел тілдерінен толассыз сөздер қолданысқа енуде. Жалпы тілдегі терминология саласы қоғамдағы жаңалықтармен үнемі тікелей байланысты болғандықтан, бұл үнемі жаңарып отырады әрі зерттеуді қажет етеді. Айталық, қазіргі қазақ терминологиясында ғасыр басындағы жағдаймен салыстырғанда айырмашылықтар көп, қазіргі кезеңде біздің тілімізде ұлттық терминологиямен қабаттаса ағылшын тілінен енген сөздер де басымдылық ала бастады.

Бүгінде халықтың көпшілігі әлеуметтік желілерді қолданады. Жастар тіліне жаргон, сленг сөздер ретінде ағылшын сөздері өте жиі қолданысқа енуде [2]. Осы желілер арқылы шетел сөздері де тілімізге енуде: Instagram, account, megabait, challenge, snapchat, facebook, blog деген сөздер легін тізе

беруге болады. Тағы бір қынжылтатын мәселе бұл сөздер тіпті ағылшын тілінде дыбысталғанымен қоса, латын графикасына негізделе жазылып та жүр. Бұл сөздердің қазақша баламасы бола тұра баспасөз беттерінде қазақшасынан гөрі ағылшыншасы жиі қолданылады, айталық, «account» сөзін «парақша», «Internet» сөзі «ғаламтор» деп аударылса да, өзге тілдегі нұсқасын жиі қолданады. Сайт, файл, e-mail сөздері де актив қолданыста. Ел басқару ісі мен саясатқа байланысты кірме сөздер де белсенді қолданысқа ие, мысалы, премьер-министр, вице-премьер, спикер, президент т.б. Жаһандану дәуірінде ағылшын тілінен алынған сөздердің ағыны өз тіліміздің жойылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан зат атауларын неғұрлым қазақ тіліндегі баламасын қолданып, қазақ тілі заңдылығына орай өзгерте қолдаған дұрыс болар еді. Негізінен жаңа сөздердің пайда болуы біздің сөздік қорымызды байытады, дегенмен, кірме сөздердің көптігі тілімізді шұбарлап, бірегей табиғи қалпына нұсқан келтіріп, әдеби сұлулықты, тіліміздің тазалығын жояды.

Қазақ тіліне кеңестік кезеңде енген спорт саласының бокс, баскетбол, хоккей, футбол, теннис т.б. терминдері қатарын қазіргі кезде кетч, кросс, кроссмен, тайм-аут, крикет, кёрлинг т.б. сияқты спорт атаулары да ағылшын тілінен еніп, толықтырып отыр. Өнер саласына қатысты мына сөздер де осы саланың кәсіби терминдеріне айнала бастағанын білмей де қалдық: блокбастер, терминатор, комеди киборгсингл, ремейк, трек, постер, клуб, вестерн, хит, хип-хоп, джаз, брэйк-данс, блюз, шоу, ток-шоу, диск, битлз, брейкер, ревью, опера т.б.

Ал Әлеуметтік тұрмысымызда экономика саласының инвестиция, маркетинг, менеджер, босс, шеф сөздерін қолдануға мәжбүр болсақ, осы салада дилер, брокер, дефолт, прайс-лист сөздері кәсіби терминге айналғанын аңғару қиын емес. Жастар арасындағы жаргон, сленг сөздерді қоспағанның өзінде қазақ тіліне енген ағылшын сөздерінің бейнесі осындай.

Жарнама тіліне талдау жасар болсақ, ағылшын тілінен енген сөздер едәуір. Мысалы стимер, ростер, триммер, снукер, пул, сквош тб сөздер. Жарнама арқылы күнделікті тұрмыстағы зат атаулары да ағылшын тілінен тікелей алынып, тілімізге оңды-солды еніп жатыр. Ол заттардың атаулары ағылшын тілінде беріледі: «Head & Shoulders» сусабыны, «Dove» сабыны, лифтинг, скраб, пиллинг т.б. сол сияқты косметика атаулары да өзгеріссіз ағылшын тіліндегі қалпында қолданылып жүр.

Медицина ғылымы да жаңа кірме сөздермен толықты: изоляция, ковид, санитаризер.

Ғылым салалары: нумерология – нумеролог, бионика, робототехника, регенерация, диетология – диетолог, менталды арифметика.

Экономика, қаржы саласына байланысты мынандай сөздер бар: кэш, кэш-

бэк, инвестиция, акция, биткоин, антиплагиат, спонсор, банкрот, гарант, криптовалюта, профит, дивиденд, бенефициар, бонус т.б.

Ағылшын тілінен енген сөздер құрылысына қарағанда екі сөздің тіркесуі немесе бірігуі арқылы жасалған күрделі аталым түрінде де кездеседі: фишбургер, чикенбургер, чизбургер т.б.

Ағылшын тілінен алынған қысқарған сөздер: HR, SMM, MMA

Қос сөздер: секонд-хэнд, видео-салон, прайс-лист, сендвич-гамбургер, хот-дог.

Заман ағымына байланысты жаңа мамандық атаулары да кірме сөздерден тұрады. Мысалы: SMM, таргетолог, медиатор, бизнессвумен, HR, репетитор, хакер, папарации, брокер, телесуфлер, инвестор, диллер, дистрибьютор, фриланс / фрилансер, стилист (стильші)копирайтер, аниматор, модератор, супервайзер, логистика, барбер, диктор, веб-дизайнер, бармен, амбассадор, промоутер, дауншифтер, риэлтор имиджмейкер, спикер, волонтер .

Жоғарыда келтірілген барлық мысалдар жас ұрпақтың әлемдегі барлық жаңалықтарды меңгеретіндігін және әлемдік жаңалықтардан хабардар болып, кенжелеп қалмайтындығын көрсетеді. Біздің елде бұл сөздер күнделікті өмірде қолданыс тауып, біздің өмірімізге тән сөздерге айналды. Ағылшын сөздерінің саны ерекше қарқынмен кірме сөздер қатарын құрап, ғылым мен техниканың дамуы, халықтың өмір салты мен тұрмысы жақсарса да, болашақта ұлттық тіліміздің мәртебесі қандай болады деп ойлануымыз керектігін айтқымыз келеді. Қазіргі қазақ тілінің сөздік қорына енген бұл ағылшын сөздері болашақта қазақ тіл білімінің деңгейін арттыруға, қазақ тілінің сөздік қорын жаңартуға және дамытуға ықпал етуі мүмкін. Жаһандану дәуірінде ағылшын тілінен алынған сөздердің ағыны өз тіліміздің ұмыт болуына, шұбарлануына әкелуі мүмкін екені анық. Сонымен қатар, біз әрқашан тіліміздің жоғары мәртебесін сақтауымыз керек. Бірақ экономиканы, саясатты, мәдениетті одан әрі дамыта отырып, уақыт ағымына ілесе отырып, біз де халықаралық тілді меңгеруіміз керек, десек те бұл терминді ұлттық тілдегі сөздердің баламасымен ауыстырып алу немесе оны қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық ерекшеліктеріне бағындыру үшін қолданған дұрыс болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов Тіл тағылымы. Алматы, 1992. – 445 б.
2. Қызырова Ә.М. Ағылшын кірме сөздерінің қазақ тіліндегі ассимиляция үдерісі. – диссертация авторефераты, Алматы, 2007.
3. Брейтер М.А. Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы. – Владивосток, 2004.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДЕ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ақылбекова Гүлжан Кәрімқызы

*ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институты,
Астана қ., akyzbekovagulzhan@gmail.com*

Өркениетті елдерде ұлт тілінің дамуына, ұлт терминологиясын реттеу, жетілдіру, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру мәселелері айрықша маңызға ие. Германия, Франция, Ресей тәрізді елдерде терминологиялық комитеттер, комиссиялар мен қоғамдық институттар жұмысы дұрыс жолға қойылған. Терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру жөніндегі өз жұмыстарын мемлекеттік деңгейде ғана жүзеге асырып қоймай, сонымен қатар, терминологиялық жұмыстардың салалық, ғылыми-әдістемелік бағыттарын да айқындап отырады. Ұлттық ерекшелікті сақтау ісіне ерекше мән беріледі. Қазіргі күні бұл елдерде дамыған тілдік заңнама және мемлекеттік институттар жүйесі жұмыс істейді және олар тіл нормаларын қалыптастыру, қалыптандыру және қорғауға жауапты. Франция және Канададағы тілдік саясат негізі іс жүзінде, осы елдердің мемлекеттілігі қалыптасқан кезден бастап-ақ іргетасы қаланып, бүгінгі күні дамыған тілдік заңнамасы бар, әрі француз тілі нормасын бекіту, қорғау және оның таралуына жауапты мемлекеттік институттар мен құрылымдардың тұтас бір жүйесі жұмыс істейді. Бұл елдер тілдік саясат шеңберінде 1) біртұтас мемлекеттік тілдік норманы бекіту және оны сақтау; 2) француз тілінің тазалығын сақтау тәрізді негізгі бағытты ұстанады. 1972 жылғы «Француз тілін байыту туралы» декрет бойынша жаңа ғылыми реалийлер үшін ағылшын тілді терминдердің орнына француз терминологиясын әзірлеуге бағытталған министрліктің терминологиялық комиссиялары құрылды. «Ресми газетте» («Journal officiel») бекітілген (қолдану үшін міндетті) және бекітуге ұсынылған сөздердің тізімі тұрақты түрде жарияланып отырады: software сөзінің орнына logiciel («бағдарламалық қамтамасыз ету») термині, hit-parade орнына – palmarès («хит-парад»), doping орнына – dopage («допинг»), engineering («кұрылыс», «инженерия»), crédit-bail орнына leasing («лизинг»). Алайда белгілі бір қайшылықтар да бар: мәселен, егер француз нормасында management («менеджмент») және parking («стоянка») терминдері қолданылса, квебек нормасы бойынша олар gestion и parc de stationnement сөздеріне ауыстырылады. Квебек нормасының француз нормасына әсер ететін қызғылықты жағдайлар сирек те болса кездеседі. Мысалы, телескопқа қатысты courriel COURRIer және Électronique –

(«электрондық почта») сөзі алдымен Квебекте пайда болып, mail ағылшын терминінің баламасы ретінде, кейіннен француз әдеби тіліне енді.

Ресейде терминтану мектебі практикалық қызметтің: лексикографиялық, терминологиялық қызмет, терминдер мен терминдік жүйені біріздендіру бағыттарын жан-жақты дамытуда.

Ресейде терминологиялық қызметпен түрлі органдар айналысады. Мәскеуде терминологияны стандарттау мәселелеріне жауапты, сондай-ақ «Ғылыми-техникалық терминология» журналын шығаратын Стандарттау және сапа жөніндегі кешенді ақпарат ғылыми зерттеу институты (ВНИИКИ), нақты және техникалық ғылымдар саласы терминологиясын реттеу жөніндегі жұмыстарға басшылық жасайтын РФА Ғылыми-техникалық терминология комитеті (КНТТ РАН), «Орыс тілі» баспасы және арнайы сөздіктер шығарумен айналысатын басқа да баспалар, медициналық терминдер қорын жасап, медициналық терминологиялық сөздіктер мен анықтамалықтар шығаратын «Медициналық энциклопедия» ғылыми-өндірістік бірлестігі, тағы да басқа қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді. Терминологиялық деректер қорын жасау және терминологиялық сөздіктер шығару бойынша қомақты жұмыстар Санкт-Петербург университетінде, Омбы терминологиялық орталығында да жүргізіледі. Сол сияқты, Нижегород университеті «Термин және сөз» мәселесі бойынша ғылыми еңбектер жинағын жүйелі түрде шығарып тұрады. Бұған қоса, ғылыми-техникалық терминологияның әдіснамалық мәселелері жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін семинар, медициналық және т.б. терминология мәселелері жөніндегі семинарлар үздіксіз жұмыс істейді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңістігінде де терминология мәселесі бойынша жетістіктер бар. Украинада Ғылым Академиясы жанындағы Ғылыми терминология комитеті тұрақты түрде жұмыс істеп келді, түрлі университеттерде осы саланың ірі мамандары еңбек етеді. Латвия Ғылым Академиясының Ғылыми терминологиялық комитеті латыш терминологиясын реттеу жұмыстарымен жүйелі түрде айналысып, терминдер жинақтарын латыш, неміс, ағылшын, орыс тілдерінде шығарумен тұрақты түрде айналысады.

Халықаралық ұйымдарға келсек, Вена қаласында орналасқан «Терминология жөнінде ақпарат халықаралық орталығын», Варшава қаласында орналасқан Neoterm1 журналын шығаратын Терминологиялық неологизмдерді біріздендіру жөніндегі халықаралық ұйымды атауға болады.

Ал халықаралық терминологиялық стандарттарды әзірлеу Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ИСО), Халықаралық электртехникалық комиссияның міндетіне кіреді.

Қазақ ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру, жаңғырту және

біріздендіру жұмыстарына әлемде қалыптасқан терминология саласының ғылыми және практикалық жетістіктері, тәжірибелері мен ғылыми алғышарттары негіз болады десек, еліміздегі терминологиялық жұмыстарды ғылыми тұрғыдан негіздеу, сондай-ақ ғылыми атауларды ұлт тілінде қалыптастыру мамандардың, жалпы қоғам алдына жаңа міндеттер жүктейді.

Ұлттық заңнама терминологиясында шешілмей жүрген бірқатар өзекті проблемалар бар. Оның біріншісі – нормативтік-құқықтық актілердегі атау сөздердің, терминдердің бірізділігі проблемасы. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының орыс тілінде әзірленуі, жалпы алғанда заңнама тілінің, оның терминологиясының орыс тіліндегі нұсқаға байланып қалуы ұлттық заңнаманың тілі мен терминдеріндегі бірізділіктің сақталмауына себеп болып отыр. Бір-бірімен тығыз байланысты ұғым атауларын терминологиядағы жүйелілікті сақтамай аудару да термин қалыптастырудағы жиі кездесетін кемшіліктердің бірі. Мәселен, қолданыстағы заңнама тіліндегі «идентификациялау» – сәйкестендіру, бірдейлендіру мысалын келтіруге болады. «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында: «бизнес-сәйкестендіру нөмірі» (бизнес-идентификационный номер), «жеке сәйкестендіру нөмірі» (индивидуальный идентификационный номер), «сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру» (формирование идентификационного номера), «сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері» (национальные реестры идентификационных номеров), құжаттарда сәйкестендіру нөмірлерін көрсеткен кезде: «ЖСН» (ИИН) – жеке сәйкестендіру нөмірі үшін; «БСН» (БИН) – бизнес-сәйкестендіру нөмірі үшін ресми қысқарту ретінде алынған². «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 мамырдағы N 406 қаулысымен бекітілген Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру ережесі³, Жеке және заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің), сондай-ақ дара кәсіпкерлердің сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және бұрын берілген құжаттарын қайта ресімдеу үшін өтініш жасау ережесі⁴ 2007 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіліп, «жеке сәйкестендіру нөмірі», «бизнес-сәйкестендіру нөмірі» болып қолданылып жүр. Ал Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік тер-

² Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>.

³ «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22 мамырдағы N 406 қаулысымен бекітілген Сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру ережесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>.

⁴ Жеке және заңды тұлғалардың (филиалдар мен өкілдіктердің), сондай-ақ дара кәсіпкерлердің сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және бұрын берілген құжаттарын қайта ресімдеу үшін өтініш жасау ережесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>.

минология комиссиясы 2014 жылғы отырыстарында «идентификациялау» нұсқасын бекітсе, ал 2020 жылы «сәйкестендіру» нұсқасын бекітіп, осылайша қолданылып жүр.

Сол сияқты орыс тіліндегі сөз алды қосымшаларымен келетін сөздерді аудару кезінде де бірізділік сақталмай жатады. СО- префиксі зат есімдермен тіркесіп келіп, бір нәрсеге бірге қатысу немесе бір нәрсеге ортақ иелік ету мағыналарын береді (соавтор, соарендатор, собеседник, совладелец, соратник, сожитель, сокамерник, сокурсник, сопредседатель). Етістіктермен тіркесіп келіп, уәжделетін сөздегі әрекетті бірлесіп жасау немесе бірлесіп орындау мағынасы беретін (сонаследовать, сопереживать, сосуществовать, соучаствовать) сөзжасамдық бірлік [1; 389]. Ал атаулық тіркестестерде бірге, бір нәрсемен бірге, ортақ, бір мезгілде, қатар мәнін білдіретіндігі белгілі.

Қазақ тіліндегі аталған тілдік құралдың білдіретін мағынасы жайында терминтанушы-ғалым Ш.Құрманбайұлы: «со- терминдік элементімен келетін терминдер тізбегін, мысалы, совместитель – қоса атқарушы, со-владелец – ортақ иеленуші, сопредседатель – тең төраға, содокладчик – қосымша баяндамашы, соаренда – қосарлас жалгерлік, соисполнитель – бірлесе орындаушы, соавтор – бірлескен автор, тете автор, телтуындыгер терминдері сөзімізге дәлел бола алады. Осы мысалдан орыс тіліндегі бір ғана со- сөз алды қосымшалы сөздердің тіліміздегі ортақ, тең, қосымша, қосарлас, бірлесе, бірлескен, тете, тел сияқты сөздермен беріліп жүргенін көруге болады. Ең дұрысы осы сөз алды қосымшалы терминдерді түрлі анықтауыштарды қосып шұбыртпай тілімізде біршама орныққан современник – замандас, сообщник – сыбайлас, содолжник – борыштас, соотечественник – отандас, соединение – қосылыс, сослуживец – қызметтес, сопредельный – шектес, іргелес немесе ортақ етіске зат есім тудыратын -лық/-лік (-дық/-дік, -тық/-тік) жұрнағы жалғану арқылы жасалған содружество – достастық, сообщество – қоғамдастық, соперничество – бәсекелестік сияқты сөзжасам үлгісімен жасалған сөздер тәрізді ықшам үлгілермен, бір-екі модельмен ғана жүйелеп берген жөн деп білеміз. Бұл терминдердің ықшамдылығы, тұлғаластығы, жүйелілігі және сөз тудырумен қолдануға қолайлылығы сынды талаптарына жауап берген болар еді», – деген тұжырым жасайды [2; 105].

Заңнама мәтіндерінде со- терминдік элементімен келетін терминдер тізбегінің қолданылуында екіұдайылық, бірізді болмау сияқты тәжірибе орын алғандығын төмендегі мысалдардан-ақ байқауға болады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылы туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011

жылғы 29 наурыздағы Заңында⁵, Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 мамырдағы Заңында⁶: қатысу – участие, бірге қатысу – соучастие деп берілсе, ал Шанхай ынтымақтастық ұйымының терроризмге қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 10 қаңтардағы Заңында⁷ және Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Кодексінде⁸ бірлесіп қатысу деп алынған.

2000 жылы шыққан 31 томдық сөздіктің “Юриспруденция – Заңтану” сөздігінің 322-бетінде «соучастие» деген сөз «қатысу» деп аударылған [3; 103]. Ал «қатысу» дегеніміз «участие». Сонда «участиенің» «соучастиеден» айырмашылығы болмағаны ма деген заңды сұрақ туады.

«Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартын ратификациялау туралы» 2012 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабында: «Шарт жасасу немесе біріктіру нәтижесінде барлық ортақ иеленушілер емес, біреуі немесе бірнешеуі өзгерген жағдайда, кез келген Уағдаласушы тарап өзгеруге қатысы жоқ кез келген ортақ иеленуші өзі қол қойған құжатта иеленушіні өзгертуге нақты келісім білдіруін талап ете алады⁹.

Ал «Патент құқығы туралы шартты ратификациялау туралы» 2011 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында: «Уағдаласушы тарап, егер лицензия еркін жасалған келісімнің нәтижесі болып табылса, осы келісімнің қатысушысы болып табылмайтын кез келген өтінім беруші, иеленуші, айрықша лицензияның лицензиаты, тең өтінім беруші, тең иеленуші немесе айрықша лицензияның тең лицензиаты ведомствоға ұсынылған хабарламаға осы келісім туралы жазбаны енгізуге келісім беруін талап ете алады¹⁰. Бұл тәжірибеден орыс тіліндегі «созаявитель», «совладелец», «солицензиат» сөздерінің дәл аударылып, ұтымды қолданылғанын көреміз.

⁵ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылы туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 29 наурыздағы Заңы / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000422>

⁶ Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алып қою және тәркілеу туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 2 мамырдағы Заңы / <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/ddt=2011-05-02&fulltext>

⁷ Шанхай ынтымақтастық ұйымының терроризмге қарсы конвенциясын ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 10 қаңтардағы Заңы / <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/ddt>

⁸ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Кодексі / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

⁹ Тауар таңбалары жөніндегі заңдар туралы Сингапур шартын ратификациялау туралы» 2012 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000010>

¹⁰ Патент құқығы туралы шартты ратификациялау туралы 2011 жылғы 2 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

Заңнама терминологиясы мәселелерін шешу термин құрылымы мен құрамы, заңнама терминологиясын қалыптастыру негіздері, семантикалық баламалылық, жүйелілік, тілдік жағынан дұрыстығы тәрізді мәселелер кешенді зерттеуді талап етеді. Ал қазіргі тәжірибеде құқық салаларының ұғымдық аппаратының тұтас құрылымын құрудың орнына қандай да бір нормативтік актіде тіркелетін жекелеген элементтерін қарастырудан әрі шыға алмай отыр. Сонымен қатар заң жобаларын әзірлеуге түрлі ведомстволардың қатысуы салалық және салаларалық нормативтік актілердегі терминологиялық лексиканың бірізділігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мәселесін қиындата түседі. Заң ұғымдары заңгерлер арасында қалыптасатындықтан, олар қашанда кәсіби құқық тілінің нысаны болып қала бермек. Алайда терминдердің табиғи тілдік құралдар арқылы жасалатындығын ескерсек, бұл лингвистердің де заңды еншісі болып табылады. Заң терминдерінің мұндай объективті мән-маңызын ескере отырып, жеке-жеке бөліп қарастыру тәжірибесінен гөрі, заңнама терминологиясының айқын да реттелген құрылымын жасау үшін заңгерлер мен лингвистердің алға қойылған міндеттерді бірлесе отырып, кешенді түрде зерттеу жұмыстарын жүргізгенде ғана нақты нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А. И. Кузнецова и Т. Ф. Ефремова Словарь морфем русского языка. – М.: Русский язык, 1986.
2. Ш. Құрманбайұлы. Терминтану (оқу құралы) Астана, 2009. – 160 б.
3. «Юриспруденция – Заңтану» 31 томдық сөздік. Астана, 2000. – 438 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Кенжебаева Гүлдарига Мерекебайқызы

*Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,
Астана қ., dariga_64.09@mail.ru*

Қазақ тілі оқулықтарындағы терминдердің қолданылуы деген мәселе көтерілгенде көкейде бірден бірнеше сұрақ туындайды. Олар:

1. Мектеп бағдарламасында термин сөздердің оқытылу жайы, қай сыныптарда, қандай дәрежеде?
2. Қазақ тілі оқулықтарындағы термин сөздердің қолданылуы, қандай да бір қиындықтар бар ма?

3. Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде танылуындағы термин сөздердің рөлі, әсері қаншалықты?

Бұл сұрақтарға тоқталмас бұрын қазақ тіл біліміндегі термин мәселесінің даму тарихына аздап шолу жасай кетейік.

Қазақ тіл біліміндегі терминология ғылымының дамуы жиырма-сыншы ғасырдың 30-жылдарынан басталды. Ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Сол 30-жылдарға дейінгі жиырма жылдай уақытты қамтитын алаш оқығандарының терминологияны дамытуда ұстанған бағыт-бағдары басқа арнаға бұрылды. Ендігі жерде кеңес одағы халықтарына ортақ жалпыкеңестік терминологиялық қор құру мақсаты қойылды. Одақты құрайтын барлық ұлттық республикалар орыс тілінің терминологиясын үлгі ете отырып, ұлтаралық тіл мәртебесіне ие осы тілмен ортақтығы мол терминологиялық қор қалыптастыру көзделді. Терминологияның халықаралық сипатын арттыруға баса мән берілді», – деп сол кездегі біздің ұлттық құндылықтарымыздың қысымға түсе бастағаны, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялыларының қиындыққа тап болғанын көрсетеді [1].

Бұл кезеңде терминологиялық сөздіктер, термин мәселелері жөніндегі алғашқы мақалалар жарық көре бастады. Осы кезеңде термин жасау ісімен қазақ зиялылары: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлы, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Аманжолов сияқты т.б. көптеген ғалымдар айналысып, зерттеулер жүргізді.

Қазақ тіліндегі термин жасаудың үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми терминологияны қалыптастырудағы қосқан үлесі зор. Алғашқы сауат ашу құралы ретінде жазған «Оқу құралында», сонымен қатар, «Әліп-би» мен «Тіл – құрал» еңбегінде қазақ тіл біліміндегі басты, негізгі терминдерді жасады. Ғалым тілді жұмсай білу, сөзден сөз жасап шығару екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс екендігін тілге тиек еткен. Ғалымның аталмыш еңбектерінің өзінде қазіргі кезге дейін қолданылып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, шылау, жалғау, жұрнақ, т.б терминдерді жолықтыруға болады. Осы жерде айта кететін жайт – ғалым тек қазақ тіл біліміне тән термин атауларын емес, барлық ғылым салаларына тән терминдер жүйесін жасаған. Әдебиетші ғалым Р.Нұрғали Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегі жөнінде: «...қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған», – деген пікір айтады.

Ахмет Байтұрсынұлының термин жасаудағы басты ұстанымдары:

1. Терминнің түсініктілігі;

2. Терминнің ана тілі негізінде жасалуы;

3. Көпшілік түсінбейтін, бірақ қолданыста бар арабша, парсыша терминдерді қолданыстан тыс шығару;

4. Қажеті мол жағдайда жат тілдің терминін де қолдану (Еуропа және араб, парсы тілдерінен) [2].

Сол сияқты ғалым Ө.Айтбаев «Қазақ сөзі» атты зерттеуінде А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегін зерделей отырып: «А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер жүйесі, бір қарағанда оп-оңай болып көрінгенмен, ол – өте күрделі де терең ізденістер нәтижесінде пайда болған ғылыми туынды», – дей отырып, А.Байтұрсынұлы жасаған термин сөздердің басты ерекшеліктерін саралай келе, ол терминдерге тән нәрселер ретінде мыналарды көрсетеді:

- анықталатын ұғымның дәлдігі;
- таңбаланған атаудың қазақилығы;
- терминнің жалқылық сипатының болуы;
- терминнің нақтылығы [3].

Алаш қайраткерлерінің бірі ғалым Х.Досмұхамедұлы 1923 жылғы мақаласында өзге тілден енген термин сөздерді қабылдағанда ұлт тілінің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріп алу қажеттігі жайында айта келіп, мынадай тұжырым айтады: «Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады», – деген пікірі күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ.

Қазақ тіліндегі аталмыш ғалымдармен қоса қазақ терминологиясының мәселелерімен айналысып, терминжасам мәселелеріне өзіндік үлес қосқан ұлт зиялысы – М.Әуезов. М.Әуезовтің терминжасам мәселесімен айналысқанын көрсететін бірден-бір еңбектері – «Ғылым тілі» (1917) және «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалалары. Аталмыш мақалаларында ғалым қоғам дамыған сайын күннен-күнге мұқтаждарының көбейетіндігін айта келіп, қазіргі күнгі халық мұқтажы ғылым тілі екендігін тілге тиек етеді. Бұл мақалаларында ғалым ғылым тілін қазақша жасау мәселелерін көтере отырып, халық рухы біріксе, саясат сол халық рухына қарай бет алар болса, ғылым тілі еш уақытта өзге арнаға бұрылмайтындығын ұғынуымыз керектігін айтады.

Терминдер жөнінде зерттеу жүргізген ғалымдардың бірі – Әбдуәли Қайдар. Ғалымның «Казахская терминология», «Ғылым тілі және әдебиет тіл статусы», «Терминология көкжиегі» атты мақалалары осы термин мәселесіне арналады. Терминологияның қалыптасуы жөнінде сөз ете отырып, ғалым мынадай тұжырым жасайды: «Ана тіліміздің тағдыры, оны

жан-жақты дамытудың бір тетігі, демек, ғылым тіліне де байланысты – ғылым тілін зерттеу жұмысына мән беретін уақыт жеткен сияқты. Ғылым тілі тұрғысынан алып қарағанда түркі тілдерінің тағдыры ортақ. Олардың бүгінгі күндегі даму заңдылығы мен ерекшеліктері түркологтардың назарынан тыс қалмауы керек», – деп, терминологияны жалпы түркі тілдеріне ортақтау жөнінде жаңа, тың пікір ұсынады [4].

Терминжасам тәсілдері жайында профессор Ш. Құрманбайұлы: «Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы етістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық етістік. Етістіктің бұл түрі арқылы жасалған терминдерді арнаулы салалардың барлығынан дерлік табуға болады. Мысалы, тіл білімінде – жіктеу, септеу, қиысу, қабысу, матасу, меңгеру, үстеу, жалғау т.б.; әдебиеттануда – шендестіру, әсірелеу, дамыту, теңеу, суреттеу, толғау т.б., Терминологияда сын есімдердің де өзіндік орны бар. Сын есімдер негізінен тіркесті терминдердің құрамында кездеседі. Мысалы, жай сөйлем (тіл білімі), кара өлең (әдебиеттану), сары дақ (физиология), ащы ішек (медицина) Терминологияда сын есімнің зат есім сияқты дербес ешбір сөзбен тіркеспей терминденуі де ұшырасады. Мәселен, сезікті (подозреваемый) деп, заң ғылымында – «қылмыс істеді деген күдікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адамды» айтады», - деп терминдердің әр саладағы қолданысына тоқталады. [5, 158-161 бб.].

Мектеп оқулықтарындағы терминдердің қолданылуын айтпас бұрын, осы қазақ тілінің ғылым тілі ретіндегі рөлінің қаншалық күйде екендігін ғалымдардың пайымдаулары, пікірлері арқылы саралайық.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы: «Тілдің өміршеңдігінің басты кепілі – оның ғылым тіліне айналуы. Ғылым тілінің тірегі – терминология. Ұлттық терминология өркендемей, ұлт тілінің де өрісінің кеңейе қоюы неғайбыл» деген ой айта келе, ғылыми зерттеулерді қазақ тілінде жүргізуді міндеттейтін, ынталандыратын шаралар кешенін қолға алу, шет тіліндегі терминдерді қазақ тіліне аудару мәселесіне де тоқталды.

Профессор Ерден Қажыбек еліміздің жоғары оқу орындарындағы магистратура мен докторантурада оқитын жас ғалымдар үшін мемлекеттік пәндер классификаторына қазақ тілінің он шақты саласын енгізу қажеттігін айтады. Ғалым: «Бүгінде тамыры тереңге кететін ұлттық терминологияның, жер-су және кісі аттарының, медиа (БАҚ, ТВ, кино) тілі, әлеуметтік лингвистика, сөз шеберлігі және басқа көптеген мемлекеттік тілді дамыту мәселелері маңызды сала ретінде мемлекеттік классификаторға мүлде ілінбей отырғаны – елдігімізге сын. Терминология дамымай, ана тілінің, қазақ тілінің әр тармағы жеке пән ретінде сараланбай, мемлекеттік тіл өркендемейді», дейді.

Лингвист ғалым Жамал Айтқалиқызы Манкеева: «Қазақ тіл білімінің негізін салушылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов атап көрсеткендей, тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, оның танымдық құрал ретіндегі қызметіне де айрықша назар аударуымыз қажет» дей келе, «Адамтанымдық үрдіс тілді ұлттың болмысын, болашағын, кешегісін тану мәселесімен қоса қарастырады. Осы орайда қазақ тілі білімінің негізін салған А.Байтұрсынұлының «Қазақ тілінің барлық мүмкіншілігін сарқа пайдалану керек. Ол болмаған кезде барып басқа тілден кірме сөздер алынғаны жөн» деген тұжырымын, сонымен қатар академик Әбдуәли Қайдардың «Тілші ғалым тамыршы сияқты болуы керек, сонда ғана тілдің терең мазмұнындағы ұғымдарды танимыз» деген қағидасын ғалымдар басты назарда ұстап келеді»,– деп дәлелдер келтіреді⁷

Филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдеринава барлық мамандықтың ғылыми-зерттеу саласы, соған бағыттайтын жолы ретінде магистратурада қазақ тілін оқытуға байланысты пікірін былайша өрбітеді: «Еліміздегі жоғары оқу орындарындағы магистратуралар екі бөлім (қазақ-орыс, қазақ-ағылшын) немесе бір бөлім түрінде оқытылады. Алайда, ғылым тілі ретінде қазақ тілі гуманитарлық салада қолданыста болғанымен, информатика, биология, медицина, химия, т.б. салаларда қолданылмайды. Яғни, бұл салаларда аты бар, заты жоқ қазақ тілін қолданады. Қазақ бөлімдеріндегі ғылыми жұмыстарда терминдер біркелкі қолданылмай, стилінің аударма немесе калька түрінде жазылуы қалыпты жағдайға айналған. Кейде зерттеу жұмысының мазмұнын түсіну қиын. Себебі жаратылыстану ғылымдары қазақ тілінде зерттелмейді. Мамандар қазақ тілінде ойланбайды. Ойланғанның өзінде, оны жеткізуде орыс тілінен аударып жеткізеді немесе жарымжан аудармасы мен стилі қазақ тіліндегі диссертацияға жарай береді деген түсінік қалыптасқан. Аударма сипатындағы қазақ тіліндегі зерттеулерді оқып түсіну мүмкін емес. Мұны тоқтату үшін филологиядан басқа мамандықтардың магистратурасында «Ғылыми қазақ тілі» пәнін енгізу қажет. Пән міндетті түрде екі немесе үш кредит оқытылып, бағдар-ламаға саланың бекітілген және нормаға айналған терминдері, ғылыми стильдің сөз саптауы мен жүйесі, құрылымы, сөз тіркесі синтаксисі енгізілуі қажет. Ауызша ғылыми сөз бен жазба сөздің жүйелілігі, мәтін логикасы мен құрылымы қарастырылса, жаратылыстану ғылымдары, тіпті туризм мен география саласы да қазақ тіліне жақындай түскен болар еді»,– деп қазақ тілін ғылым тіліне аударудың нақты бір жолын көрсетеді.

Жоғарыда айтылған «Қазақ тілі оқулықтарындағы термин сөздердің қолданылуы, қандай да бір қиындықтар бар ма?» деген мәселелерді көтеру ба-рысында жаңартылған білім бағдарламасы бойынша дайындалған оқулық-

тардағы берілген терминдер жөнінде мектеп мұғалімдерінің пікірін тыңдап саралай келе, бірнеше проблемалық мәселелерге тоқталмақпыз.

1. Қазақ тілі оқулығында басқа ғылымның, нақты айтқанда жаратылыстану ғылымдарының терминдері тым көп. Қазақ тілінің терминдері шет қалып жатыр. Қазақ тілі тек тіл үйренушілерге жалпы салада мағлұмат беретін құрал ретінде басқа ғылымның терминдеріне толып қалған. Оның орнына қазақ тіл білімінің терминдері енгізілсе дұрыс болар еді. Тіл білімінің терминологиясы жүйелі түрде меңгертілсе, білім алушылар грамматикалық норманы игереді, сауаттылығы да артады. Бұл мәселе барлық сыныптың оқулықтарында кездеседі.

2. 9-сынып «Арман- ПВ» баспасы 42- бетте «Ресми іскерлік стильге» берілген түсінікте «аббревиатура» термині беріледі. Ал «Қысқарған сөздер» тақырыбы өтілгенде, бұл термин қолданылмайды. Сондықтан «Қысқарған сөздер» деп оқушыға түсінікті терминмен берілсе. Терминдерді қолдануда бірізділік болып, бір сөздің бір ғана баламасы ұсынылса, ал аударуға келмейтін халықаралық терминдер сол күйінде қолданылса дұрыс болар еді.

3. 1-сынып оқушыларына «Фольклор», «Инфографика» деген терминдер ауыр келеді. Оқулықтарға терминдер жас ерекшелігіне сай енгізілсе.

4. 10-сыныптың қазақ тілі оқулығында тілдік бағдарда «Сөзжасамдық тәсілдер» деп берген де астына схемамен синтетикалық (сөз тудырушы), аналитикалық (күрделі сөздер), лексика-семантикалық (заттанған сөздер) деп үш тармақшаға бөліп қойған. Тапсырмалар осы ғылыми тілмен берілген. Оның орнына оқушыларға сөз тудырушы жұрнақ арқылы жасалған сөздерді тап, күрделі сөздерді анықта деп берілсе дұрыс болар еді.

5. Барлық сыныптарда терминдер бірізділікпен, жүйелі түрде берілсе. Тіл білімі терминдері рет-ретімен қарастырылса. Мысалы: 5-сыныптағы «Қазақ тілінің» 61-бетінде «Көп мағыналы сөздер» мен «Омоним» сөздерді қатар берген. Бір қарағанда бұлар бір-біріне ұқсас сияқты көрінеді. Бірақ беретін мағынасы, табиғаты әр басқа. Сыртқы тұлғасы ұқсас сияқты көрінгендіктен бұл терминдерді меңгеруде оқушылар шатасып, қабылдай алмай жатады. Мұндай қиындық келтіретін түрлі терминді қатар беру дұрыс емес. «Синоним, Антоним, Омонимдерді» жеке беріп, «Көп мағыналы сөздерді» жеке берген дұрыс. Осы сияқты 5-сыныпта 71-бетінде лексикология саласын оқып отырып, морфологияға ауысып кетеміз. Бірден «Туынды сөздер» туралы тақырып басталып кетеді. Тіл білімінің әр саласы араласып жүргендіктен, әрине терминдері де араласады. Бұл да баланың термин сөздерді түсініп, есте сақтауына, қабылдауына біршама қиындық келтіреді.

6.11-сыныптың («Мектеп» баспасы 2020 ж.) қазақ тілі оқулығында Орфография мен Орфоэпия, Стиль және Шешендік сөздерге қатысты термин-

дер жүйелі түрде берілмеген. «Грамматикалық материал», «Есте сақта» деп әр жерден үзіп беріледі де, нақтылық жоқ. Гапология, элизия секілді ауызекі сөйлеу стиліне қатысты терминдер публицистикалық стиль тақырыбына берілген тапсырмалар ішінде тұр. Бірақ сабақ барысында бұл терминдерге қатысты тапсырмалар пысықталмай қалып кетеді.

Жалпы негізінде мектеп бағдарламасында меңгерілуге тиіс білімнің терминдері бірізді, қалыпқа түскен, жүйелі терминдер. Әрине, бірлі-жарым кейде жарыса қолданылып қалатындары да кездеседі. Мысалы: «аббревиатура», «қысқарған сөз»» деген сияқты жарыса қолданылып қалатын жағдайлар да кездеседі. Дегенмен «Қазақ тілі» оқулықтарындағы терминдер жүйесі қалыптасқан. Ал сонда проблема тудырып отырған не нәрсе? Ол жаңағы жоғарыда мысалдар келтіре отырып көрсеткеніміздей жаңартылған оқу бағдарламасындағы грамматикалық жүйенің сақталмауынан оқулықта тіл білімі терминдерінің баланың жас ерекшелігін ескермей, жүйесіз түрде берілуі дер едік.

Бұл тығырықтан қалай шығамыз. 2021 жылдың 21-желтоқсанында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің «Қазақ тілі мен әдебиеті: оқыту мәселелері және жаңа көзқарас» тақырыбында съезі өтті. Осы съезде республиканың он жеті аймағынан жиналған педагогтердің ұсыныстарын тыңдай отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағанбетов бірнеше тапсырмалар берді. Осылардың ішіндегі бүгінгі күнгі көтеріліп отырған мәселеге қатыстысы мектептегі оқу бағдарламалары мен оқулықтардың жайы. Олар:

1) «Қазақ тілі» пәнін оқытуда функционалдық-коммуникативтік дағдыларды дамытумен қатар грамматика жетілдірілсін;

2) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары жетілдірілсін (*жас ерекшеліктері, оқу мақсаттары, оқытылатын шығармалар, грамматиканы жүйелеу*);

3) тиісті мамандық пәндерін оқытатын білім беру бағдарламалары қайта сараптамадан өткізілсін.

Міне, білім министрі беріп отырған бұл тапсырмалардың талапқа сай орындалуы біздің бүгінгі проблемаларымыздың шешімі демекпіз.

Қорыта келе, қазақ тілінде термин жасау, жасалған терминдерді қалыптастыру, оларды оқулыққа енгізу мәселесі – қадағалап отыруды қажет етеді. Олай болмаған жағдайда термин жасаудағы реттілік пен жүйеліліктің бұзылары анық.

Қазіргі ұлт тілінде терминжасам мәселелері жан-жақты зерттеліп жанданып отыр. Көптеген жаңа терминдер жасалып, қолданысқа көше бастады. Бұл – ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметінің бір көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: Сардар, 2014. – 928+16 жапсырма бет.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектер). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
4. Әбдуәли Қайдар. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ақтанова Айман Советқызы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының зертхана меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты

Ақылбекова Гүлжан Кәрімқызы, ҚР Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Алишабаева Әйгерім Бақытжанқызы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты

Әшімбаева Нағима Масимакуновна, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Әбдікәрім Нұрзия Әбдікәрімқызы, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Баекеева Айнұр Толыбайқызы, М.С. Нәрікбаев атындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің оқытушы-профессоры, философия докторы (PhD)

Жакыпжанова Асель Сериковна, Орал қаласының физика-математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі

Жөнкешов Бауыржан Сейсенбекұлы, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Жобаларды басқару институты, Қазақ және орыс тілдері кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Жұбай Орынай Сағынғалиқызы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық зерттеу университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Искаков Бауыржан Мұратбекұлы, «Тұран-Астана» университетінің қауымдастырылған профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты

Кенжебаева Гүлдарига Мерекебайқызы, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты

Қожахметова Гүлсара Амангельдіқызы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы

Құлманов Сәрсенбай Қуантайұлы, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Терминология орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты

Мақай Әлия Еркінқызы, «Тұран-Астана» университетінің «Аударма ісі» мамандығының студенті

Мунбаев Сакен Ханатович, Орал қаласының физика-математикалық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі

Мұратова Алтын Наурызбайқызы, «Тұран-Астана» университетінің аға оқытушысы, филология ғылымдарының магистрі

Мырзаханова Айнұр Темірболатқызы, Қарағанды индустриялық университетінің аға оқытушысы

Рсалиева Нұрсауле Мақсұтқызы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

Төлеубаева Ақнур Мұхитқызы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің доценті, PhD докторы

Төлегенов Мұхит Жылқайдарұлы, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Теология факультеті деканының орынбасары, аға оқытушысы, PhD докторы

Түрікпенова Айгүл Жұманқызы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің аға оқытушысы, PhD докторы

Ысқақ Бақытгүл Дәуітбекқызы, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Терминология басқармасының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Қаба Ә.К. Құттықтау сөз.....	5
Жұбай О.С. А. Байтұрсынұлының шеттілдік атауларды бейімдеуге қатысты ұстанымдары.....	6
Әшімбаева Н.М. Шеттілдік терминжасам модельдерінің қазақ тіліндегі баламалары.....	19
Төлегенов М.Ж. Терминдерді аударудағы Түркия елінің тәжірибесі: өткені және бүгіні.....	26
Рсашиева Н.М. Ағылшын тілінен аудару барысында терминдерді игеру мәселесі.....	34
Искаков Б.М. Баспазөз беттеріндегі экономикалық аударма терминдердің қолдану ерекшелігі.....	41
Түрікпенова А.Ж. Лингвистикалық терминдерді түрік тіліне аударудағы терминдік элементтердің семантикалық сипаты.....	45
Жөнкешов Б.С. Ғылыми-техникалық терминдер және оларды жасауда қолданылатын аударма әдістері.....	50
Төлеубаева А.М. Ахмет Байтұрсынұлы аудармасының лингво-когнитивтік ерекшелігі.....	56
Әбдікәрім Н. Ғылыми журналдардағы мемлекеттік тілдің үлесі және терминдердің қолданысы.....	59
Қожахметова Г.А. Зергерлік сала лексикасының қайта жандануы және терминденуі.....	66
Мырзаханова А.Т. Некоторые особенности перевода терминов с русского на казахский язык.....	70
Баекеева А.Т. Көптілді терминологиялық базалар және цифрлы аударманың бүгіні мен болашағы.....	73
Жакыпжанова А.С., Мунбаев С.Х. Шеттілдік фильмдерді тәржімелеудің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	78
Мұратова А.Н., Махай А.Е. Заманауи технологиялар саласындағы шеттілдік терминдердің семантикалық ерекшеліктері мен қолданысы.....	82
Ысқақ Б.Д. Әлеуметтану саласы оқулықтары терминдерінің сандық, сапалық көрсеткіштері.....	86
Құлманов С.Қ., Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде).....	91

<i>Ақтанова А.С.</i> Әдебиет теориясы бойынша терминдердің аударылуы: ізденіс, тәжірибе.....	99
<i>Алшабаева Ә.Б.</i> Қазіргі қолданыстағы ағылшын тілінен енген терминдер сипаты.....	103
<i>Ақылбекова Г.К.</i> Құқықтық актілерде терминдердің қолданылуы.....	106
<i>Кенжебаева Г.М.</i> Қазақ тілі оқулықтарындағы терминдердің қолданылуы.....	111
Авторлар туралы мәлімет	119

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Мақаланың мазмұнына жауапкершілік
авторға немесе авторларға жүктеледі.

**«ШЕТТІЛДІК ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕРДІ АУДАРУ:
ТЕОРИЯСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖИНАҒЫ**

Корректорлары: **О. Мақсұт, А. Бодаубек**
Компьютерде беттеген: **С. Баубек**

Беттеуге берілген күні 18.11.2022 ж.
Электрондық нұсқаға қол қойылған күні 28.11.2022 ж.
Пішімі 70×100 $\frac{1}{16}$ Шартты баспа табағы 10.0